Заңсыз көшіп келушілер Қазақстан Республикасының шегінен тыс өздерінің шыққан мемлекетіне (шетелдік азаматтығын алған немесе азаматтығы жоқ адам тұрақты тұратын елге) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарып жіберілуге жатады. Шығарып жіберу туралы шешімді сот қабылдайды. Заңсыз көшіп келушілерді кідіртiп ұстауға және оларды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс шығарып жіберу үшін қажеттi мерзiмге iшкi iстер органдарының арнаулы мекемелерінде ұстауға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жол беріледі.

Шығарып жіберу бойынша шығыстарды шығарып жіберілетін заңсыз көшіп келушілер, заңсыз көшіп келушіні Қазақстан Республикасына шақырған жеке немесе заңды тұлғалар көтереді. Аталған адамдардың шығарып жі-

беру бойынша шығыстарды өтеуге қаражаты болмаған не жеткіліксіз болған жағдайларда, тиісті іс-шараларды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес келу құқығынсыз келген адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге осы адамдарды алып келген көлік ұйымы жауапты болып табылады. Заңсыз көші-қонға қарсы күресу процестеріне қарсы тұру және үдейту үшін қызуғышылық танытқан ҰҚКД, СІМ тағы басқа құзырлы органдармен және көршілес облыстардың ІІД-нің қызметтерімен бірлескен түрде жұмыстар тығыз байланыста жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта көші-қон, босқындар және адам сату бойынша туындайтын сұрақтарына байланысты ТМД елдерімен, кедендік одақтағы мемлекеттер арасында тығыз қарым-қатынаста нығайтылып, жұмыс атқарылуда.

Көші-қон үдерістері тұтастай алғанда Қазақстан Республикасының экономикасының дамуына жақсы да, жаман да әсерін тигізуі мүмкін. Дегенмен, жаман әсерлері басымырақ болады. Айталық, көші-қонның нәтижесінде Қазақстан экономикасына келген жалпы шығын ондаған миллиард АҚШ долларын құрап отыр. Көші-қонның нәтижесінде едәуір қаржылық шығындар, білікті жұмысшы күшінің азаюы және

соның салдарынан еңбек ресурстары сапасының төмендеуі, зияткерлік әлеуеттің шетелге кетуі, жаңа мамандарды дайындауға орасан зор шығынның кететіндігі Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігіне шынайы қатер төндіріп тұр. Дегенмен, экономиканың өркендеуі және елдің еңбек нарығындағы жағдайдың жақсаруы, жалпы алғанда, көші-қон үдерістерінің теріс салдарларын едәуір азайтады.

Қазақстан Республикасында сыртқы көші-қонды реттеу бойынша белгілі бір мемлекеттік саясат қалыптасты, бұл саясатты жүзеге асыру көші-қон саясатын құқықтық қамтамасыз ету -біріншіден, жалпы алғанда, елдің және оның азаматтарының қауіпсіздігі, сондай-ақ салық төлеушілердің жағдайының жақсаруының, экономиканың өркендеуінің маңызды факторларының бірі; екіншіден, сапалы иммиграцияның қолайлы шарттарын жасау екендігін дәлелдеп отыр.

Біздің пікірімізше, қазіргі қолданыстағы саясаттың сыртқы көші-қонды реттеу саласындағы теріс тұстардың бірі жеке мәселелерді, соның ішінде еңбек иммигранттарының, әсіресе заңсыз иммигранттардың құқықтарын сақтау мәселелерінің жеткіліксіз дайындалып шығуы болып отыр. Осы мәселенің оң шешімін табуы республикадағы демократияның жан-жақты дамуына ықпалын тигізері сөзсіз.

#### Әдебиеттер

- 1 Халықтың көші-қоны туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы
- 2 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. -Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. -344 бет.
- 3 Қазақстан Республикасының 1992 жылы 26 маусымда қабылданған «Көшіп келу туралы» заңы // Егемен Қазақстан, 1992. – 26 маусым.
- 4 Қазақстан Республикасының 1997 жылы 13 желтоқсанда қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» заңы // Егемен Қазақстан, 1997. – 13 желтоқсан.

#### References

- 1 Halyktyn koshi-kony turaly Kazakstan Respublikasynyn 2011 zhyly 22 shildedegi № 477-IV Zany
- 2 Biekenov K., Sadyrova M. Aleumettanudyn tusindirme sozdigi. -Almaty: Sozdik-Slovar', 2007. -344 bet.
- 3 Kazakstan Respublikasynyn 1992 zhyly 26 mausymda kabyldangan «Koship kelu turaly» zany // Egemen Kazakstan, 1992. – 26 mausym.
- 4 Kazakstan Respublikasynyn 1997 zhyly 13 zheltoksanda kabyldangan «Halyktyn koshi-kony turaly» zany // Egemen Kazakstan, 1997. – 13 zheltoksan.





Аратұлы К.  
**Сравнительный анализ  
уголовного законодательства  
зарубежных стран  
об ответственности  
за компьютерные  
преступления**

Информационные системы государств подвержены угрозе компьютерных атак, являющихся одним из методов террористической деятельности. Активизируется деятельность организованных транснациональных преступных групп в использовании современных информационно-коммуникационных технологий в криминальных целях.

Выполнена в рамках исследования 25/76ГФ4 «Уголовная политика Республики Казахстан в сфере обеспечения информационной безопасности и противодействия компьютерной преступности».

**Ключевые слова:** компьютерные преступления, анализ законодательств, уголовная ответственность, информационная безопасность.

---

Aratuly K.  
**Comparative analysis of the  
criminal legislation of foreign  
countries on responsibility for  
computer crimes**

Information systems of the states are subject to threat of the computer attacks which are one of methods of terrorist activity. Activity of organized transnational criminal groups in use of modern information and communication technologies in the criminal purposes is stirred up.

Article is executed within the research 25/76GF4 «Criminal policy of the Republic of Kazakhstan in the sphere of ensuring information security and counteraction of computer crimes».

**Key words:** computer crimes, analysis of criminal legislations, criminal liability, information security.

---

Аратұлы К.  
**Компьютерлік қылмыстар үшін  
жауапкершілік мәселесі  
жөнінде шет елдердің  
қылмыстық заңнамаларын  
салыстырмалы талдау**

Мемлекеттердің ақпараттық жүйелері террористік қылмыстарды жасаудың бір әдісі ретінде компьютерлік шабуылдар жасау қаупінің объектісі болып табылады. Қылмыстық мақсаттарда қазіргі заман жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ұлтаралық ұйымдасқан қылмыстық топтар жиі пайдалануда.

Мақала 25/76МҚ4 «Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және компьютерлік қылмыстылыққа қарсы тұру аясындағы Қазақстан Республикасының қылмыстық саясаты» зерттеуі аясында орындалған.

**Түйін сөздер:** компьютерлік қылмыстар, заңнамаларға талдау жүргізу, қылмыстық жауаптылық, ақпараттық қауіпсіздік.

**СРАВНИТЕЛЬНЫЙ  
АНАЛИЗ УГОЛОВНОГО  
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА  
ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН  
ОБ ОТВЕТСТВЕННОСТИ  
ЗА КОМПЬЮТЕРНЫЕ  
ПРЕСТУПЛЕНИЯ**

В Казахстане работу по выявлению, пресечению и раскрытию киберпреступлений, а также преступлений, совершаемых с использованием информационных технологий, осуществляет созданное в 2003 году в структуре МВД управление «К». Для системной борьбы с информационными преступлениями в 2006 году был создан Национальный контактный пункт по борьбе с преступлениями в сфере информационных технологий, который осуществляет постоянный обмен информацией со странами СНГ и дальнего зарубежья.

Квалифицированная кадровая обеспеченность сферы информационной безопасности является одним из основных факторов, влияющих на результативность борьбы с информационными правонарушениями. Требуется совершенствование процессов и подходов обучения, повышения квалификации специалистов, занятых в сфере обеспечения информационной безопасности и борьбы с киберпреступностью.

На эффективности противодействия информационной преступности сказывается несовершенство правового обеспечения информационной сферы во многих странах, в том числе и в Казахстане. Но за последние несколько лет Казахстан провел законодательную реформу в сфере урегулирования вопросов, связанных с информационными отношениями, особенно удачно и своевременно криминализованы деяния в Уголовный кодекс РК по ряду норм. Была выделена отдельная глава «Уголовные правонарушения в сфере информатизации и связи» состоящая из целых 9 отдельных статей от 205-ой по 213 ст.ст. включительно [1]. Хотя некоторые из них отдельно выделенные те же нормы, ранее кодифицированные в статью 227 УК РК 1997 года [2]. Но тем не менее небольшая модификация в составе этих норм произошла. К примеру, «Принуждение к передаче информации» название конечно же имеет неоднозначное понимание, но такие мелкие пробелы в законодательстве могут встречаться, хотя не должны, мы надеемся на ближайшие совершенствования и дополнения данной главы новыми, общественно необходимыми нормами. Ранее информационные преступления в Казахстане рассматривались в качестве и в составе экономических преступлений, аналогичная же проблема наблюдается и в уголовном законодательстве Узбекистана: состав преступ-

ления «Нарушение правил информатизации» (статья 174) отнесен к преступлениям против собственности и предусмотрен в главе «Хищение чужого имущества» УК Узбекистана [3]. По-разному пределяется родовый объект киберпреступлений в уголовном законодательстве стран СНГ и некоторых государств постсоветского пространства. В Уголовных кодексах России (глава 28, статьи 272-274), Азербайджана (глава 30, статьи 271-273), Кыргызстана (глава 28, статьи 289-291), Туркменистана (глава 33, статьи 333-335), Армении (Раздел 9. Глава 24, статьи 251-257) и Эстонии («Преступления в сфере компьютерной информации», статьи 268-274) в отдельных главах объединены нормы об уголовной ответственности за преступления в сфере компьютерной информации (безопасности компьютерной информации – УК Армении). Уголовное законодательство Республики Беларусь (Раздел XII. Глава 31, статьи 349-355) и Таджикистана (Раздел XII, статьи 298-304) предусматривают в качестве родового объекта киберпреступлений информационную безопасность, объединив общественно опасные деяния в главу (раздел) «Преступления против информационной безопасности». Возникают трудности в определении родового объекта киберпреступлений, подлежащих уголовно-правовой охране по УК Грузии (глава 35. «Компьютерные преступления», статьи 284-286) и Молдовы (глава «Преступления в сфере информатики», статьи 259-261). В УК Украины родовый объект определен как отношения в сфере использования ЭВМ (компьютеров), систем и компьютерных сетей и общественно опасные деяния объединены в разделе XVI. «Преступления в сфере использования ЭВМ (компьютеров), систем и компьютерных сетей» (ст.ст. 361-363, 361-1, 361-2, 361-3) [4]. Во многих европейских странах (Германия, Франция, Нидерланды, Италия и т.д.) законодательная база также разнородная, в УК Германии, к примеру есть статья по названию «Информационное мошенничество», то время как в соседней стране во Франции законодательством такое преступное деяние не предусмотрено. Анализ показывает, что национальное уголовное законодательство государств в сфере ответственности за киберпреступления характеризуется относительным разнообразием. Развитие и изменения национального законодательства по борьбе с киберпреступностью в вышеназванных государствах обусловлено появлением и тенденциями киберпреступности и при подробном анализе

обнаруживает лишь некоторые закономерности. Совершенствование информационных технологий и проникновение их во все большее количество сфер человеческой жизнедеятельности ведет к возникновению новых форм преступных посягательств и необходимостью выработки эффективных мер борьбы с ними, а это, в свою очередь, к криминализации новых деяний, внесению изменений в уже существующее уголовное законодательство и принятию новых норм. Бесспорно, что эффективное международное сотрудничество в борьбе с киберпреступностью невозможно, если в законодательстве одной страны деяние криминализировано, а в другой – уголовной ответственности не предусмотрено. Отсутствие единообразия в национальном уголовном законодательстве стран может негативно отразиться на развитии методов эффективной борьбы с киберпреступностью – явлением, для которого не существует государственных границ. Наличие глобальных информационных сетей стирает границы информационного пространства, а «виртуальные» границы между государствами легко пересекаются киберпреступниками, орудуящими в любом месте киберпространства, независимо от юрисдикции государств, имея компьютер и доступ в Интернет. Эффективное противостояние информационной преступности, учитывая ее трансграничный характер, невозможно, если расследование преступлений, выдача правонарушителей, их преследование в суде, затруднены или вообще неосуществимы из-за различия в национальном уголовном законодательстве стран. Фактически, эти различия ограждают киберпреступников от преследования, являясь своеобразным «барьером» для них, позволяют уйти от ответственности, оставляя безнаказанными их деяния. Вследствие этого государства, прилагающие усилия для защиты своих граждан от киберпреступников, тратят их впустую.

С другой стороны, из-за различий уголовно-правового регулирования отношений в сфере информационных технологий, лица, соблюдающие законы своего государства, могут подвергнуться уголовному преследованию в другом. Такая ситуация обосновывает потребность выработки международной стратегии борьбы с киберпреступлениями и унификации национальных законодательств в области уголовно-правового регулирования отношений в сфере информационных технологий.

Приходится признать то, что законодательное регулирование анализируемых отношений в

уголовно-правовой сфере отстает от стремительного развития компьютерных информационных технологий. Нынешнее состояние уголовного законодательства об ответственности за киберпреступления, с момента принятия, которого шел непрерывный, стремительный процесс информационного развития человечества, не полным образом отражает глобальных перемен в киберпространстве. Уголовное законодательство недостаточно эффективно регулирует отношения, складывающиеся при совершении информационных преступлений, вследствие чего не реализуются его охранительные и предупредительные функции. Уголовная ответственность в законодательстве Казахстана, как и в законодательстве некоторых государств СНГ, предусмотрена за компьютерные преступления, т.е. за преступления, которые совершаются в отношении компьютеров и компьютерной информации, при этом деяния, которые совершаются с их

использованием и посягают на другие объекты уголовно-правовой охраны, остаются вне сферы уголовной ответственности. В уголовном законодательстве Казахстана сегодня сложилась ситуация, когда отношения в сфере информационной безопасности требуют криминализации ряда современных общественно опасных деяний таких как «Информационное мошенничество», «Распространение СПАМа», «Информационный подлог», «Создание и распространение в сети информационный материал, пропагандирующий и обучающий людей терроризму и экстремизму», «Компьютерный саботаж» и многое другое, что является общественно опасным и отвечает нынешним требованиям информационных отношений в современных реалиях. Было бы эффективно использовать одни и те же правовые нормы при расследовании и раскрытии информационных правонарушений на отечественном и международном уровне.

#### Литература

- 1 Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями на 24.11.2015 г.)
- 2 Уголовный кодекс Республики Казахстан от 16 июля 1997 года № 167-I (утратил законную силу)
- 3 Уголовный кодекс Республики Узбекистан от 22 сентября 1994 года № 2012-XII. – [www.online.zakon.kz](http://www.online.zakon.kz)
- 4 Сборник УК стран СНГ. – [www.twirpx.com/law/criminal/foreign/codes/](http://www.twirpx.com/law/criminal/foreign/codes/)

#### References

- 1 The criminal code of the Republic of Kazakhstan of July 3, 2014 No. 226-V (with changes and additions on 11/24/2015)
- 2 The criminal code of the Republic of Kazakhstan of July 16, 1997 No. 167\_ (I have lost validity)
- 3 The criminal code of the Republic of Uzbekistan of September 22, 1994 No. 2012-X II. – [www.online.zakon.kz](http://www.online.zakon.kz)
- 4 Collection of CC of the UIS (Union of the independent states countries). – [www.twirpx.com/law/criminal/foreign/codes/](http://www.twirpx.com/law/criminal/foreign/codes/)

Әлімқұлов Е.Т.

**Басты сот талқылауы  
барысында прокурор мен  
қорғаушы-адвокаттың  
сот жарыссөзіне  
қатысу мәселелері**

Бұл мақалада автор басты сот талқылауы барысында прокурор мен қорғаушы-адвокаттың сот жарыссөзіне қатысу мәселелерінің ерекшеліктерін барынша ашуға тырысқан. Сот шешендігінің мақсаты – сот билігіндегі ұлттық сот төрелігі тілмарлығының жүйелі теориялық негізін жасап, оның төл қасиеттері мен міндеттерінің сот процесіне қажетті әлеуметтік құбылыс ретіндегі табиғатын ашу болып табылады. Қорғау тарабы мен айыптау тарабының сөз шешендігі өнерін иелену маңызды болып табылады. Бұл мақалада автор қылмыстық сот өндірісі барысында сот жарыссөзінің негізгі элементтерін ашып кетеді. Сонымен қатар сот жарыссөзінің маңыздылығын ашып кетеді.

Мақала 25/77МҚ4 «Тергеу судьясы: ұлттық қылмыстық іс жүргізудің теориясы мен тәжірибесінің концептуалдық мәселелері» зерттеуі аясында орындалған.

**Түйін сөздер:** қылмыстық процесс, қылмыстық сот өндірісінің субъектісі, санкция, адвокат, прокурор.

Alimkulov E.T.

**Problems of participation of  
the prosecutor and the defense  
counsel, in pleadings**

In this article the author reveals the peculiarities of the participation of the prosecutor and the defense lawyer in the pleadings in the main proceedings. The main objective of judicial eloquence – it is a manifestation of national elements of eloquence in criminal proceedings, as well as the development of theoretical knowledge in this area. The development of judicial eloquence protection and prosecution is one of the main direction of the pleadings. In this article the author reveals the basic elements of judicial eloquence. And also shows the importance of judicial eloquence in criminal proceedings.

Article is executed within the research 25/77GF4 «The investigative judge: conceptual problems of the theory and practice of national criminal trial».

**Key words:** criminal procedure, the subject of criminal proceedings, a sanction, the lawyer, the prosecutor.

Алимқұлов Е.Т.

**Проблемы участия прокурора  
и защитника-адвоката  
в судебных прениях**

В данной статье автор раскрывает особенности участия прокурора и защитника адвоката в судебных прениях на главном судебном разбирательстве. Главная цель судебного красноречия – это проявление национальных элементов красноречия в уголовном судопроизводстве, а также развитие теоретического знания в данном направлении. Освоение судебного красноречия стороной защиты и обвинения является одним из основных направлений судебных прений. В данной статье автор раскрывает основные элементы судебного красноречия. А также показывает важность судебного красноречия в уголовном процессе.

Статья выполнена в рамках исследования 25/77ГФ4 «Следственный судья: концептуальные проблемы теории и практики национального уголовного процесса».

**Ключевые слова:** уголовный процесс, субъект уголовного судопроизводства, санкция, адвокат, прокурор.

**БАСТЫ СОТ  
ТАЛҚЫЛАУЫ  
БАРЫСЫНДА  
ПРОКУРОР МЕН  
ҚОРҒАУШЫ-  
АДВОКАТТЫҢ  
СОТ ЖАРЫССӨЗІНЕ  
ҚАТЫСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қылмыстық іс жүргізу барысында сайыскершілік қағидасын қамтамасыз ету, қазіргі құқықтық реформаның негізгі мақсаттарының бірі деп атап кетуге болады. Осы жерде басты сот талқылауы барысында сайыскершілік қағидасының тиімділігін арттыру дәлелдемелерді зерттеу барысында объективтік шындықты ашуға және қылмыстың жасалу себептері мен негіздерін толық ашуға мүмкіндік береді деп толық айтуға болады [1]. Басты сот талқылауының негізгі бір бөлімі Қылмыстық процесстік кодексінің 45 тарауы «Сот жарыссөзі және сотталушының соңғы сөзі» болып табылады. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында сот жарыссөзін жүргізу ережелері ғана бекітілген, ал оның мазмұны, құрылымы толық ашылмайды, себебі оны тек іске қатысушы айыптау және қорғау тарабы ғана анықтай алады. Осы жерде мемлекеттік айыптаушының және қорғаушының орны ерекше, бұл жерде олар тек айыптау және қорғау қызметін ғана жүзеге асырып қоймай, сонымен бірге сотталушыға әсер ету, оны түзеу процесін жүзеге асырады деп айтуға толықтай мүмкіндік бар.

Сот шешендігінің мақсаты – сот билігіндегі ұлттық сот төрелігі тілмарлығының жүйелі теориялық негізін жасап, оның төл қасиеттері мен міндеттерінің сот процесіне қажетті әлеуметтік құбылыс ретіндегі табиғатын ашу болып табылады. Бұл мақсаттың орындалуы үшін мынадай міндеттер көзделеді – сот билігін жүзеге асырушы сот ісіне қатысушы тұлғалардың – судья мен айыптаушының, қорғаушы мен айыпталушының және жалпы құқық қорғау органдарының өзге де қызметкерлерін кәсіби тұрғыда ұштап, мемлекеттік тілде еркін әрі жатық сөйлеуге, сауатты жазуға, айтайын деген ойын дәл жеткізуге баулу, мемлекеттік тілдің шексіз мол мүмкіндіктері мен сарқылмас байлығын дұрыс пайдалана білуге дағдыландыру, сотта нақты да дәл, үйлесімді де ұйқасымды сөйлеудің, жазудың үлкен өнер екенін көңілге ұялату, ұғындыру болмақ [2].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабының 1–4 тармағына, 1995 жылдың 21 желтоқсан «Прокуратурасы туралы» Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасы ҚПК 58-бабына сәйкес: «Соттың қылмыстық істі қарауына қатысушы прокурор айыптауды қолдау жолымен мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы

болып табылады. Мемлекеттің мүдделерін қорғап талап қоюға құқылы». Прокурор өз позициясын іс материалдары бойынша әрі соттағы процессуалдық қызметіне қарай айқындайды. Бүгінгі таңдағы ғылыми әдебиетте прокурордың істегі процессуалдық қызметі туралы екі түрлі көзқарас қалыптасқан: бірі – кей авторлар оны мемлекеттік айыптаушы деп біледі, екіншілері – заңның жүзеге асырылуын қадағалайтын органның өкілі деп таниды.

ҚР ҚПК «Прокурор дәлелдерді ұсынады және оларды зерттеуге қатысады, сотқа айыптаудың мәні бойынша, сондай-ақ сот талқылауы кезінде ондаған басқа да мәселелер бойынша өзінің пікірін баяндайды, сотқа қылмыстық заңды қолдану және сотталушыға жаза қолдану туралы ұсыныс айтады» делінген. Прокурордың айыптау сөзінің құрылымы мынадай элементтерден тұрады:

- 1) қылмыстың қоғамдық бағасы;
- 2) істің мән-жайын баяндау;
- 3) іс бойынша жиналған және сот тексерген, зерттеген дәлелдемелерді талдап, бағалау;
- 4) қылмысты саралауды негіздеу;
- 5) сотталушыға, ал кейде жәбірленушіге мінездеме беру;
- 6) жазалау шарасы және азаматтық талап бойынша өз ой-пікірін білдіру;
- 7) қылмыстың жасалуына түрткі болған жағдайлар мен себептердің көзін ашу және оларды жою туралы ұсыныстары.

Сотталушының, ал кей жағдайларда жәбірленушінің, басқа адамдардың мінездемесі сотталушы сияқты және тұлғаның жауапкершілігін негіздеу үшін ғана емес, сондай-ақ қылмыстың субъективті жағын анықтап, дәлелдемелерді бағалау үшін де керек.

Прокурор айыптаушылық сөзінде біржақты пайымдаудан қашқаны абзал. Оның айыптауы соттың айыптауы емес. Ол сот процесінде шығып сөйлегенде көпшілік оның сөзінен сотқа деген қадірін, құрметін сезінуі керек. Ұстанған көзғарасын мейлінше айқын, дұрыс екенін сотқа сездіруі шарт [3].

Сот жарыссөзінде мемлекеттік айыпталушыдан кейін сөйлейтін процессуалдық қатысушылардың бірі қорғаушы-адвокат. Қорғаушының негізгі мақсаты өзінің қарауындағы тұлғаны барлық тәсілдерді қолдана отырып ақтап шығу болып табылады. Өз қызметін жүзеге асыру барысында қорғаушы әр түрлі қорғау әдістерін, тактикасын қолдана алады. «Қорғау тактикасы – бұл қорғау қызметін оңтайлы жүзеге асы-

руға бағытталған ғылыми ережелер мен ұсыныстар жүйесі... Қорғау тәсілі – бұл қорғау міндетін шешу мен мақсатқа жетуге мүмкіндік туғызатын, қорғау жағдайын есепке ала отырып, қолданылатын ғылыми ұстанымдарға негізделген қорғауды анағұрлым тиімді жүзеге асыратын тәсіл... Қорғау тәсілінің ішінде білімділік, шеберлік секілді өнерге тән қасиеттер кіреді. Шеберлік, іскерлік – бұл қорғау тактикасы қызметін іске асырудың, оның тиімділігінің шарты, бірақ мазмұн элементі емес. Қорғау тактикасы шеберліксіз де қолданылады, ол қаншалықты тиімді, дұрыс тандалып, білгірлікпен жасалды ма, мәселе сонда [4]. Қорғау тактикасы – бұл өнер ғана емес, көбіне-көп қорғаушының жеке санасына байланысты әрекет. Білімділік пен шеберлік әдемі тілмен өрілсе ғана қуатты қаруға айналады». Қылмыстық істі қарауға қатысқанда адвокат сотталушының қорғаушысы ретінде қорғау сөзін сөйлесе, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкердің өкілі ретінде олардың құқығын заңды мүддесін қорғай сөйлейді.

ҚР ҚПК 66-бабына сәйкес «Қорғаушы – заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыптаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам». Яғни, адвокат өз қызметін қорғанушының талап-тілектерінің негізінде емес, заң талаптары бойынша жүзеге асырады.

Адвокаттың қорғау сөзі бойынша қорғанудың қажеттілік, пайдалы екеніне, адвокат қалаған позициясының заңды, әділетті екеніне адамдардың көздері жетуі тиіс. Міне, осы жайттар төрелік айтар сөздің негізгі мазмұнын құрайды. Сотталушы өз тарапынан айтылған айғақтарды дәлелеуі міндетті емес, ал адвокат қорғау сөзінде дәлелдемелер келтіруге міндетті саналады. Әйтпесе сотта адвокаттың қажеті шамалы. Адвокаттардың өз кәсіби еңбегі тұрғысынан сөйлей білудің негізгі өзегінде адамгершілік принциптер, моральдық қарым-қатынастар үстем болатыны мәлім. Себебі, адвокат қызметі азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделерін қорғауға, сот әділдігін жүзеге асыруға, адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу рухында өрісін табады. Адвокат кәсібінің негізгі өзегі – кәсіби этика, кәсіби мінез-құлықтың аясында қалыптасады. Бұл ережелер «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңында және адвокаттардың кәсіби этика ережелерінде бекітілген.



**Әдебиеттер**

- 1 Халиков К.Х., Серімов Е.Е. Сот шешендігі. Оқулық. – Қарағанды: Болашақ-Баспа. 2006. – 218 б.
- 2 Қайыржанов Е., Жәміева Р. Қылмыстық істер бойынша адвокаттық қорғау тәсілдері // Заң. – 2001. – № 1. – 60 б.
- 3 Савицкий В.М. Государственное обвинение в суде. – М., 1971.
- 4 Сергеич П. Искусство речи на суде. – М., 1988 г.

**References**

- 1 Halikov K.H., Serimov E.E. Sot sheshendigi. Okulyk. – Karagandy: Bolashak-Baspa. 2006. – 218 b.
- 2 Kajyrzhanov E., Zhamieva R. Qylmystyk ister bojnsha advokattyk korgau tasilderi // Zan. – 2001. – № 1. – 60 b.
- 3 Savickij V.M. Gosudarstvennoe obvinenie v sude. – M., 1971.
- 4 Sergeich P. Iskusstvo rechí na sude. – M., 1988 g.

Жәнібеков А.К., Сериев Б.А.,  
Арын А.А.

**Қылмыстық сот ісін  
жүргізудегі заттай  
дәлелдемелер және дәлелдеу  
құқығының түсінігі**

Анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде көзделген әрекеттердің болғандығын немесе болмағандығын, айыпталушының бұл әрекетті жасағандығын немесе жасамағандығын және айыпталушының кінәлілігін немесе кінәлі емес екендігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын заңды түрде алынған іс жүзіндегі деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады. Аталған мақалада авторлар дәлелдеу процесі туралы әр түрлі ғалымдардың анықтамасы мен ой-пікірлерін зерттей келе, қылмыстық процестегі дәлелдеу мен дәлелдеменің түсінігін, мәнін, дәлелдемелердің белгілерін, дәлелдеме ұғымының сипатын қарастырған.

**Түйін сөздер:** қылмыстық сот өндірісі, қылмыстық процесс, дәлелдеу, дәлелдеме, сот, тергеуші, объективті ақиқат.

Zhanybekov A.K., Seriev B.A.,  
Aryn A.A.

**The concept of evidence and  
physical evidence in criminal  
proceedings**

Evidence in criminal proceedings are legally obtained evidence, on the basis of which a specific Code of Criminal Procedure order the inquiry body, investigator, prosecutor, court establishes whether or not an offense under the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, the commission or the commission of acts of the suspect, accused or defendant, his guilt or innocence, as well as other circumstances relevant for the proper resolution of the case. After examining the opinions and statements of various scientists about the process of proof, the authors of this article examined the concept and nature of evidence and proof in criminal proceedings, as well as signs of evidence.

**Key words:** criminal procedure, evidence, the court, the investigator, the objective reality.

Жанибеков А.К., Сериев Б.А.,  
Арын А.А.

**Понятие доказывания и  
вещественных доказательств  
в уголовном судопроизводстве**

Доказательствами по уголовному делу являются законно полученные фактические данные, на основе которых в определенном Уголовно-процессуальным кодексом порядке орган дознания, дознаватель, следователь, прокурор, суд устанавливают наличие или отсутствие деяния, предусмотренного Уголовным кодексом Республики Казахстан, совершение или несвершение этого деяния подозреваемым, обвиняемым или подсудимым, его виновность либо невиновность, а также иные обстоятельства, имеющие значение для правильного разрешения дела. Изучив мнения и высказывания различных ученых о процессе доказывания, авторы в данной статье рассмотрели понятие и сущность доказательств и доказывания в уголовном процессе, а также признаки доказательств.

**Ключевые слова:** уголовное судопроизводство, уголовный процесс, доказывание, доказательства, суд, следователь, объективная реальность.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ  
СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ  
ЗАТТАЙ  
ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖӘНЕ  
ДӘЛЕЛДЕУ  
ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТҮСІНІГІ**

Қылмыстық сот өндірісінде ақиқатқа жету дәлелдеу арқылы жүзеге асырылады. С.С. Алексеев пікірі бойынша «дәлелдеу (кең мағынасында) – дәлелдемелердің көмегімен істің мән – жайларының ақиқаттылығын анықтауға бағытталған субъектілердің қызметі. Тар мағынасында дәлелдеу ұғымы ұсынылатын тұжырымдар мен қарсылықтарды негіздеуге, олардың ақиқаттылығы жөнінде қандай да бір тұлғаларды сендіруге байланысты қызмет болып табылады» [1, 247-248 бб.].

Дәлелдеу – тергеуші мен соттың нақтылықпен толық сәйкестендіре отырып істің заңды мәні бар барлық мән-жайларды анықтауы тиіс процесс. Дәлелдеу дегеніміз қылмыстық процесс субъектілерінің істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатымен заңмен белгіленген тәртіпті сақтай отырып атқаратын дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалап қолдану қызметі болып табылады [2, 155-156 бб.].

Бір топ авторлар, оның ішінде Шейфер С.А. дәлелдеу процесін – қылмыс туралы ақпаратты қабылдауға бағытталған, мемлекеттік органдармен жүзеге асатын іздену, тану, куәландыру, құқықтық қамтамасыз ету әрекеттері деп түсінеді [3, 42 б.].

Кез – келген саладағы таным процесі сияқты дәлелдеу де оны анықтау мақсаты болып табылатын объективтік ақиқатқа қол жеткізуге ұмтылады. Гносеологияда объективті ақиқатты объектінің қасиеттері мен ерекшеліктері туралы оларды танып – білуші субъектінің санасында шынайылықтағы кейіпімен жаңғыртатын білім ретінде түсінеді. Осылайша, объективтік ақиқат дегеніміз мазмұны объективті, адамның санасына және еркіне тәуелсіз білім деп түсінуіміз керек.

Қылмыстық іс жүргізуде ақиқатты анықтау шынайылықта қандай орын алғанына және нақты фактілерге сәйкес болған оқиғаны және қылмыстық іс бойынша анықтауға және дәлелдеуге жататын барлық мән – жайларды тану дегенді білдіреді.

Бірақ дәлелдеуді тек ақиқатты білім алуға бағытталған процесс ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз.

А.Я. Вышинский: «сот дәлелдемелері – кәдімгі фактілер, күнделікті өмірде болып жатқан құбылыстар, сол заттар, сол адамдар, адамдардың сол іс-әрекеттері. Олар сот процесі аясына түскендіктен, сот пен тергеуді қызықтыратын мән – жайларды анықтау құралына айналатындықтан ғана сот дәлелдемеле-

рі болып шыға келеді», – деген пікір айтқан [4, 146-147 бб.].

Қаз КСР ҚІЖК 47-бабында ең алғаш рет дәлелдемелерді олардың негізінде заңда белгіленген тәртіп бойынша анықтаушы орган, тергеуші және сот қоғамға қауіпті іс әрекет немесе әрекетсіздіктің болуын не болмауын, осы әрекет немесе әрекетсіздікті жасаған адамның кәнісін, сонымен қатар істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын кез-келген фактілік деректер ретінде анықтаған [5, 24 б.].

Осы кезеңде дәлелдемелердің түсінігі жөнінде бірнеше бағыттар дами бастады.

М.С. Строгович дәлелдеменің екі жақты мәні бар деп есептеді. Біріншіден дәлелдеме – бұл анықталуы тиіс факт жөніндегі дерек көзі дегенді білдірсе, екіншіден, дәлелдеме дегеніміз – басқа факт жөнінде тұжырым жасауға мүмкіндік беретін факт [6, 237 б.].

Екінші бір көзқарас иелері дәлелдемелерді тек фактілік деректер ретінде қарастырып, ал оларды анықтаудың көздерін бұл ұғымнан тыс қалдырды.

С.Ф. Бычкова пікіріне сүйенсек, «фактілік деректер ретіндегі дәлелдемелер ұғымы олардың әрекет ету нысанымен тығыз байланысты. Заң шығарушы дәлелдемелердің фактілер мен олар жөніндегі деректердің бірлігі ретіндегі анықтамасын негізге алады».

Қылмыс арқылы өзгеріске ұшыраған қоршаған орта объектілері (қылмыс іздері). бірден дәлелдеме бола алмайды – олар тек дәлелдемелердің гносеологиялық алғышарты ғана болып табылады. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеме болып табылу үшін олар дәлелдеу субъектілері – сотпен, прокурормен, тергеушімен және алдын ала тергеу жүргізуші тұлғамен тиісті дәрежеде танылып, толық көлемде тексерілуі тиіс. Нақты мәліметтерді тану мен куәландыру қылмыстық іс жүргізу құқығы нормаларымен қатаң түрде белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Заң да жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып дәлелдемелердің ұғымын анықтайды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексінде дәлелдеме анықтамасы берілген: «Анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде көзделген әрекеттердің болғандығын немесе болмағандығын, айыпталушының бұл әрекетті жасағандығын немесе жасамағандығын және айыпталушының кінәлілігін немесе кінәлі емес екендігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-

жайларды анықтайтын заңды түрде алынған іс жүзіндегі деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады».

Дәлелдеме деректер мен іс жүргізушілік қайнар көздердің бірлігін білдіреді. Іске қатысы бар ешқандай деректері жоқ жауап алу хаттамасы қылмыс оқиғасына қатысы бар, бірақ іс жүргізушілік сипатта емес жедел-іздігі сипатындағы деректер де дәлелдеме бола алмайды.

Дәлелдемелердің ұғымын бірнеше белгілермен сипаттауға болады. Мысалы, Б.К. Төлеубекованың пікірі бойынша мұндай белгілерге мыналарды жатқызамыз:

– ҚР ҚПК ережелерін қатаң сақтай отырып алыну;

– анықталатын мән – жайларға қатысы бар фактілер жөніндегі дұрыс деректерінің болуы;

– фактілер жөніндегі деректерді жинауы және олардың негізінде қылмыстық жазаланатын іс – әрекеттің белгілерінің болуын не болмауын анықтау;

– мұндай анықтау үшін құқықты тек оған құзыреті бар органдар мен олардың лауазымды тұлғаларына ғана беру;

– оны жасады деп айып тағып отырған іс – әрекетке адамның кінәлілігін немесе кінәсіздігін анықтау [7, 316 б.].

А.П. Рыжаков дәлелдемелердің белгілері ретінде келесілерді көрсеткен:

1. Дәлелдемелерде деректер болады.

2. Деректер дегеніміз – іс үшін маңызы бар мән – жайлар туралы ақпарат.

3. Деректер заңмен көзделген қайнар көздерден алынуы тиіс.

4. Деректер қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеуге заңмен белгіленген тәртіпте тартылады.

Деректер – бұл дәлелдеменің мазмұны, тергелетін (қаралатын және шешілетін) оқиға жөніндегі ақпарат [8, 216 б.].

Мұндай деректер күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің көрсетулерімен; сарапшының қорытындысымен; заттай айғақтармен; іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен анықталады.

Ресей Федерациясының Қылмыстық іс жүргізу кодексі бойынша бұл тізімге маманның қорытындысы мен көрсетулері қосылған.

Дәлелдемелер әр уақытта да объективті мазмұн (көрініс тапқан мән-жай, факт) мен субъективті формалардың (нақты субъектіні жасаудан көрініс табады) бірлігі болып табылады. Дәлелдемелердің мазмұнының объективтілігі оның қылмыстық іс бойынша дәлел-

деуге жататын мән-жайлармен байланысынан көрініс табады. Дәлелдемелердің субъективтік нысаны оның қайнар көзі әр уақытта да іске маңызы бар деректер алынатын адам (субъект) болып табылатындығына негізделеді.

Дәлелдеме оның мазмұны мен нысанына қойылатын екі талапқа жауап беруі тиіс, яғни дәлелдемелердің іске қатыстылығы мен дәлелдемелерді іске қолдануға болатындығы.

Дәлелдеу – қылмыстық іс жүргізу субъектілерінің істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатымен заңмен белгіленген тәртіпті сақтай отырып атқаратын дәлелдемелерді жинау, болжам жасау, зерттеу, тексеру және бағалап қолдану қызметі болып табылады. Дәлелдеу процесі барысында ақиқатқа қол жеткізіледі. Ол негізгі фактілер мен дәлелдемелік фактілер арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыстық іс жүргізуде заттай айғақтар дәлелдеме қатарына жатқызылған. Сондықтан да заттай айғақтар дәлелдеме міндеттерін атқаратыны айқын болып табылады.

Кінәсіздік презумпциясы принципі бойынша кінәлінің айыбын құқық қорғау органдарының қызметкерлері заттай дәлелдемелер арқылы заңдылықты сақтай отырып дәлелдеуге тиіс [9].

Дәлелдеме ұғымының екі жақты сипаты болады:

- а) тектік сипаттағы философиялық ұғым;
- ә) түрлік сипаттағы іс жүргізу құқықтық ұғымы.

Философия көзқарасы тұрғысынан дәлелдеме дегеніміз шындықты анықтаудың процесі (әдісі), пайымдаудың шынайылығын негіздеу. Кең мағынасындағы «дәлелдеме» қандай да бір пайымдаудың шынайылығын айқындайтын кез келген рәсім, бұл кейбір қисынды пайымдауларды, сондай-ақ кейбір табиғи құбылыстар мен заттарды сезім арқылы қабылдау жолымен жүзеге асырылады. Тар мағынасында бұл шынайы алғышарттардан дәлелденетін тезистерге бастайтын дұрыс ой қорытындыларының тізбегі.

Сонымен, философиялық түсінік дәлелдемелері екі мағынада қамтиды:

- а) дәлелдеме-шындықты анықтаудың процесі не әдісі;
- ә) дәлелдеме-тану мен бағалаудың статистикалық объектісі.

Қылмыстық іс жүргізу құқығы үшін статистикалық объект деген дәлелдеме ұғымының екінші мағынасы тән, қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберіндегі өзгеше қызмет түрі ретінде шындықты анықтау процесінің өзі «дәлелдеу» терминімен белгіленеді.

«Дәлелдеме» ұғымының қылмыстық іс жүргізуінің мәнін формальды қисынмен жұмыс істейтін дефинициядан (анықтаудан) ажырата отырып, А. И. Трусов былай деп жазды: «...Сот дәлелдеуде жалаң ойлармен ғана емес, ең әуелі нақты фактілермен жұмыс істейді».

А. И. Трусов соттық дәлелдемелердің мынадай негізгі белгілерін негіздейді:

- а) соттық дәлелдермен іс жүзіндегі деректерді білдіреді [10, 85 б.];

б) жалпы кез келген іс жүзіндегі деректер соттық дәлелдемелер болып танылмайды, нақты көмегімен жағдайды айқындауға септігі тигендері, қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы барлары ғана соттық дәлелдемелер бола алады;

в) соттық дәлелдемелер арқылы заңда көзделген қылмыстық іс жүргізушілік нысандарда, яғни белгілі бір тәртіппен фактілер анықталады немесе жоққа шығарылады.

Қылмыстық процестегі дәлелдемелердің мәні туралы жалпы түсінік шындықты тану процесімен өзара байланысқа түскен кезде дәлелдеме – қылмыстық іс жүргізу құқығының аса маңызды сипаттарының бірі болып табылады деп айта аламыз. Дәлелдеме сот әділдігінің басты сипаты. Сот ісін жүргізуді жүзеге асыратын адамдар мен органдардың бүкіл қызметі іс бойынша шындықты анықтауға және осы арқылы істі әділетті шешуге бағытталған. Дәлелдемесіз нақты адамға үкім шығаруға құқықтық негіз жоқ.

#### Әдебиеттер

- 1 Алексеев С.С. Проблемы теории права: Курс лекций. – Свердловск: СЮИ, 1973. – Т.2. – 235 с.
- 2 Ершев Е.Е. Қылмыстық іс жүргізу. Жалпы бөлім: оқулық. – Алматы: Өлке баспасы, 2006. – 216 б.
- 3 Шейфер С.А. Собираание доказательств в советском уголовном процессе. – Саратов: СГУ, 1986. – 215 с.
- 4 Вышинский А.Я. Теория судебных доказательств в советском праве. – М., 1941. – 119 с.
- 5 Уголовно-процессуальный кодекс Казахской ССР. – Алматы: Издательство «АділетПресс», 1997. – 167 с.
- 6 Строгович М. С. Материальная истина и судебные доказательства в советском уголовном процессе. – М.: Изд-во АН СССР, 1955– 384 с.
- 7 Төлеубекова Б.Х. Уголовно – процессуальное право Республики Казахстан. Часть общая: учебник. – Алматы: Баспа, 1998. – 416 с.

8 Sarah Foster, Lisa Wood, Hayley Christian, Matthew Knuiman, Billie Giles. Planning safer suburbs: Do changes in the built environment influence residents' perceptions of crime risk? //Social Science & Medicine, Volume 97, November 2013, pp.-87-94 // <http://www.sciencedirect.com>

9 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік Кодексі. – А.: «ЮРИСТ», 2015. – 344 б.

10 Трусов А.И. Основы теории судебных доказательств. – М., 1960. – 89 с.

#### References

1 Alekseev S.S. Problems of legal theory: Lectures.- Sverdlovsk, 1973.- Т. 2.- 235 p.

2 Ereshev E.E. Criminal process. Overview: the textbook.- Almaty: Olke, 2006.- 216 p.

3 Sheifer S.A. Collection of evidence in the Soviet criminal trial.- Saratov, 1986.- 215 p.

4 Vyshinsky A.Y. The theory of forensic evidence in Soviet law.- М., 1941. – 119 p.

5 Criminal Procedure Code of the Kazakh SSR.- Almaty: AdiletPress, 1997.- 167 p.

6 Strogovich M.S. Material truth and the forensic evidence in the Soviet criminal trial.- М.: Publishing House of the USSR Academy of Sciences, 1955- 384 p.

7 Toleubekova B.H. Criminal – Procedural Law of the Republic of Kazakhstan. Some common: a textbook. – Almaty; Baspa, 1998. – 416 p.

8 Sarah Foster, Lisa Wood, Hayley Christian, Matthew Knuiman, Billie Giles. Planning safer suburbs: Do changes in the built environment influence residents' perceptions of crime risk? //Social Science & Medicine, Volume 97, November 2013, pp.-87-94 // <http://www.sciencedirect.com>

Criminal – Procedure Code of the Republic of Kazakhstan.- А.: «lawyer», 2015. – 344 p.

Trusov A.I. Basic theory of forensic evidence. – М., 1960. – 89 p.



Нұрмағанбет Е.Т., Аманжол А.

**Дәлелдемелерді жинау бойынша адвокат-қорғаушы қызметінің дербестігін жүзеге асыру құқығының мәселесі**

Мақала адвокат-қорғаушының қылмыстық іс жүргізу субъектілері арасындағы ерекше маңызға ие қатысушы екені белгілі. Қылмыстық іс жүргізудегі адвокат-қорғаушының дәлелдемелер жинаудағы өзінің жеке дербес құқығын жүзеге асырудағы басты проблемалар айқындалды. Сол себепті осы әрекеттерді жүргізу барысында дәлелдемелер жинау және дәлелдеу процесіне қатысудағы үлкен мәселелер мен ауқымды іс шаралар ұсынылады.

**Түйін сөздер:** Адвокат, қорғаушы, дәлелдеме, дәлелдеу, сезікті, қылмыстық іс жүргізу.

---

Nurmaganbet E.T., Amanzhol A.

**Problems of realization of the right to independent activity of the defense attorney in gathering evidence**

In this article it is considered theoretical problems independent activity of the lawyer defender in participation collecting of proofs. The problems concerning activity of lawyers in criminal trial, are investigated in recent years rather actively, at the same time by the author is noted that so far to research of the problems arising in the course of formation and realization by the lawyer defender of a legal position on criminal case.

**Key words:** lawyer, defender, proofs, criminal trial, participants.

---

Нурмағанбет Е.Т., Аманжол А.

**Проблемы реализации права на самостоятельную деятельность адвоката-защитника по собиранию доказательств**

В данной статье рассматриваются теоретические проблемы самостоятельной деятельности адвоката-защитника в собирании доказательств. Проблемы, касающиеся деятельности адвокатов в уголовном процессе, в последние годы исследуются достаточно активно, вместе с тем автором отмечено, что до настоящего времени исследованию проблем, возникающих в процессе формирования и реализации адвокатом-защитником правовой позиции по уголовному делу.

**Ключевые слова:** адвокат, защитник, доказательства, уголовный процесс, участники.



**ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ  
ЖИНАУ БОЙЫНША  
АДВОКАТ-ҚОРҒАУШЫ  
ҚЫЗМЕТІНІҢ  
ДЕРБЕСТІГІН ЖҮЗЕГЕ  
АСЫРУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ  
МӘСЕЛЕСІ**

Дәлелдемелерді жинау бойынша қорғаушы-адвокат қызметінің дербестігін жүзеге асыру құқығын беру қажеттілігі туралы мәселе 70-ші жылдары да талқыға салынған. М.С. Благоволинамен және Әдебиет газеттерінің беттерінде 1969 жылы жазылған көптеген сот очерктердің авторларымен қорғаушының алдын-ала тергеу жүргізгенде мүмкіндіктері анағұрлым тарылып кететіндігі көрсетілген. Онда, қорғаушы-адвокат істің тындалуына дейін куәгерлермен кездесіп, олармен әңгімелесуге және іске қатысты мән-жайларды білуге құқығы жоқ екендігі көрсетілген. Әңгімелесу фактісінің өзі-ақ адвокатқа қатысты тәртіптік өндіріске қарсы іс қозғау үшін негіз болғандығын білдіреді. Көрсетілген авторлардың пікірі бойынша, осының өзі қорғау мүмкіндіктерін елеулі түрде шектеткен. Осылар арқылы қорғаушы-адвокаттарға тергеу жүргізу мүмкіндігі берілген [1, 44 б.].

Жалпы сот өндірісі екі жақтың бәсекелестігі мен құқық теңділігі негізінде жүзеге асады. Қылмыстық іс жүргізу теориясында «қылмыстық сот өндірісі» және «қылмыстық іс жүргізу» деген түсініктер тепе-тең ұстанымы ретінде бекітілді. Бірақ, өзге ұстаным ретінде «қылмыстық өндіріс» түсінігі қазір беріле береді. Мәселен, В.З. Лукашевичтің пікірі бойынша, заң шығарушы конституцияның белгіленген бабында алдын-ала сот өндірісінің сатысы туралы емес, соттың істі қарау сатысы туралы әңгіме қозғайды [2, 41 б.]. Осы көзқарастың толық болмаушылығын көрсету үшін ең алдымен алдын-ала жедел тергеу жүргізу барысында сот отырысындағы шындыққа жетудің жүзеге асуын дәлелдеп көрейік.

А.О. Машовец, қылмыстық іс жүргізуге байланысты алдын-ала тергеу бүтіндей өзіне тән ерекше қасиетімен біршама дербес және жеке жүйе бөлігі ретінде алға шығып тұрады, деп жазады. Ол жүйенің тұтас тәртібіне сай негізгі тәртіппен құрылуы қажет. Алдын-ала тергеудің түпкілікті кемшілігі – оның негізгі бастауларының соттың істі қарау қағидаларымен сәйкес келмеуінде [3, 7 б.].

Алдында айтылғандай, алдын-ала тергеудің негізгі міндеті – сотқа мәлімет жинау. Заңи әдебиеттерінде алдын ала-тергеу жүргізу барысында істің барлық маңызды мән-жайларды анықтап, бүкіл қажетті дәлелдемелердің дереккөздерін табу

керек, деп ескертіледі [4, 56 б.]. Яғни, мәліметтердің толық болуына байланысты сотта зерттелетін барлық мән-жайлар ең алдымен алдын-ала тергеу арқылы анықталуы қажет.

Олардың айырмашылығы – тек олардың шешілу күшінен ғана тұрады. Заң шығарушы тергеушіге айыптау және ақтау дәлелдемелерін жинау міндетін жүктеді. Сөйтіп, тергеуші ылғи да тіпті қарсы міндеттерді орындауға тиісті. Карл Маркс та былай деп жазған екен: тергеуші мен судьяның және айыпталушы мен қорғаушының бір тұлғада болуы барлық психология заңдарына қарама-қайшылық келтіреді [5, 26 б.].

Тергеуші дәлелдемелер жинағанда объективті бола алмайды және өз жұмыс сапасының бағалар жүйесінің күшіне сәйкес, қылмыстық істің қысқартылуы, жұмыста сөзсіз жарамсыз етіп бағаланады және тергеушіні кінәға тартады [6, 97 б.]. Сотпен қосымша тергеу үшін жіберілген бұрыс тергелген істерді қайтарудан сақтандыру мақсатында тергеушілер тәжірибе жүзінде «артық айыптауды» жиі ұсынады.

Тергеушімен айыптау және ақтау дәлелдемелерін бірдей алалықсыздықпен жинауға мүмкіндігінің болмау негізгі себептерінің бірі – тергеуші қызметінің ерекшелігінде негізделеді. Тергеуші әрдайым қылмыстық элементпен /қылмыскермен/ қатынаста болады. Л.М. Васильев өтірікті, зұлымдықты, екіжүзділікті жиі жеңу, тергеушілерге тиісті стереотиптердің қалыптасуына әкелетіндігін ескереді [7, 11 б.].

Көбінесе тергеушілер айыптаушыларды қылмыскер ретінде танып, олардың өз пайдасына айтылған дәлелдемелеріне біржақтылықпен қарайды. Қырағылық – сезіктілікке (барлығына және әр қайсысына сезіктенеді) айналып, ал сыншылдық – келіп түскен хабардың бағасы бойынша ешкімге толық сенімнің болмауына айналады. Әдебиетте тергеушілердің біржақтылығына мысалдар келтіріледі. Бірақ кейбір тергеушілер, егер айыпталушы алаңдай беретін болса, демек ол өз жағдайының қиындығын ұғына отырып, арұжданы таза еместігін көрсетеді, деп есептейді. Егер де ол өзін емін-еркін және тежеусіз ұстаса – бұл қылмыскердің әдепсіздігі ретінде есептеледі. Егер айыпталушы кез келген мән-жайды ұмытып қалса, онда бұл, олардың көзқарасы бойынша, оның өтірік айтуын білдіреді. Егер де ол барлық сұрақтарға қуана-қуана жауап беретін болса, онда ол алдын-ала құрылған жоспар бойынша әрекет жасап, өтірік түсіндірме беріп отырғандығын білдіреді [8, 40 б.].

Ғалымдар тергеу органдарында жұмыстың ұзақтылығы мен кәсіби өзгерістің деңгейі

арасында тікелей тәуелділіктің болу туралы гипотезасын ұсынды. Сонымен, осы гипотезаға сәйкес, бағаланып жатқан қызметтің өзгерісі 5-10 жылдық жұмыс уақыт бөлігінде дамып келеді. Кәсіби өзгерістің бастапқы деңгейі тергеушінің бесінші жұмыс жылынан басталып, тергеушінің бірен-сарандаған өзгерісін жорамалдайды. Кәсіби өзгерістің орташа деңгейі тергеу жұмысында 10 жылдан кейін басталады [9, 38 б.].

Тергеушінің алдында сыңар жақты зерттелген істің құжаттары бар болса, ол алғашқы бағалау мен дәлелдемелерді жинауда қатыспаса, оларды алу жолынан еш хабары жоқ болса, онда тәртіптің дұрыс орындалуына аса назар аударуға міндетті сот, алдын-ала тергеу тексерісін жүргізетіндігі туралы әдебиетте ескеріледі. Осыған байланысты айыптау жалтаруы тергеу кезеңінен бастап еріксіз соттың істі қарауына беріледі. Атқаруға тиісті ашық сот емес, құпия алдын-ала тергеу – азаматтың кінәсін көрсететін дәлелдемелері жиналып, зерттеліп, бағаланатын негізгі сатысына айналады, ал егер соңғы шешімге келмесе, онда маңызды дәрежеде оның кінәлілігі туралы мәселе алдын-ала шешіледі [10, 147 б.].

Бұл жағдай тәжірибені зерттеу барысында да өз дәлелін тапты. Олай болса, басқа жақпен – айыпталушымен сотта нағыз жарысу үшін, алдын-ала тергеуде қорғаушылардың құқықтары жеткілікті ме деген сұраққа, сұралған Алматы қалалық адвокаттар алқасының 79,7% адвокаттары және Алматы облыстық адвокаттар алқасының 80,4% адвокаттары – олардың құқықтары жеткіліксіз деп жауап берді, тек сұралған 7,10% алматылық адвокаттары және 44% облыстық адвокаттар – қорғаушылардың құқықтары жеткілікті деп есептейді. Соған қарамастан сұралған 6,2% қалалық адвокаттар мен 4,40% облыстық адвокаттар – тек ресми түрде ғана құқықтары жеткілікті бола алады деп есептейді.

Қорғаушыға дәлелдемелерді жинауға дербес құқығын беру туралы ұсыныс ғалымдар арасында кең қолдауын туғызды [11]. Сондықтан осы мәселе бойынша тергеушілердің де пікірін анықтау қажет болды. Тиісінше Алматы облысының ІІБ-ң 61 тергеушілер саралап сұралды. Олардың ішінен 75%-ы қорғаушыға дәлелдемелерді жинауға дербес құқығын беру қажет деп есептейді, ал сұралған тергеушілердің 25%-ы бұған жол бермеу керек деп есептейді.

Сонымен, сұралған тергеушілердің көбісі бұл шараның қажетті екеніне сенеді.

Қорғаушыға мұндай құқықты беруге қарсы шыққан іс жүргізуші-ғалымдар мен тәжірибе-

лік қызметкерлер басқа да дәлелдерді келтіреді. Онда тергеушінің айыптау міндетінің күшеюіне әкеледі деген пікір бар. Яғни, тергеуші – әдеттегідей айыптау дәлелдемелерді, ал адвокат – ақтау дәлелдемелерді жинайтын болады. Сонымен қатар тергеуші үшін жауап беретін тиісті аппарат, маңызды қызмет қатары тұр, ол адвокатқа қарағанда, қажетті материалдық құралдармен жабдықталған және дәлелдемелерді жинауға анағұрлым мүмкіндіктері бар. Сыртқы көзге бұл жарысу сияқты көрінеді, ал мәні жағынан бұл күдіксіз айыптау жалтаруына әкеледі. Сонымен қатар, қорғау, материалдық тұрғыдан қарағанда, көпшілікке қол жетерліктей емес, өйткені тергеу әрекеттердің өндірісіне байланысты адвокаттың шығыны қорғалушыға ауыр таға секілді жүктеледі [12, 19 б.].

Келесі дәлел ретінде осы жағдай бойынша мемлекеттік органдармен қорғаушы адвокаттың бәсекеге түсуге мүмкіндігі жоқ, өйткені қорғаушы-адвокатта өктем өкілеттілігі жоқ және мәжбүрлеумен және т.б. байланысты оның қандай болмасын іс-әрекеттерді орындауға құқығы жоқ [13, 47 б.].

Қорғаушыға дәлелдемелерді жинауға дербес құқығын беруге қарсы шыққандардың келесі дәлелі – қорғаушылар қызметіндегі қорытындыларының дұрыстығы мен объективтілігін қамтамасыз ету мүмкін емес деген пікірді ұсынады [14, 19 бб.]. Ең алдымен, бұл адвокат-қорғаушыға сенімсіздіктің және қорғаушылар құқықтарының ұлғаюы, қиянат етушіліктің көбеюіне әкелетін қауіптің пайда болуымен байланысты.

Осы мәселелер бойынша адвокаттардың пікірлеріне талдау жасалды. Сұралған Алматы облыстық адвокаттар алқасының 12,5% адвокаттары және Алматы қалалық адвокаттар алқасының 6,2% адвокаттары қорғаушылардың дәлелдемелерді жинауға дербес құқықтарының ұлғаюы қорғаушылар тарапынан қиянат етушілік оқиғалар санының көбеюіне әкеле-

ді деп есептейді. Сонымен қатар сұралған облыстық адвокаттарының 21,1% және қалалық адвокаттарының 5,2% осы жағдаймен байланысты қиянат етушіліктердің болуы мәлім деп есептейді. Сұралған облыстық адвокаттарының 37,3% мен мәскеу адвокаттарының 51,7% қорғаушылардың дәлелдемелерді жинауға дербес құқықтарының ұлғаюы қорғаушылар тарапынан қиянат етушілік оқиғалар санының көбеюіне әкелмейді деп есептейді. Өз кезегінде облыстық адвокаттарының 30,3% мен қалалық адвокаттарының 33,5% қорғаушылардың дәлелдемелерді жинауға дербес құқықтарының ұлғаюы қорғаушылар тарапынан қиянат етушілік оқиғалар санының көбеюіне әкелуі мүмкін деп есептейді. Қалған адвокаттарға қойылаған сұраққа жауап беру қиынға түсірді.

ҚР Қылмыстық Кодексінің 348 бабында дәлелдемелерді бұрмалаған үшін жауапкершілікке тарту туралы көрсетілген. Қорғаушы осы қылмыстың субъектілерінің шеңберіне қосылады. Бұл бап адвокат-қорғаушы тарапынан келтірілген қиянатқа қарсы кепіл ретінде жүреді. Бұдан басқа, адвокат-қорғаушы тарапынан қиянат етушілік анықталса, оларға адвокаттар алқасынан шығып кетуіне дейін тәртіптік сипаты бар шара қолданылады [15].

Екіншіден, А.Д. Бойковтың пікірі бойынша, егер тергеушінің қызметі көп жағдайда қорытындысының объективті болуына кепіл беретін белгілі бір іс жүргізу нысаны арқылы жүргізілсе, онда адвокаттық қатар жедел-іздістіру ешбір іс жүргізу кепілдерін біле бермейді [16, 6 б.]. Заттар мен құжаттарды алуға бағытталған қорғаушының қызметі іс жүргізу нысанында жүргізілу керек деп есептеледі, өйткені оның қызметі жұмыс барысының шеңберінде жүзеге асады және жұмыс барысының көзделген мақсаттарына бағынады. Қорғаушының жүргізуге міндетті шаралар тізімі дәлелдемелерді жинауға арналған бапта енгізілу қажет.

#### Әдебиеттер

- 1 Благоволина М.С. Почта редактора/ Литературная газета, 1969 г. – № 44; Винберг А. Первая командировка// Литературная газета – № 41. – 1969.
- 2 Лукашевич В.З. Конституция РФ 1993 года и дальнейшее совершенствование уголовно- процессуального законодательства// Уголовно-правовые проблемы борьбы с преступностью. – Калининград, 1995. – С. 41.
- 3 Машовец А.О. Принцип состязательности и его реализация в предварительном следствии: Автореф. дис. на соиск. уч. ст. к.ю.н. – Екатеринбург, 1994. – С. 7.
- 4 Стрёмовский В.А. Предварительное расследование в советском уголовном процессе. – М.: Госюриздат, 1958. – С.11.; Воробьев Г.А. Соотношение предварительного и судебного следствия: Автореф. дис. на соиск. уч. ст. к.ю.н. – М., 1967; Колбая Г.Н. Соотношение предварительного следствия и судебного разбирательства. – М.: Юрид. лит., 1975. – С. 56.
- 5 Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения (В 30-т.). Изд. 2-е. – Т. 1. – М.: Госполитиздат, 1958. – С. 26.

- 6 Резник Г.М. Внутреннее убеждение при оценке доказательств. – М.: Юрид. лит., 1977. – С. 97.
- 7 Васильев Л.М. Организация следственной работы // Вопросы подготовки следователей и преодоление их профессиональной деформации – Краснодар, 1983. – С. 11.
- 8 Стрёмовский В.А. Предварительное расследование в советском уголовном процессе. М.: Госюриздат, 1958 г – с 40.
- 9 Васильев Л.М. Указ. соч. – С. 38.
- 10 Лившиц В.Л. Обвинительный уклон (Истоки и пути преодоления) // Закон и ведомственные нормативные акты в СССР. – Труды. – 46 – М, 1989. – С. 143.
- 11 Либус И.А. Защита в уголовном процессе // Перестройка и адвокатура. Научные и практические проблемы уголовного судопроизводства. – Ижевск, 1989. – С. 119; Либус И.А. Об эффективности деятельности защитника в стадии предварительного следствия. – Ташкент, 1971. – С. 46; Хорхина Т.В. Проблемы деятельности адвокатуры (Обзор откликов на материалы круглого стола) // Советское государство и право. – 1986. – №9; Машовец А.О. Указ. соч. – С. 7; Капустин А.А. Реформа советского предварительного расследования – сущность, предпосылки, основные направления: Автореф. дис. На соиск. уч. ст. к.ю.н. – Санкт-Петербург, 1992. – С. 16; Ведерников А.Н. Актуальные вопросы участия защитника на стадии предварительного расследования (в свете осуществления судебной реформы) – Дис. на соиск. уч. ст. к. ю. н. – М., 1990. – С. 148.
- 12 Анашкин Г.З. Адвокат. Права и проблемы // Литературная газета, – 1969. – № 41; Бойков А., Карнеева Л. Об участии защитника на предварительном следствии // Советская юстиция, – 1970. – С. 19.
- 13 Царев В.М. Эффективность участия защитника в доказывании на предварительном расследовании следствии – Красноярск.: Изд. Красноярск. ун-та, 1990. – С. 47.
- 14 Бойков А., Карнеева Л. Об участии защитника на предварительном следствии // Советская юстиция. – 1970. – № 19.
- 15 ҚР Қылмыстық Кодексі 1997 жыл 16 шілде №167.
- 16 Бойков А.Д. Что же мешает защите? // Литературная газета. – 1970. – № 6.

#### References

- 1 Blagovolina M.S. Pochta redaktora/ Literaturnaja gazeta, 1969 g. – № 44; Vinberg A. Pervaja komandirovka// Literaturnaja gazeta – № 41. – 1969.
- 2 Lukashevich V.Z. Konstitucija RF 1993 goda i dal'nejshee sovershenstvovanie ugovolno-processual'nogo zakonodatel'stva// Ugolovno-pravovye problemy bor'by s prestupnost'ju. – Kaliningrad, 1995. – S. 41.
- 3 Mashovec A.O. Princip sostjazatel'nosti i ego realizacija v predvaritel'nom sledstvii: Avtoref. dis. na soisk. uch. st. k.ju.n. – Ekaterinburg, 1994. – S. 7.
- 4 Stremovskij V.A. Predvaritel'noe rassledovanie v sovetskom ugovolnom processe. – М.: Gosjurizdat, 1958. – S.11.; Voro'ev G.A. Sootnoshenie predvaritel'nogo i sudebnogo sledstvija: Avtoref. dis. na soisk. uch. st. k.ju.n. – М., 1967; Kolbaja G.N. Sootnoshenie predvaritel'nogo sledstvija i sudebnogo razbiratel'stva. – М.: Jurid. lit., 1975. – S. 56.
- 5 Marks K., Jengel's F. Sochinenija (V 30-t.). Izd. 2-e. – Т. 1. – М.: Gospolitizdat, 1958. – S. 26.
- 6 Reznik G.M. Vnutrennee ubezhdenie pri ocenke dokazatel'stv. – М.: Jurid. lit., 1977. – S. 97.
- 7 Vasil'ev L.M. Organizacija sledstvennoj raboty //Voprosy podgotovki sledovatelej i preodolenie ih professional'noj deformacii – Krasnodar, 1983. – S. 11.
- 8 Stremovskij V.A. Predvaritel'noe rassledovanie v sovetskom ugovolnom processe. М.: Gosjurizdat, 1958 g – s 40.
- 9 Vasil'ev L.M. Ukaz. soch. – S. 38.
- 10 Livshic V.L. Obvinitel'nyj uklon (Istoki i puti preodolenija) // Zakon i vedomstvennye normativnye акты v SSSR. – Trudy. – 46 – М, 1989. – S. 143.
- 11 Libus I.A. Zashhita v ugovolnom processe // Perestrojka i advokatura. Nauchnye i prakticheskie problemy ugovolnogo sudoproizvodstva. – Izhevsk, 1989. – S. 119; Libus I.A. Ob jeffektivnosti dejatel'nosti zashhitnika v stadii predvaritel'nogo sledstvija. – Tashkent, 1971. – S. 46; Horhina T.V. Problemy dejatel'nosti advokatury (Obzor otklikov na materialy kruglogo stola) // Sovetskoe gosudarstvo i pravo. – 1986. – №9;. Mashovec A.O. Ukaz. soch. – S. 7; Kapustin A.A. Reforma sovetskogo predvaritel'nogo rassledovaniya – sushhnost', predposylki, osnovnye napravlenija: Avtoref. dis. Na soisk. uch. st. k.ju.n. – Sankt-Peterburg, 1992. – S. 16; Vedernikov A.N. Aktual'nye voprosy uchastija zashhitnika na stadii predvaritel'nogo rassledovaniya (v svete osushhestvlenija sudebnoj reformy) – Dis. na soisk. uch. st. k. ju. n. – М., 1990. – S. 148.
- 12 Anashkin G.Z. Advokat. Prava i problemy // Literaturnaja gazeta, – 1969. – № 41; Bojkov A., Karneeva L. Ob uchastii zashhitnika na predvaritel'nom sledstvii // Sovetskaja justiciya, – 1970. – S. 19.
- 13 Carev V.M. Jefferktivnost' uchastija zashhitnika v dokazyvanii na predvaritel'nom rassledovanii sledstvii – Krasnojarsk.: Izd. Krasnojarsk. un-ta, 1990. – S. 47.
- 14 Bojkov A., Karneeva L. Ob uchastii zashhitnika na predvaritel'nom sledstvii // Sovetskaja justiciya. – 1970. – № 19.
- 15 ҚР Қылмыстық Кодексі 1997 жыл 16 шілде №167.
- 16 Bojkov A.D. Chto zhe meshaet zashhite? // Literaturnaja gazeta. – 1970. – № 6.



Таубаев Б.Р.  
**Пенитенциарлық қауіпсіздікті  
қамтамасыз ету тетігі**

Мақалада қылмыстық жазаны орындау саласындағы процестер басқа да тетіктерге ықпал етеді. Сонымен қатар бұл ықпал позитивті, негативті да бола алады. Осымен қылмыстық атқару жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен басқа салалармен, мемлекеттің толықтай ішкі қауіпсіздігін өзара байланысымен түсіндіріледі.

**Түйін сөздер:** Пенитенциарлық қауіпсіздік, қылмыстық-атқару құқығы, түзеу-тәрбиелеу жұмыстары, еңбек, сотталғандар, бас бостандығынан айыру.

---

Taubayev B.R.  
**Mechanism of ensuring  
penitentiary safety**

In article processes in the sphere of execution of criminal penalty influence other processes. And also, this influence can be positive and negative. Thus the mechanism of safety of criminal and executive system is explained by interrelation with other branches, full internal security of the country.

**Key words:** the prison security, criminalized enforcement law, educational and correctional work, labor, convicted, custody.

---

Таубаев Б.Р.  
**Механизм обеспечения  
пенитенциарной безопасности**

Процессы в сфере исполнения уголовного наказания влияют на другие процессы. Это влияние может быть позитивным и негативным. Таким образом, механизм обеспечения безопасности уголовно-исполнительной системы объясняется взаимосвязью с другими отраслями, полной внутренней безопасностью страны.

**Ключевые слова:** пенитенциарная безопасность, уголовно-исполнительная права, воспитательно-исправительные работы, труд, осужденные, лишение свободы.

**ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІКТІ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ  
ТЕТІГІ**

Пенитенциарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетігін сипаттауда көптеген ғалымдар мен мемлекет қайраткерлерінің еңбектерін еске алу қажет, соның ішінде Степашин С.В. мен Шульц В.Л. заманауи жағдайларға қатысты мемлекеттің қауіпсіздігі мәселесін терең зерттеді. Авторлар атап айтқандай, қылмыстық-атқару жүйесі сияқты кез келген қиын, үлкен әлеуметтік ұйымдар, қылмыстық-атқарушылық жүйеде нақты көрініс тапқан қарама-қайшы мүдделер мен қажеттіліктері бар адамдар, халық топтарының ұлттық және әлеуметтік қажеттіліктерін қосады. Ол әлеуметтік ұйым ретінде екі негізгі даму тенденциялары – ортаға тартқыш және сыртқа тебуші әрекетін сынайды. Бұл үрдістердің пайда болу дерекнамасы ішкі және сыртқы себептері болып табылады. Сондықтан бірінші орынға барлық қоғам мүшелерінің ауқаттылығы мен прогрессивті қамтамасыз етілуі, азаматтардың қауіпсіздігі, қызметін жүзеге асырғанда нақты әлеуметтік ұйымның, мемлекет пен қоғамның қызметі тиесілі.

Нормативтік-құқықтық және ғылыми әдебиеттерді зерттеу көрсеткендей, пенитенциарлық жүйенің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетігінің проблемасы, оның мемлекет пен қоғамның ішкі қауіпсіздігімен байланысы іс жүзінде әлі шешілмеген, пенитенциарлық қауіпсіздік түсінігі ашылмаған. Сонымен қатар, бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі режим мен сотталғандар ортасында қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтарды алдын алуға арналған ғылыми зерттеулерде осы проблема әртүрлі деңгейде қарастырылып кеткен болатын.

Жоғарыда айтқанымыздай «Пенитенциарлық қауіпсіздік» категориясы жеткілікті қиын және аз зерттелген мазмұнға ие, оның құрылымында оның тетігі маңызды орынға ие. Жалпы және арнаулы әдебиетте «тетік» түсінігінің техникада, биологияда (мысалы, генетикалық тетік), экономикада (нарықтық тетік және т.б.) кең қолданылуына қарамастан бірыңғай түсінігі жоқ. Техникада «тетік» термині бір немесе бірнеше денелердің (жетекшілердің) жүрісі жүйенің қалған денелерінің жүрісіне әкелетін денелердің (тетік түйіндерінің) жүйесі ретінде қарастырылады [1].

Қауіпсіздікке байланысты, кең түрде оны қамтамасыз етудің тетігі белгілі бір ресурстардың көмегімен қауіп-қатерді

жою мен болжамдау шараларының жүйесі болып танылады. Бұл жерде әр түрлі деңгейде қауіпсіздікті басқару туралы сөз қозғалуда. Ол қауіп-қатерді талдаудан және оларды жоюдан тұрады. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тетігі құқықтық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, экономикалық, техникалық, физикалық, психологиялық, ақпараттық, мәдени және т.б. аспектілерден тұрады. Қауіпсіздіктің әрбір түрі өзіндік қамтамасыз ету тетігін ұсынады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетігін қалыптастыру негізі оның моделінің құрылуы болып табылады, ол өзара байланысты реттегі операциялар: бастапқы ақпаратты талдау, қауіпсіздік критерийлерін, оны қамтамасыз ету технологиясы жасау және т.б. [2].

Біздің пікірімізше, пенитенциарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетігінің мазмұнына қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетігінің теориялық-әдістемелік негізінің өзгеде элементтерімен қатар қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторлардың жүйесі (ұйымдасқан қылмыстылық және бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстық орта лидерлерінің құқыққа қайшы іс әрекеті, сотталғандар ортасындағы шиеленістер мен топтық эксцесстер, түзеу мекемелері мен тергеу окшаулағыштарында кепілге алу, сотталғандар ортасындағы аутоагрессия және зорлық зомбылық); қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық, әлеуметтік, саяси, экономикалық, құқықтық және басқа тәсілдері жатады.

Кез келген әлеуметтік құбылыстың дұрыс даму жағдайы ретінде қауіпсіздік ретінде – бұл құбылысты нақты тарихи және табиғат жағдайларында ішкі және сыртқы қақтығыстардан қорғануды қамтамасыз ететін қауіпсіз қоғамдық қатынастар деп түсіндіріледі. Соңғы факторлардың өзара әрекеті әлеуметтік ұйымның қауіпсіздігінің қауіп-қатерінің пайда болуына әкеледі. Қауіп-қатер, қауіптіліктің болуы тұрғындардың әр түрлі топтарының, қоғам институттары мен мемлекеттің, әлеуметтік ұйымдардың мүшелерінің мүдделерінің қарама-қайшылықтары мен басқа факторларға тәуелді.

Қазіргі жағдайларда жаңа және ескі қақтығыстарды дамыту, оларды дер кезінде шешпеу қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігіне әсер ететін қақтығыстарға әкелуден пайда болады. Бұл қақтығыстарға, мысалы, ұлтаралық қатынастар саласындағы қатынастар; қылмыстылық арасындағы, олардың таратушысы

мен мемлекет арасындағы нақты орган (біздің жағдайда – ҚАЖ), қызметшілері арасындағы қарама-қайшылықтар; жазаны орындайтын, сотталғандардың өмірлік қызметі мен кәсіби білім беруші қызметшілердің мекемелері мен органдарының қылмыстылыққа қарсы қақтығыстарды, басқарудың ескі нысандары мен жаңа тәсілдер, технологиялар арасындағы қақтығыстарды айтуға болады. Біздің ойымызша, аталған факторларға қоғам мен мемлекеттің заманауи дамуында маңызды келесі факторларды қосуға болады: радикалдық құрылымдық жағдайлардың шешілетін мақсаттар мен функцияларды ұлғайту кезінде, принципалды жаңаларын құру кезінде (мысалы, түзету мекемелерінің күзеті) сапалық және сандық жағынан ресурстық қамтамасыз етуінің дұрыс еместігі; ұйымдасқан, халықаралық қылмыстылықпен күресуде қылмыстық-атқару жүйесінің ролін күшейту; мемлекет пен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей қатысушылық [3].

Сосын авторлар қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ерекшелігін трансформаторлауға мүмкіндік беретін, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жалпы нысаналы стратегиялық жоспарды атап өтеді. Бұл: 1) қылмыстық жазаны атқару саласында сот билігі, заң атқарушылық мемлекет қызметінің бағытында мақсаттар мен міндеттерді құрастыру; 2) мемлекет пен қоғам өмірінің әр түрлі саласында жалпы мемлекеттік бағдарламалардың қойған мақсаттары мен міндеттеріне сай қалыптастыру; 3) қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін нақты бағдарламаларды жүзеге асыру тетігі мен құрылымын анықтау; 4) вертикалды және горизонталды құрылымды біріктіретін қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесін жасау.

Мемлекет, оның құрылымдық элементтері, соның ішінде қылмыстық-атқару жүйесінің қосалқы жүйесінен, жұмыс істеу аспектілерінен (саяси, экономикалық, әлеуметтік және т.б.) тұратын бірыңғай қоғамдық организм болып табылады. Олардың әрқайсысында негізгі материалдық және рухани құндылықтар арасындағы қақтығыстар пайда болады және дамиды. Дәл осылар қауіп-қатер дерекнамасын қалыптасуына әкеледі. Осы процесстермен нәтижелі басқарудың объективті мүмкіндіктеріне ие болу үшін оларды егжей-тегжейлі зерттеу, мағыналы сипаттамасы, даму заңдылығы мен жүйелік, проблемалық талдауға болатын топтардың барлық қатынасын жіктеу қажет.



Бұл процесстерді әрбір түрінде зерттеу, тұрақты бақылау уақытылы қауіптілікке, соның ішінде қауіпті түрлерінің қалыптасуын ажыратуға мүмкіндік береді [4].

Қылмыстық жазаны орындау саласындағы процесстер басқа да тетіктерге ықпал етеді. Сонымен қатар бұл ықпал позитивті, негативті да бола алады. Осымен қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен басқа салалармен, мемлекеттің толықтай ішкі қауіпсіздігін өзара байланысымен түсіндіріледі.

Біріншіден, мемлекеттің жалпы ұлттық мүдделеріне, қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі мен оның құрамдас элементтеріне, соның ішінде мемлекет мүддесіне кризисті, негативті тенденциялар мен процесстер, қарастырылып жатқан әлеуметтік жүйесіне төнген қауіп-қатер туралы мемлекеттік органдарды жедел түрде айқындау, болжамдау мен ақпарат беруі.

Екіншіден, реалды қауіп-қатерді қажетті заңи, әкімшілік, экономикалық, ақпараттық шаралар қабылдау жолдары арқылы мемлекет пен қылмыстық-атқару жүйесінің нақты басқару органдарының ықпалын алдын алу, локализациялау немесе бейтараптандыру.

Үшіншіден, әскери, жедел-іздістіру, қылмыстық іс жүргізу, авариялық-құтқарушылық, техника-ұйымдастырушылық және басқа да ықпал ету шараларын қабылдау арқылы қауіп-қатер мен оның таратушылары арасында маңызды қарсылық көрсету [5].

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру, жобалау және тәжірибелік әрекеттердің негізгі қауіп-қатерлерін талдау, реалды және потенциалды ішкі және сыртқы қауіптің сипатына, дағдарысты жағдайларға, тағы қылмыстық-атқару жүйесінің қызметінде жағымсыз факторларға баға беру болып табылады. Реалды және потенциалды қауіптің жүйесі статикалық (тұрақты) болып табылмайды. Мұндай қауіп-қатерлер пайда болуы мен жоғалуы, өсу мен төмендеуі мүмкін, бұл кезде олардың қауіпсіздікке маңыздылығы да өзгереді. Қауіптің талдауына маңызды амалдың бірі – кейбір «қауіпсіздік басымдылығының шкаласын» анықтау, қауіптің дәрежесі мен нысанына байланысты қауіп-қатерді классификациялау мен сап түзеу.

Қауіпсіздіктің қауіп-қатерінің динамикалық дамуы мен өзара қатынасының жүйесінің болуы мемлекеттік, аумақтық немесе нақты әлеуметтік ұйымның кез келген деңгейінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әмбебап, жүйелі тәсілдер арқылы мәселелерді шешу қорытындысына әкеп соқтырады [6].

Қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетігінде мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы ережелеріне негізделетін қағидалар маңызды орынға ие. Олардың арасында: заңдылық; мемлекет, қоғам мен тұлға өмірлік маңызды мүдделерінің теңгерімін бақылау; қауіпсіздікті қамтамасыз етуде олардың өзара жауапкершілігі; халықаралық стандарттар мен қауіпсіздік жүйесін интеграциялау.

«Қазақстан Республикасын ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында көзделмеген жағдайлардан басқа, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге болмайды. Азаматтар, қоғамдық және басқа да ұйымдар, бірлестіктер қауіпсіздікті қамтамасыз ететін органдардан өз құқықтары мен бостандықтарының шектелу жағдайларын туралы түсінігін алуға құқылы. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесінде өз өкілеттігін асырған лауазымды тұлғалар заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады. Заңмен көзделмеген қауіпсіздікті қамтамасыз ететін органдарды құруға тиым салынады. Осы жалпы ережелерді жүзеге асыру үшін заңшығарушы Қазақстан Республикасының қауіпсіздік жүйесін анықтайды, ол аталған Заңның 2 тарауында қарастырылған. Қауіпсіздік жүйесін, сонымен қатар қылмыстық жазаны орындау аясында бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайтын оны қамтамасыз ету күштері, адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған саяси, құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, әскери және өзге де сипаттағы шараларды жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар құрайды, Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінің Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген құқықтары мен міндеттерін іске асыру арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады [7].

Қауіпсіздік жүйесінің негізгі функциясына жатады: Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін айқындау; ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаттарын, міндеттері мен негізгі бағыттарын айқындау; ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлерді анықтау, талдау, бағалау және болжамдау; ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлердің алдын алу және оны бейтараптандыру жөнінде жедел және ұзақ мерзімді шаралар кешенін әзірлеу және жүзеге асыру; халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған саяси

бастамаларды ілгерілету; ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштерін ұдайы дайындау; Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысу [8].

#### Әдебиеттер

- 1 Кристи Я. Пределы наказания. – М.: Прогресс, 1985. – С.87.
- 2 Словарь иностранных слов. – М.: Изд. ин. словарей, 1954. – 444 с.
- 3 Чистяков А.А. Механизм формирования основания уголовной ответственности. – Рязань: РИПЭ МВД РФ, 1998. – 150 с.
- 4 Алексеев С.С. Механизм правового регулирования в социалистическом государстве. – М.: Юрид. лит. 1966. – 187 с.
- 5 Лесков М.А. Безопасность как объект социального моделирования // Безопасность. – 1996. – №1,2 (32). – С. 30.
- 6 Степашин С.В., Шульц В.Л. Вопросы безопасности в системе государственного и муниципального управления Российской Федерации. – СПб., 1994. – С. 9-27.
- 7 Основы менеджмента: учеб. пособие / под ред. А.А. Радугина. – М.: Центр, 1997. – 196с.
- 8 Глоточкин А.Д., Деев В.Г., Папкин А.И., Пирожков В.Ф., и др. Исправительно-трудовая психология: учебное пособие / под ред.: Глоточкин А.Д., Игошев К.Е., Платонов К.К. – Рязань: Изд-во РВИИ МВД СССР, 1985. – 356 с.

#### References

- 1 Kristi Ja. Predely nakazaniya. – M.: Progress, 1985. – S.87.
- 2 Slovar' inostrannyh slov. – M.: Izd. in. slovarej, 1954. – 444 s.
- 3 Chistjakov A.A. Mehanizm formirovaniya osnovaniya ugolovnoj otvetstvennosti. – Rjazan': RIPJe MVD RF, 1998. – 150 s.
- 4 Alekseev S.S. Mehanizm pravovogo regulirovaniya v socialisticheskom gosudarstve. – M.: Jurid. lit., 1966. – 187 s.
- 5 Leskov M.A. Bezopasnost' kak ob#ekt social'nogo modelirovaniya // Bezopasnost'. – 1996. – №1,2 (32). – S. 30.
- 6 Stepashin S.V., Shul'c V.L. Voprosy bezopasnosti v sisteme gosudarstvennogo i municipal'nogo upravlenija Rossijskoj Federacii. – SPb., 1994. – S. 9-27.
- 7 Osnovy menedzhmenta: ucheb. posobie / pod red. A.A. Radugina. – M.: Centr, 1997. – 196s.
- 8 Glotochkin A.D., Deev V.G., Papkin A.I., Pirozhkov V.F., i dr. Ispravitel'no-trudovaja psihologija: uchebnoe posobie / pod red.: Glotochkin A.D., Igoshev K.E., Platonov K.K. – Rjazan': Izd-vo RVSh MVD SSSR, 1985. – 356 s.



Шарипова А.Б.  
**Профессиональное  
правосознание судьи**

В статье рассматривается профессиональное сознание судьи, которое включает в себя систему правовых идей, выражающих интересы общества в области правосудия. Также выражает систему собственных правовых воззрений и убеждений, оценок справедливости или несправедливости правовых норм, эффективности правового регулирования, соответствия правовых предписаний характеру общественных отношений, которые регулируются правом. Правосознание судьи также рассматривается как оценка правовых явлений, как специфический акт познания, который обуславливает процессуальное решение и опосредует систему знаний судей, выраженных в нем.

**Ключевые слова:** судья, правосудие, процессуальное решение, правосознание.

---

Sharipova A.B.  
**Professional sense  
of justice of the judge**

The article deals with the judges' professional identity, which includes a system of legal ideas, expressing the interests of society in the field of justice. Also expresses its own legal system views and beliefs, estimates justice or injustice of the rule of law, efficiency of legal regulation, compliance with legal regulations the nature of social relations, which are regulated by law. Legal awareness judge also considered as assessment of legal phenomena as a specific act of cognition that makes procedural decision and mediates knowledge system judges expressed therein.

**Key words:** judge, justice, proceeding decision, sense of justice.

---

Шарипова А.Б.  
**Судьяның кәсіби құқықтық  
санасы**

Мақалада сот әділдігінің саласындағы қоғамның қызығушылығын білдіретін, өзіне құқықтық ой системасын қосатын, судьяның профессионалдық түсінігі қарастырылады. Сонымен қатар, құқықты реттейтін, қоғамдық қатынасының сипатына сәйкес құқықтық ұйғарымын, құқықтық реттеудің нәтижелігін, әділеттік пен әділетсіздіктің бағасының құқықтық нормасын, өзіне меншікті құқықтық сенімі мен көзқарасының системасын көрсетеді. Судьяның құқықтық санасы, құқықтық көрінісінің бағасы мен спецификалық актінің мағлұматы сияқты да, процессуалдық шешімін ескертетін және судьялардың білушілігінің системасын жанамалайтындығын айқындап көрсетеді.

**Түйін сөздер:** сот, әділдік, процессуалдық шешім, әділдік сезімі.

## **ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ПРАВОСОЗНАНИЕ СУДЬИ**

Повышение эффективности деятельности суда по укреплению правовой основы государственной и общественной жизни обусловлено рядом объективных и субъективных факторов:

1) упрочение режима законности при рассмотрении судами уголовных и гражданских дел;

2) повышение уровня законности и обоснованности судебных решений;

3) в частности, профессионального правосознания судей и судебных гарантий защиты прав и законных интересов граждан, участвующих в судопроизводстве.

Решение суда – это индивидуальный акт применения права – выносится особым органом государственной власти, т.е. судом. Судебное решение в своей сущности всегда является результатом познания (знания) и оценки судьями определенных фактов в их правовом и нравственном содержании, т.е. в соответствии с правовыми, этическими знаниями судей.

По своей природе решение является процессуальным актом, которое принимается в результате разнообразной и сложной оценки судьями достоверности различных видов информации, тех правовых, этических знаний и знаний о конкретных обстоятельствах исследуемого события, которые должны быть закреплены в их решении. Качество решений любой системы, достижение поставленной перед ней цели в значительной степени предопределяются правильностью и достоверностью знаний, лежащих в его основе.

Особое актуальное значение приобретает исследование проблемы сущности профессионального правосознания или знания судьи, которое выражается в его решении. Если создать такие условия, при которых знания судей по каждому делу соответствовали бы требованиям закона, то была бы решена проблема устранения судебных ошибок и достигались бы фактически все цели правосудия по каждому делу. В практическом отношении изучение того, каким образом полученная судьями информация о фактах и вопросах, подлежащих разрешению в том или ином судебном акте, трансформируется в их знание, – по сути, исследование роли субъективного фактора в обеспечении законности и обоснованности судебных решений. Стандарты судебных решений нормативно урегулированы,

закреплены нормами процессуального права, а их содержание определено как правовыми, так и иными социальными нормами. Эти стандарты упорядочивают механизм принятия судьями решения и способствуют осуществлению функций правосудия. Отсюда – необходимость изучения указанного механизма. Условиями, обеспечивающими его адекватность целям и задачам правосудия, являются правосознание судьи, его политический, профессиональный, житейский опыт и знания, аккумулированные в процессуальном решении и полученные в результате достоверного изучения обстоятельств рассматриваемого уголовного дела.

В правовой литературе общепризнано, что материальным субстратом государственного органа «являются живые люди, которые вырабатывают волю общественного образования и через которые осуществляется деятельность этого общественного образования как единого целого» [1, с. 11].

Н.В. Радутная, исследуя деятельность судьи, пришла к выводу о том, что судья осуществляет обычно следующие виды деятельности: проективную – планирование судебного разбирательства; познавательную – рассмотрение судебного дела; идеологическую – осуществление воспитательной роли суда; коммуникативную – общение в судейской коллегии, в коллективе суда, с гражданами и т. д. [2, с. 45].

Очевидно, что на судью по профессии законом возложена обязанность руководить судебным разбирательством, а отправление функций правосудия является для него еще и служебным долгом. Большинство судебных решений судьи по профессии принимают единолично или в коллегии из постоянных судей. Невозможно успешно исследовать механизм принятия коллегиального решения, например, не изучив процесса формирования знаний.

Анализируя предложенную Н. В. Радутной классификацию видов деятельности судьи, В. Н. Кудрявцев особо обращает внимание на то, что принимаемые судьей решения и осуществляемые им действия лишь в некоторых случаях отражают его единоличную волю. Во всех же остальных видах деятельности судья либо аккумулирует коллективный опыт судейской коллегии, либо участвует в выработке коллективного решения.

Правосознание судьи о фактических обстоятельствах дела всегда сформулировано в правовых, этических терминах и представляет собой описание индивидуальных противоположных

событий и вытекающей из них доказанности (недоказанности) правовых последствий. При этом знание судьи рассматривается, как функциональная система, которая стремится (или должна стремиться) к достижению конкретного результата. Причем требования к последней определены законом. Иначе говоря, судейское знание – продукт познавательной деятельности и мышления судьи (или состава суда), в процессе формирования которого происходит качественный отбор информации в соответствии с ее объективной значимостью для решения вопросов, возникающих по делу.

Следует, что, знание судьи выражает социальную и правовую сущность исследуемых в судебном разбирательстве фактов объективной действительности, которая реализуется в его решениях по делу. В сфере судопроизводства судебное решение не носит импровизированный характер, а подчиняется заранее установленной процедуре его вынесения. Сущность процессуального судебного акта подлежит оценке на основе predetermined критериев – законности и обоснованности судейского знания – для справедливого решения тех правовых вопросов, ответ на которые дан судьями в их решении.

На результате познания известно судебное решение, которое фиксирует в определенной системе эмпирических правовых и этических понятий сформированный у судей образ объективной действительности – объект судебного разбирательства и уровень овладения этим объектом с позиций вероятности или достоверности суждений судей, правильности их правовых оценок. Познание обстоятельств, подлежащих установлению в ходе судебного разбирательства, движется не от чувственно воспринимаемых судьей сведений, содержащихся в источниках доказательств, к формальной (нормативной) абстракции и не от формальной абстракции (т.е. от нормативного описания правового запрета) к чувственно воспринимаемому конкретному факту, а от одного, теоретически осмысленного факта в его правовом значении к другому. Выбор фактов не произволен, он задан в правовых нормах, которые организуют поступательность и конкретизацию процесса судебного познания. Спецификой судебного познания является то, что познавательный процесс раскрывается в динамике непрерывного восхождения от объекта (обстоятельств, подлежащих доказыванию по делу) к субъекту (судьям), в результате чего у судьи формируется образ явлений

объективной действительности, которые исследованы в судебном разбирательстве.

В процессе процессуальной деятельности целый ряд факторов формирует адекватность смыслового содержания судебных констатаций требованию закона, к их числу этих факторов следует отнести: выдвинутые по делу версии; уровень правосознания и нравственного сознания судьи; его профессиональный опыт, профессиональную и жизненную направленность его личности; полноту исследования фактических обстоятельств дела.

Именно эти факторы обуславливают специфику единства чувственного и рационального в формировании у судей образа противоправного поведения. При этом материальный и процессуальный закон организует смысловое содержание фактических данных, установленных по делу, и тех их правовых свойств, которые являются определяющими для адекватного решения фактических и правовых вопросов, возникающих по делу.

Таким образом, в судебных стадиях судьями, с одной стороны, познаются обстоятельства, подлежащие доказыванию по делу, с другой проверяется достоверность знаний, объективизированных например в процессуальных актах правоохранительных органов или нижестоящим судом, т.е. контролируются доказательственная достоверность и правовая правильность знаний, достигнутых в предшествующей процессуальной стадии, выступающих в качестве преемственности знаний в судебном познании.

В заключении хотелось бы отметить, что специфика познания судьями обстоятельств дела состоит в том, что вначале на основе своего профессионального правосознания судья осваивает знания иных лиц например, органов досудебного расследования или гражданского истца, с точки зрения их достаточности и юридической правильности для решения вопросов о начале судебного разбирательства, а затем в ходе судебного разбирательства судья познает и осваивает новые факты, проверяет их достоверность.

#### Литература

- 1 Братусь С.Н. Юридические лица в советском гражданском праве. – М., 1947. – 364 с.
- 2 Радутная Н.В. Народный судья: профессиональное мастерство и подготовка. – М., 1977. – 144 с.

#### References

- 1 SN Bratus Legal entities in the Soviet civil law. – M., 1947. – 364 p.
- 2 Radutnaya NV People judge: professional skills and training. – M., 1977. -144 p.

Тлепбергенов О.Н.  
**Қылмыстық саясат, құқықтық  
даму: жағдайы мен болашағы**

Мақалада автор қылмыстылыққа қарсы тұрудағы негізгі бағыттарды анықтаған. Қылмыстылыққа қарсы тұрудағы қылмыстық саясаттың қазіргі жағдайы мен даму тенденциясы туралы мәселелерді қарастырған. Қылмыстан сақтандырудың экономикалық сипатын ашқан. Қылмыстан сақтандыру мәселелерінің рухани аспектілерін қамтыған. Сонымен қатар, автор қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясаттың адам, оның заңды құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталғандығын ашып көрсеткен.

**Түйін сөздер:** қылмыстылық, қылмыстылыққа қарсы тұру, қылмыстан сақтандыру, қылмыстық саясат, заңды құқықтар, бостандықтар.

---

Tlepbergenov O.N.  
**Criminal policy, legal  
development: status and  
prospects**

The author of the article revealed the main directions of combating crime. Considers the problems associated with the current state and development trends of criminal policy. Describes economic nature of crime prevention. Covers spiritual aspects of the problem of crime prevention. And also, the author revealed the rights and freedoms of the individual as the primary task of criminal policy in the field of crime prevention.

**Key words:** crime, crime prevention, criminal policy, legal rights, freedom.

---

Тлепбергенов О.Н.  
**Уголовная политика, правовое  
развитие: состояние  
и перспективы**

Автор в статье выявил основные направления противодействия преступности. Рассматривает проблемы, связанные с современным состоянием и тенденциями развития уголовной политики. Описывает экономический характер предупреждения преступлений. Охватывает духовные аспекты проблемы предупреждения преступлений. А также, автор раскрыл обеспечение прав и свобод человека в качестве основной задачи уголовной политики в сфере предупреждения преступлений.

**Ключевые слова:** преступность, противодействие преступности, уголовная политика, законные права, свободы.



**ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ,  
ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУ:  
ЖАҒДАЙЫ МЕН  
БОЛАШАҒЫ**

Елбасы Н. Назарбаевтың қылмысқа қарсы күресте табанды позицияны ұстануы бірінші кезекте қылмыстың ауыздықталуына, сонымен қатар экономикалық өсуді бірқалыпты деңгейге қоюға қол жеткізгенді. Қылмыстық саясат – бұл арнайы белгі мен айрықша реттеу тәсіліне ие, ерекше қауіпті қылмыстық-құқықтық қатынастарды реттейтін мемлекеттің саясатының заңды бөлігі. Қылмыстың қоғамға қауіптілігі мен салдарында әлеуметтік-саяси саланың дұрыс дамымауының белгілері бар. Қылмыс адамды әлеуметтік қолдау мен тиісті бақылаудың аздығынан пайда болады. Ұлттық құқықтық жүйеміздің қалыптасуына байланысты қоғамда қалыптасқан саяси, экономикалық, қылмыстық қатынастарды реттеуде жаңа заңнамаларды қабылдау қажеттілігі айқындалды. Осы мәселелерді шешу үшін көптеген заңдарды қабылдап, қолданысқа енгізу осы қажеттілікті қанағаттандыру тұрғысынан қажет еді. Жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілігі мен қылмыстың салдары саяси-заңдық, қоғамдық-саяси тұрғыда ғана салалық белгіге ие болғандығымен ғана емес, бұл құбылыстар барлық әлеуметтік топтардың мүддесін зақымдауымен де қауіпті. Қылмыстық саясаттың арнаулы белгілеріне: әсер ету аймағы, ерекше мақсаттылығы, нысаны, басқа саясат түрлеріне қатысы жоқ белгілерінің болуы жатады (күштеу саясаты).

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы тамыздың 30 жұлдызында бүкіл халықтық Референдум арқылы қабылданған Ата Заңымыздың 1- бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген [1]. Осы бап талаптарын көздей жүргізілген саясат мемлекет басшылығының – қылмыстық саясатқа қатысты ұстанып отырған бағытын көрсетеді. Тәуелсіздік алғаннан соң елімізде қалыптасқан ауыр криминогендік жағдай, қылмыстың өршуі, сыбайлас жемқорлықтың ерекше қарқынмен дамуы – экономикалық дамуды кенжелетіп қана қоймай, мемлекеттің халықаралық қауымдастықтағы саяси беделінің дұрыс дәрежеде қалыптаспауына да әсер еткендігі ақиқат. Қылмыстық саясаттың түсінігіне тоқталған кезде, осы түсініктің құқықтық ядросын дәл анықтаған маңызды. Қазақстан мемлекетінің

алдында тұрған маңызды мәселенің бірі – мемлекеттің саяси бағытын қылмысқа қарсы күресте нақты анықтап, жеткілікті нәтижеге қол жеткізу болып отырғандығы белгілі.

Мемлекет басшысының жыл сайынғы халыққа жолдаулары, қолданыстағы заң актілері, азаматтардың құқықтық мемлекет құруға талпыныстары – Қазақстан Республикасын шын мәніндегі адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы мен бүтіндігін қамтамасыз ететін мемлекетке айналдырары сөзсіз.

Қазақстан мемлекетінің алдында тұрған маңызды мәселенің бірі – мемлекеттің саяси бағытын қылмысқа қарсы күресте нақты анықтап, жеткілікті нәтижеге қол жеткізу болып отырғандығы белгілі. Жаңа Қазақстанның қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясаты: методологиялық, саяси, әлеуметтік, тарихи, ғылыми-жаратылыстану, заңдық, қылмыстық-құқықтық, криминологиялық аспектілерден тұратындығы анық. Көрсетілген бағыттың әрқайсысы – терең зерттеу мен талқылауды қажет етеді. Осы себепті де қылмыстық сақтандыру мәселелеріне қатысты ғылыми зерттеулердің өзектілігі – байыпты көзқарас пен терең зерттеуді қажет етеді.

Ұлттық құқықтық жүйеміздің қалыптасуына байланысты қоғамда қалыптасқан саяси, экономикалық, қылмыстық қатынастарды реттеуде жаңа заңнамаларды қабылдау қажеттілігі айқындалды. Осы мәселелерді шешу үшін көптеген заңдарды қабылдап, қолданысқа енгізу осы қажеттілікті қанағаттандыру тұрғысынан қажет еді. Елбасы Н. Назарбаевтың қылмысқа қарсы күресте табанды позицияны ұстануы бірінші кезекте қылмыстың ауыздықталуына, сонымен қатар экономикалық өсуді бірқалыпты деңгейге қоюға қол жеткізгендігін қамтамасыз еткендігін айта кету керек.

Қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясат біріншіден адам мен оның заңды құқықтары мен бостандықтары мәселесін шешуге бағытталуы тиіс. Өйткені, «қылмыстық құқықтық бағыттағы ғылыми зерттеулер саласында: ғаламдану, саясат, экономика, терроризм, ұйымдасқан және кәсіби қылмыстылық, жоғары инновациялар мен ақпараттық саладағы қылмыстылық, барлық адамзат пен жекелеген елдердің ұлттық қауіпсіздігі, жаппай заңсыз және криминалдық миграция сынды әлемдік ауқымдағы әлеуметтік мәселелердің әсері анық байқалады» [3, 56 б.].

Қылмыстық саясат азаматтарды қылмысқа қарсы күрестегі ортақ идеология талаптарына

біріктіруді көздейді. «Саяси және идеологиялық әралуандылық – өзара байланысты құбылыс. Идеология саясатқа тікелей сіңісіп кетеді, өйткені соңғысын адамның, топтардың, жұртшылықтың, ұлттар мен басқа да әлеуметтік топтардың санасынан, олардың мүдделерінен, сұраныстарынан, дүниетанымынан бөліп алуға болмайды [4, 33 б.]. Идеологиялық қызмет қылмыстық саяси үрдістердің тәжірибесін де қалыптастырады, яғни мемлекеттің құқық қорғау қызметі мен қылмыстық саясаттың тәжірибесі және қоғамдық құндылықтардың өзара өзектестігі – қылмыспен күрес пен сақтандырудың бағытын айқындап қана қоймай, Қазақстан халқын жеке қылмыстық қол сұғушылықтан, ұйымдасқан қылмыстық топтың шабуылынан қорғаудың құқықтық негізін қалыптастырады.

Қоғамдағы пікірлерге деген толеранттылықты жолға қою мен адамдардың өзара сыйласымдылық қатынастарын қалыптастырудағы мемлекеттің ролі әрқашанда ұйымдастыру сипатында болса, онда қылмыстық саясатты жүзеге асырушы құқық қорғау органдары мен басқа да құрылымдар жайлы кейінірек тоқталармыз. Сол сияқты бірқатар мәселелерді шешу жолдары да осы ғылыми жұмыста қарастырылатын болады. Тәуелсіздік алғаннан соң елімізде қалыптасқан ауыр криминогендік жағдай, қылмыстың өршуі, сыбайлас жемқорлықтың ерекше қарқынмен дамуы – экономикалық дамуды кенжелетіп қана қоймай, мемлекеттің халықаралық қауымдастықтағы саяси беделінің дұрыс дәрежеде қалыптаспауына да әсер еткендігі ақиқат.

– методологиялық тұрғыдағы – қылмыстық саясаттың методологиялық негіздері мен әлемдік таным жүйесін зерттеуді;

– саяси тұрғыда – қылмыстық саясаттың саяси мәні мен қағидалары, қағидалардың түсінігі мен өзектілігі, саяси басқа бағыттармен ара – қатынасын;

– әлеуметтік тұрғыда қылмыстық саясаттың әлеуметтік мәні мен тамырын;

– тарихи тұрғыда – қылмыстық саясаттың даму кезеңдері мен пайда болу уақытын;

– жаратылыстық – ғылыми сипатта – қылмыстық саясаттың жаратылыстану ғылымының өзге салаларымен ара – қатынасын;

– заңдық сипатта – қылмыстық саясаттың пәнінің жүйелік, кешенді, салааралық ерекшелігін және оның заңдық табиғаты, қылмыстық саясаттың басты бағыты ретінде қылмыстан сақтандыру кезінде қолданылатын нормативті – құқықтық актілер мен олардың қайнар көздерін;

– қылмыстық – құқықтық тұрғыда – қылмысқа құқықтық баға беру мен қылмысқа қолданылатын жазалау жүйесін, қылмыстық заңды жетілдіру, криминологиялық тұрғыда – қылмыстың жасалу себептері мен жағдайларын, қылмыстылықтың деңгейін, қылмыстылыққа бақылау мен криминологиялық болжау жүргізуді талап етеді.

Ал, осы зерттеудің негізіне – қылмыстық құқықтық және криминологиялық зерттеудің басым бағыттары жатады. Тақырыптық қажеттілігі мен маңызы – экономикалық, саяси, рухани, қылмыстық – құқықтық, заңдық тұрғыдағы мынадай кешенді мәселелердің шешілуінен көрініс табады:

а) қылмыстан сақтандырудың экономикалық сипаты дегеніміз – экономикалық және әлеуметтік мәселелерді ұдайы шешу арқылы қылмыстылықты бақылауда ұстау деген сөз. Ұйымдасқан қылмыс мемлекеттің экономикалық дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, мерзімдік дағдарыстың негізгі себебі болуда. Сонымен қатар нарық реформасының басталуы мен оған халықтың «бой үйрету» үдерісінің ұзаққа созылуы, заңсыз баюды, рейдерлік әрекеттер мен басқа да жаңа заман қылмыстарын туындатты. Алайда, «нарыққа өту халықтың әлеуметтік таңдауына қайшы келмейді. Нарық бүкіл қоғамның ізгілік жағдайымен біріккен кезде ғана адамдар қажеттілігін қанағаттандыру мен олардың игіліктерінің әділетті бөлінуінің, құқықтардың сақталуы мен демократияның нығаюын қамтамасыз ете алады» деп көрсетті ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев [2, 31 б.]. Сондықтан да экономикалық саладағы қылмыстық саясат дегеніміз – экономикалық қатынастардың ашықтығына қол жеткізу мен кәсіпкерлерді «көлеңкелі экономикаға» заңсыз араласудан сақтандыру.

ә) Қылмыстан сақтандыру – саяси тұрғыда мемлекеттің қылмыстық саясатының құрамды бөлігі болып табылады және жеке сипат пен бағытқа ие. Мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі ретінде қылмыстық саясат – қылмысты құқықтық тұрғыдан зерделеуді және қылмыс пен қылмыстық топтардың мемлекет саясатына әсер етіп, дамуын теріс бағытқа салмауына атсалысады. Экономикалық қатынастар – өндіріс пен тұтынудың күрт өзгеріске ұшырап, әлеуметтік құрылымның бір бөлігінің шексіз баюы мен миллиондаған адамдардың тұрмыс деңгейінің төмендеуіне әкелді. Ал қылмыстық саясаттың негізгі міндеті – қылмыстық заңның алдында қандай да бір әлеуметтік топтардың артықшылық алмауын қамтамасыз етумен ету мен құқық-

тық теңдік пен әлеуметтік жағдайдың ара – жігін отырату болып табылады. Қылмыстан сақтандырудың саяси сипаты – Қазақстанның қылмысты күрестегі нәтижесі жұмысы мен әлемдік қауымдастықтағы жоғары беделін қалыптастырудан да бастау алады.

б) Рухани тұрғыдағы қылмыстан сақтандыру дегеніміз – азаматтардың санасына құқықтық сенім мен әлеуметтік әділеттілікті жасауға деген ынтаны жеткілікті қалыптастырудан көрініс табады. Адам өмірі – материалдық және моральдық мүдделер қақтығысынан тұрады. Қылмыстан сақтандырудың рухани мәні – адам мен азаматтың бойындағы моральдық және адамгершілік құндылықтардың қалыбын көтеруден бағамдалады. Экономикалық және әлеуметтік саяси үрдістердің ерекше қарқынмен жүзеге асуы – қоғам мүшелерінің де рухани өмірі мен санасына да өз әсерін тигізбей қалған жоқ. Үрдістердің теріс ықпалы – қоғамның әлеуметтік және рухани бірлігінің ыдырауына негіз болып қана қоймай, қылмыстың саясатты қоғам мүшелерінің ерікті қолдауынан айырды.

в) Қылмыстық саясаттың құрамдас бөлігі ретіндегі қылмыстан сақтандырудың методологиясы да Қазақстан халқының қоғамдық сипатына сәйкес үлкен өзгеріске ұшырады. Негізгі методологиялық қағидалар да түрлі көзқарастар әсерінен өркениетті түрдегі жаңа сипатқа ие болды. Заңдық әдебиетте қалыптасқан қасаңдықтан арылған «Қылмыстан сақтандыруға қатысты ғалымдардың жаңа тұжырымдамалар тобы» пайда болды. Қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясат тотаритарлы мемлекет мүддесіне қызмет етіп, тұлғаны қорғаудың орнына көп жағдайда басып жаншыды.

г) Қылмыстан сақтандырудың заңдық негізгі қалыбы – Қылмыстық заң да үлкен өзгеріске ұшырады. Жаңа қабылданған қылмыстық заң – ҚазССР – нің ескі қылмыстық кодексінің көп кемшіліктерін жоюмен қатар, қылмыстық – құқықтық қатынастарды реттеудің мүлде жаңа нысанын қалыптастырды. Қылмыстық заң – қылмыстық саясаттың объектісі ретінде қылмыс және онымен күрестің құқықтық негізгі болып табылатын бірден – бір құқықтық акт.

ғ) Қылмыстық құқық ғылымында қылмыстық сақтандырудың түсінігі мен пәні, құрылымы, бағыты туралы біртұтас түсінік жоқ. Қылмыстан сақтандыру мен қылмыстық саясаттың өзектілігі туралы жазылған көптеген ғылыми еңбектер мемлекеттегі қылмыстық саясат басқа мәнге ие болған кезеңде жазылған болатын. Ке-

нестік кезеңнің ғылыми – құқықтық әдебиеттерінің басым көпшілігінің тәуелсіз Қазақстанның қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясатының мәнін ашуға теориялық қабілеттілігі болмады. Қазақстанның құқықтық жүйесі мен құқықтық саясаты КСРО құқықтық жүйесіне толығымен кереғар сипатқа ие болды.

д) Қазақстан Республикасының қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясатының криминологиялық бағыты қылмыстық құқық ғылымында терең зерттелмеген. Тіпті, криминология оқулықтарында да қылмыстан сақтандыру туралы жеткілікті қарастырылмаған. Қылмыстылық құбылысы криминологияның маңызды бөлігі болып табылады, ал қылмыстылықтың деңгейі – қылмыстық саясаттың негізгі объектісі. Криминология – қылмыстан сақтандырудың өзекті мәселелерін қарастырады. Сонымен қатар қылмыстан сақтандырудың пәні мен ғылыми негіздемесін қалыптастырады.

ж) Қылмыстық саясат пен қылмыстан сақтандырудың заң ғылымы жүйесіндегі орны мен мәртебесі туралы сұрақтар түрлі ғылым салалары мен заң ғылымдарының арасындағы қатынастармен тығыз байланысты. Қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясатты заң ғылымының басқа ғылым салаларымен қатынасынсыз қалыптастыру мүмкін емес. Осы

тұрғыда қылмыстық саясаттың әлеуметтік – психологиялық аспектілерін атап айтқанда: географиялық, демографиялық, биологиялық, халықаралық бағыттарын тереңірек қарастыру керек. Көрсетілген салалар бойынша жазылған ғылыми еңбектер аталған салалардың қылмыстық саясатқа қатынасын тікелей ашып көрсетпейді. Бірақ, қылмыстық саясаттың объектісінің құқықтық қорғалу ерекшелігі мен қылмыстық саясат субъектісінің демографиялық, әлеуметтік – психологиялық, биологиялық, географиялық, табиғи ерекшеліктерін ескермей, қылмыстық саясаттың негізгі бағыты ретіндегі қылмыстан сақтандыру үрдісінде оң нәтижеге жету мүмкін емес.

Егемендік алғаннан соң, тәуелсіз мемлекет талаптарына сай қылмыстық саясаттың басқа түрдегі ұтымды бағыттарын анықтау мемлекеттік дәрежедегі қажеттілік екендігі байқалды. Жалпы саясат- мемлекет тағдырын шешуге қатысты саяси сипаттағы әрекеттердің жиынтығы десек, мемлекеттің қылмыстық саясатты ізгілендіру сипатында жасап отырғандығы мемлекеттің қылмыстық саясаттағы бағыты десек, онда қылмыстық саясат – дегеніміз қылмысқа қарсы күресте оны жою мен жолын кесуге бағытталған әрекеттердің жиынтығы деген түсінікті ұсынамыз.

### Әдебиеттер

- 1 ҚР статистикалық агенттігінің ресми сайты: 2012 жылдың 11 айындағы жол-көлік оқиғаларын есепке алу жағдайы // <http://pravstat.prokuror.kz/kaz/novosti/press-releasy>
- 2 О состоянии аварийности и травматизма на дорогах // <http://prokuror.gov.kz/rus/novosti/press-releasy/o-sostoyanii-avariynosti-i-travmatizma-na-dorogah>
- 3 О состоянии аварийности и травматизма на дорогах в Республике Казахстан за январь 2015 года // <http://servicepravstat.kz/portal>
- 4 Қайыржанов Е.И. Основные теоретические проблемы объекта уголовно-правовой охраны в СССР. – Автореф... д.ю.н. – Киев, 1975.

### References

- 1 The official website of statistical agency of RK: the enumeration of road-traffic accidents in November in 2012 // <http://pravstat.prokuror.kz/kaz/novosti/press-releasy>
- 2 About the state of accidents and injuries on the roads // <http://prokuror.gov.kz/rus/novosti/press-releasy/o-sostoyanii-avariynosti-i-travmatizma-na-dorogah>
- 3 About the status of accidents and injuries on the roads in the Republic of Kazakhstan for January 2015 // <http://servicepravstat.kz/portal>
- 4 Kairzhanov E.I. The main theoretical problems of criminal-law security's problem in USSR. – Autoreph... J.D – Kiev, 1975



Yergali A.M., Akpayeva N.A.

**The essence, grounds and conditions for the application of penalties associated with isolation from society**

The article deals with the essence of punishment, directly related to the deprivation of freedom in the theory of criminal law of the Republic of Kazakhstan and in the comparative theoretical analysis with foreign countries. We give a theoretical and legal assessment and analysis of the reasons and conditions, as well as draw conclusions for the improvement of some specific aspects of the execution of some of these penalties in general.

**Key words:** criminal law, punishment, penal law, social justice, purpose, convicted, right, humanization, prevention measures.

---

Ерғали А.М., Акпаева Н.А.

**Қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазаларды қолданудың мәні, негізі және шарттары**

Мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық теориясындағы бас бостандығынан айырумен тікелей байланысты жазалардың мәні және шет мемлекеттерімен салыстырмалы-теориялық талдау қарастырылған. Аталған жазаны атқаруға теориялық-құқықтық баға беріліп, оны қолданудың негіздері мен шарттары талданған, сондай-ақ осы жазаларды атқаруды жетілдірудің кейбір аспектілеріне қатысты сәйкес қорытындылар жасалған.

**Түйін сөздер:** қылмыстық құқық, жаза, қылмыстық атқару құқығы, әлеуметтік әділеттілік, мақсат, сотталған, ізгілендіру, сақтандыру, шара.

---

Ерғали А.М., Акпаева Н.А.

**Сущность, основания и условия применения наказаний, связанных с изоляцией от общества**

В статье рассматривается сущность наказаний, непосредственно связанных с лишением свободы в теории уголовного права Республики Казахстан и в сравнительно-теоретическом анализе с зарубежными государствами. Дается теоретико-правовая оценка и анализ оснований и условий, а так же делаются соответствующие выводы по совершенствованию некоторых отдельных аспектов исполнения некоторых из этих наказаний в целом.

**Ключевые слова:** уголовное право, наказание, уголовно-исполнительное право, социальная справедливость, цель, осужденный, право, гуманизация, превенция, меры.

**THE ESSENCE, GROUNDS  
AND CONDITIONS FOR  
THE APPLICATION OF  
PENALTIES ASSOCIATED  
WITH ISOLATION FROM  
SOCIETY**

The problem of exposure to crime through criminal punishment has been and remains one of the least studied, although the maxim: «In order to discourage others were» – has always been at the basis of the relevant legislation and practice over the centuries. Of course, neither criminal law as a whole nor its individual institutions are not the main measures of crime prevention, which however can not be a reason for neglecting them.

Place of general warning effects of punishment in the theoretical concept of responses to crime depends greatly and depended on the socio-economic conditions, legal and other views of a particular society [1, p. 247].

Running increasing the pace of reforms in the sphere of politics, law, economics and other branches of government in the Republic of Kazakhstan puts on one of the first problem of the fight against crime (mainly related to embezzlement, corruption, bribery, drugs, fraud, etc.) And the penal problem.

According to V.I. Kostyrev in his dissertation – «deprivation of personal, financial nature, which contain sanctions are perceived differently now than a few years ago,» and this makes it necessary to carry out research on this issue.

In general, the penalties provided for by the criminal law for offenses vary in content and severity. Put them in the Criminal Code in a certain order to form a whole system of punishments. Under the system is understood criminal law internally ordered an exhaustive list of the types of penalties that may be imposed sanctions in the Special Part of the rules and applied by a court for committing a socially dangerous acts.

By the penalties associated with isolation from a society are primarily: arrest, imprisonment and the death penalty (as an exceptional measure).

It is necessary to emphasize the originality of the situation in the sphere of application of criminal penalties. On the one hand, the picture should be quite safe, as the recently adopted new criminal and penal legislation which has taken into account to maximize all the features of the current criminological situation, national and international experience of combating crime and the requirements of international standards for the treatment of offenders. To create a modern legal framework enabling to fight crime more effectively [2, p. 8].

However, on the other hand, these expectations are premature in view of the fact that among the measures of criminal repression falls on indefinitely a group of very serious penalties. For example, on the basis of article topics, the penalty of death is in question (at least at the present time it is not assigned, and is not executed), the disposal of the judiciary the most significant form of punishment in isolation from society system is imprisonment. But given the state of exceptionally unfavorable trends, structure and dynamics of crime in the country, characterized by an increasing proportion of serious and violent crime, of course, required and strict measures to deal with them [4, p. 288].

On this basis, it develops quite unfavorable picture using an arsenal of criminal sanctions, which negatively affects the state of the fight against crime as well as the activities of correctional institutions. Considering the more problematic and generally above penalties involving isolation of the convict from society, in the first place is to reveal the punishment in the form of arrest.

Execution of the penalty of arrest is also very problematic. Socio-legal preconditions administration and execution of the arrest led to the specifics of this new type of criminal punishment, which is placed between the deprivation of liberty and punishment without isolation from society than what would be emphasized its average character.

This punishment was conceived as a «shock», it means moral shake-up of the offender, especially if he was in the dock for the first time. Therefore, the conditions of serving the penalty is assumed to be rigid, though it is not shared by all the participants of numerous discussions of the proposed projects the introduction of this legal institution [5, p. 141].

And his administration justified by the need to have a broader alternative to the use of imprisonment, as required by the international community. This idea had been destroyed in 2003, the introduction of the provisions, taking as an example in this article of the Russian Federation, according to which the lower prison sentence reduced from six months to two months. The arrest is known to be appointed for a period of 13 to 90 days, in connection with the established competition penalties of imprisonment and detention. This essentially is an indirect proof of the frailty of his arrest as a form of criminal punishment.

Currently, the most strict isolation is achieved in prisons, detention centers and colonies of special treatment (primarily intended for convicts serving life imprisonment). Consequently, the conditions of serving the penalty of confinement should be

determined within the framework of security requirements established in these institutions. A data security requirements are extremely severe, especially in prisons and colonies of special regime, as there serving a sentence most dangerous category of criminals. But how to reconcile the strict conditions of detention and isolation applied to persons who committed much less serious crimes, the principle of justice enshrined in the Criminal Code? This principle requires that punishment and other measures of criminal law applicable to a person who has committed a crime, to be fair, that is, consistent with the nature and degree of social danger of the crime, the circumstances of its commission and the person guilty.

All these requirements are equitable weakly linked with the essence of punishment in the form of arrest (where the conditions are even more severe punishment than the strict prison regime), at least as a means of «shock therapy» applied to persons who are not dangerous criminals. In the future, most likely, to the institution of the arrest of the legislator will return again (especially when a certain practice of its application will be accumulated). It may be advisable to use (up to two or three years) instead of short-term imprisonment and apply to a wider range of persons convicted including for offenses of minor or moderate severity. In these cases, the conditions of strict isolation would be more consistent with both the principle of justice and the requirements of «shock therapy».

Next, examine a range of in prison. Imprisonment is isolation of the convict from society in institutions, where he is under constant surveillance by armed guards and, under strict regulation of all life laid down for these institutions regime.

The penalty of imprisonment contains a number of contradictions, of which the most important are the following:

- Seeking by means of certain hardship and suffering to force man to law-abiding behavior, the state at the same time it causes unnecessary suffering, that turn from the pursuit of the convict correction;
- Striving for social rehabilitation of the convicted person, it is placed in such conditions that contribute to weakening and breaking of these bonds;
- Wishing to return man stumbled into society and social normal law-abiding people, it will prevent people in society, as well as or even more deviated from the social norm, under the influence of which he can easily get there.

The lack of social rehabilitation of persons with criminal records, the practical impossibility



of employment, lack of housing – these and similar circumstances set the stage for the growth of recidivism. Every third detected crime committed by persons previously come into conflict with the law [3, p. 821].

It should be noted that in recent years the courts have increasingly used imprisonment as the most severe type of punishment to members of organized criminal groups and communities. However, the size of the punishment often does not correspond to the severity of their crimes. When his appointment should be guided by a proven principle for centuries: the punishment should be severe enough to deter the offender from reoffending, and other fragile members of society from such a violation of the criminal law. It must be ensured strict repressive effect on those responsible for serious crimes, while extensive use of milder forms of punishment for a minor offense and, in particular, through negligence.

The role of the criminal law sanctions as a legal guarantee of achieving the goals of preventing crime is primarily manifested in its deterrent function. The threat of retaliation keeps potential offenders from committing crime, he creates in his mind the struggle of motives. Naturally, the more severe punishment for the criminal law establishes a specific act, the greater the psychological barrier to overcome a person who hatched the plan to commit a crime [6, p. 157].

Deprivation of liberty should be applied only when using other punishments not provided it possible to achieve the desired effect. In the appointment of punishment is needed most subtle account of the person condemned person as in any

other case, the application of penalties should be aware of «economy of repression».

Deprivation of liberty in all cases shall be deprivation of liberty, deprivation of freedom of movement, but not the deprivation of normal hygienic conditions, normal food, possibilities of intellectual and aesthetic development. This penalty should be eliminated completely unnecessary restriction of rights, including excessive restrictions to the outside world; It must be completely eradicated cases of ill-treatment of persons sentenced to correctional personnel, their indifference to the fate of people caught in their power, humiliation and executions of convicted persons from other convicts [7, p. 193].

The study of the prevailing practice in sentencing trends in the use of criminal sanctions – legal regulations leads to several conclusions. The legislator, designing offenses, adequately take into account the most characteristic features of the individual, the most common types of offenses: organized forms, large size effects, etc. In addition, quite rightly changed the rules of sentencing for multiple offenses and sentences, the possibility of exceeding the limits of sanctions to those articles in which the perpetrator is condemned. At the same time it should be noted that the scope of certain provisions of the Criminal Code sanctions clearly do not correspond to the dangers of crime. The study of sentencing practice confirms that the repressive policy of the courts does not fully meet the complex crime situation, therefore, plays an important role not only practical, but also the scientific component of studying the system of penalties related to isolation from society and the basis for their application in the Republic of Kazakhstan.

#### References

- 1 «Criminal Law of Russia (part of total).» Edited by Professor L.L. Kruglikova. «BECK» Publisher. Moscow. 1999 – p.247
- 2 E.V. Hromov, Alternatives to imprisonment for criminal penalties: the theory and practice of appointment and performance: Dis. ... Cand. jurid. Sciences: 12.00.08: Rostov on / d, 2005 – p.8
- 3 B.J. Zhunusov criminal policy problems (Criminally-legal and criminal-executive): Dis ... Cand. Jurid. Sciences. – Almaty, 1994- 821 p.
- 4 V.A. Zaichenko, Alternative punishment of imprisonment as a means of optimizing the system of criminal punishment in the United States: Dis. ... Cand. jurid. Sciences: 12.00.08 Samara, 2005 – s.288
- 5 S.B. Karamashev, Restoring justice as an objective of criminal punishment, the Abstract of the thesis for the degree of Candidate of Legal Sciences, Krasnoyarsk – 2004- p.141
- 6 A.L. Dzigar Criminal penalties: evolution and prospects: Monograph. – Krasnodar, 2001. – p.157
- 7 I. Noah, The nature and function of criminal punishment in the Soviet state. Political and legal research. – Saratov: Saratov University, 1973. – p.193

Бисенова М.Қ.  
**Қылмыстық құқықтағы  
кінә мәселесі**

Мақалада автор қылмыстық құқық теориясындағы кінә институтына зерттеу жүргізген. Кінә ұғымының тарихи қалыптасуына шолу жасаған. Шет елдердің қолданыстағы қылмыстық заңнамаларына талдау жасалған. Талдау барысында шетелдердің заңнамаларындағы кінәнің нысандарының ерекшеліктері көрсетілген.

**Түйін сөздер:** заңнама, кінә, ниет, мақсат, абайсыздық, қасақаналық.

---

Bisenova M.K.  
**Guilt problem  
in the criminal law**

This article discusses important issues concerning crimes committed by women. We study the category of «personal behavior». The author of the article studied the Institute of guilt in the theory of criminal law. Gives a historical review of the concept of guilt. The analysis of the current criminal legislation of foreign countries. The analysis shows the features of the form of guilt in foreign legislation.

**Key words:** legislation, wine, motive, purpose, negligence, intent.

---

Бисенова М.К.  
**Проблема виновности  
в уголовном праве**

Автор в статье изучил институт вины в теории уголовного права. Дается исторический обзор понятия вины. Проведен анализ действующего уголовного законодательства зарубежных стран. В ходе анализа показаны особенности формы вины в зарубежном законодательстве.

**Ключевые слова:** законодательство, вина, мотив, цель, неосторожность, умысел.

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ КІНӘ МӘСЕЛЕСІ

Кінә (кінәлілік) проблемалары бойынша тиісті пікір таластар өткізілген. Аталған мәселелер әрекет етуші заңнаманың салаларын қолдану бойынша әртүрлі деңгейдегі кеңесулер мен мәжілістердің талқылауының тақырыбы болды. Мысалы, кінә пайымынан бас тартып, тек оның қасақаналық және абайсыздық нысандарын анықтаумен шектелу туралы, жанама қасақаналық және қылмыстық менмендікті біріктіру есебінен кінәнің жаңа үшінші нысанын «біле тұра» істеу дегенді енгізу туралы ұсыныстар болған.

Ғылыми негізділігі күмән туғызатындай кейбір ой-пікірлерге тоқталмастан, ғылыми ортада басымдыққа ие болған және практикада қолданыстағы тұжырымдар, ұғымдар мен түсініктерді талдау негізінде қорытынды жасау аса маңызды. Ежелгі рим құқығында 2,5 мың жыл бұрын «sine culpa non aliguis puniedus» (ешкімді кінәсіз жазаға тартуға болмайды) деген ұстаным болған. Яғни ежелгі римде кінә қағидасына сай, кінәліні ғана жауапқа тарту ұстанымы қалыптасқан. Құл иеленушілік және феодализм кезеңінде жауапкершілікке тарту қылмыстық әрекетті қасақана немесе абайсызда жасағанынан қарамай, келтірілген материалдық шығын негізінде, яғни келтірілген кінәнің деңгейімен анықтады [1].

Дегенмен жауапкершілікке тартудың дұрыс жолға түсуіне рим заңгерлері ықпал етті, олар адамның әрекетінің ішкі еріктілік жағына мән берді. Қылмыстық-құқықтық доктринаны зерттеуші ғалымдар субъективті жауапкершілікке тартудың негізін қалаған рим классикалық мектебі болып табылады, ол ең алғаш кінәнің ішкі түсінігін – қасақаналықты (dolus) ғылыми айналымға енгізді. Бұл түсінік (dolus) қылмыстық нәтиженің болуын тілеуді білдірді. Егер тұлға зиян тигізуді тілемесе, онда ол орын алған қылмыстық нәтиже үшін жауапты және кінәлі болып саналмады. Бұдан кейін «тікелей/злой қасақаналық» (dolus malus) және «абайсыздық» (culpa) түсініктері қалыптасты. «Тікелей қасақаналық» (dolus malus) ретінде тұлғаның ерікті және саналы түрде өзгенінің құқығын бұзуын түсінуі. Егер тұлға алдын-ала әрекет жасау барысында өз жауапты болатын, біреуге зиян тигізуді саналы түрде көздеме бұл абайсыздық (culpa) болып табылады [2].

Демек, ұзақ жылдарғы өркениет пен қылмыстық құқық ғылымының дамуында рим заңгерлерінің ұстанымы ықпал еткен аңғаруға болады. Адамның сыртқы әрекетін зерттеуде ішкі еркіне мән беріп, осының негізінде субъективтік жауапқа тартуда кінәнің еріктілік (психикалық) концепциясының қылмыстық құқықта бекітілуі жүзеге асты. Осы сәттен бастап тұлға кінәлі деп, егер саналы түрде зиян келтірген жағдайда танылды. Бірақ қылмыс жасаған тұлғаның еркін тану процесі өте ұзақ жүрді. Алғашқы субъектінің өз әрекетінің зиянды салдарына деген қатынасын білдіретін – кінә түсінігі бірнеше ғасырлардан кейін ғана қалыптасты [3]. Ресейде кінәліні жауапкершілікке тарту қағидасы заңды түрде ХҮІІ ғасырдың ортасында Александр Михайлович патшаның жинағында бекітілді. Ресей қылмыстық құқығында субъективтік жауапқа тарту ХІХ ғасырда өзгертілді. О. Горегляд қылмыс түсінігін анықтай келе, бұл «мемлекетке және жеке адамға зиянды, қасақана заңға қайшы жасалатын әрекет». Қасақана емес, яғни тұлғаның қасақана және саналы түрде жасалмаған әрекет «қылмыс болып табылмайды». Яғни 1903 жылғы Ресей Қылмыстық жинағы кінәліні жауапкерлікке тарту қағидасына негізделіп (виновного вменения) жасалған. 1903 жылғы Ресей қылмыстық жинағының 43 б. «Не вменяется в вину преступное деяние, коего учинивший не мог предвидеть или предотвратить». Бірақ революцияға дейінгі Ресей қылмыстық құқығы объективтік жауапқа тартуға да жол берілген [4].

Қазақ дәстүрлі қоғамында қылмыс деп материалдық және маральдық зиян келтірулер танылды. Тәуке ханның заңдар Жинағында (1680-1718) қасақана және абайсыз жасалған қылмыстар үшін айырмашылық айқын көрсетілмеген. Дегенмен бізге жеткен деректерде Тәуке хан ең алдымен қасақана жасалған қылмыстық әрекет үшін жауапкершілікті бекітен. Мысалы, ұрлық, қарақшылық, зорлық және т.б. қасақана қылмыстық әрекеттер. Сонымен қатар аталған жинақта қасақана немесе абайсызда жасалатын өлтіру, жаралау және т.б. жауапкершілік белгілеген. Мәселен, қасақана сұлтанды өлтірсе кінәлі 1500-2000 қой көлемінде құн төлейді, ал абайсызда өлтірсе – құнның жарты мөлшерін төлеген.

ХҮІІ ғасырдың 70-жылдарында неміс криминалисті Пуфендорф қылмыстық құқықтағы кінә анықтамасына теологиялық түсінікті енгізді, соған сәйкес алдын-ала қылмыс жасаған тұлға өз күнәсі үшін жауап беруі тиіс. Теоло-

гиялық ұстанымдар дінмен тығыз байланыста болуын қарамастан, өз кезегінде прогрессивтік маңызға ие болды. Өз «күнәсі» үшін кінәліні жауапқа тарту субъективтік жағдайға байланысты тұлғаның жеке жауапқа тартылуын білдірді, сол арқылы ұжымдық жауапкершілік пен объективтік жауапқа тартуға тосқауыл болды [5].

Қылмыстық құқықтың классикалық мектебінің өкілдері кінә мен жауапкершілікті адамның толық еркінің негізінде қалыптастырды. Осы мектептік өкілі неміс криминалисті А. Бернердің көзқарасы бойынша қылмыстық жауапқа тартудың негізі болатын ерік мен бостандық тұлғаның ішкі түйсігі, шешімі мен ниетіне сай оның әрекетінде көрініс табады. Бұл тұжырымнан Бернер өз көзқарасын қылмыстың нәтижесіне қарағанда оның қылмыстық ниетіне көп көңіл бөлгендігін аңғаруға болады.

Заң ғылымының атақты орыс криминалистері «ресей криминологиясының атасы» болып саналатын С.И. Баршев кінә және қылмыстық жауапкершілік мәселесінде неміс ғалымдары секілді, жауаптылыққа негіз болатын идеологиялық еріктің бостандығына сүйенеді. «Свобода как способность разумных существ не покоряется чувственности, но действовать произвольно, есть необходимое условие всякого, следовательно, и юридического вменения».

Дегенмен қазіргі таңда кінә түсінігі әлемлік деңгейде әр қырлы негізде дамуды. Атап айтқанда, шетелдік қылмыстық құқықта екіден төртке дейінгі дербес кінә нысанын ерекшелік көрсетеді. Осы орайда олардың ортақ ұғымы, тиісінше бірізді болмайды. Ағылшын қылмыстық құқығында үш нысанды атап көрсетеді: мақсат, абайсыздық және ұқыпсыздық. Оқталу (intent) – ағылшын қылмыстық құқығындағы кінә нысаны ретінде тек қана ерікті сәт ретінде болжанады. Егер ол әрекет жасау барысында нақтылы зардаптардың болуын біле тұра есептеліп жасалған болса, орындаушының жасаған әрекеті ерікті болып табылады. Ағылшын құқығындағы қалыптасқан презумпцияға сәйкес, құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік фактісі арнайы дәлелдеуді қажет етпейді, себебі «ақыл-есі дұрыс адамның» жасаған әрекеті әрқашан оның еркі негізінде жүзеге асырылады. Мұндай презумпцияны қате деп тану күдіктінің құқығы, егер оның жалған екендігін дәлелдей алмаса, онда ол өзінің еркі немесе еріксіздігі салдарынан жазаға тартылады. Абайсыздық (recklessness) – ағылшын қылмыстық-заңындағы доктринада қылмыстық нәтиженің тууын саналы түрде елемей деп түсіндірі-

леді. Абайсыздық жасалған әрекетке тұлғаның жасаған әрекетінің салдарын алдын-ала есепке алмауы және оларды болжамауы да қарастырылады, бірақ оны алдын-ала болжауы тиіс, себебі «ақыл-есі дұрыс» адам бұл қабілетті жасай білуі керек. Ұқыпсыздық (negligence) – Ұлыбритания және АҚШ қылмыстық құқығының Жалпы бөлімдерінде ең аз нақтылы ұғым ретінде анықталған. Бұл түсініктерді нақты жағдайларға қарай соттың өзі анықтайды. Байқаусыздық пен ұқыпсыздық шекаралары типтес көмескі.

АҚШ құқық құқығындада төрт нысанды ерекшелеп көрсетеді: мақсат, сана, абайсыздық, ұқыпсыздық. Атаған нысандардың әрқайсысы нақтылы барлығына бірдей, немесе кейбір қылмыстың «заттық» элементтеріне ғана қатысты болады.

Францияның Қылмыстық Кодексінде кінә құрылымы жағынан кез-келген әрекетті сипаттайтын, жалпы кінә түсініктерінің негізінде құрылады. Ол жай ғана ерікті сәттен тұрады: себебі кез-келген ақыл-есі дұрыс адамның күшжігері өзінің еркіне сай жүзеге асырылады, сонымен қатар жасалған әрекеттен материалдық жағдай мен психикалық белгілерді де көруге болады. Кінәнің қасақана жасалуында тұлға өзінің әрекетінің заңсыз сипатын көріп қана қоймай, оның зиянды салдарына да мақсатты түрде жетуді көздейді. Қазіргі Франция мемлекетінің Қылмыстық Кодексіне сәйкес, барлық қылмыстар бұл – қасақана жасалған әрекеттер. Теріс қылықтардың көп бөлігі де қасақана жасалатын әрекеттер болып саналады. Франция мемлекетінің заң әдебиеттерінде кінә нысандарының аралығы туралы да жиі айтылады. «Аралық» белгіні қасақаналыққа немесе абайсыздыққа жатқызуға мүмкін емес, олар сипаты жағынан біріншінің де екіншінің де белгілерінен құралады. Сонымен қатар мұндай кінә нысандарының сипаты әртүрлі болып келеді, себебі бұл аталған мәселені зерттеп отырған автордың позициясы тұрғысында жасалады. Францияның қылмыстық құқық теориясында кінәнің қасақана түрінің әртүрлі сатыларын атап көрсетеді: алдын-ала ниет және арнайы ниет. Алдын-ала ниет Францияның ҚК белгілі бір қылмысты немесе теріс қылық барысында қалыптасып, қылмыстық әрекеттің қатарын қиындататын жағдайға жатады. Ал егер қылмыстық құқық диспозициясының нормасында арнайы мақсатқа жетуді көздеп, қылмыстық әрекет пен мақсатты негізделіп жасалса арнайы ниет болып табылады. Бұл жағдайда ниет қылмыстық әрекеттің негізгі элементі болып, дәлелдеуді қажет етеді. Абайсызда

жасалған әрекет деп саналы және ерікті түрде зиянды зардаптың болуын көздемеуі. Францияның қылмыстық құқығының Жалпы бөлімінің нормасында кінәнің абайсыздық нысаны әртүрлі әрекеттің тәсілдері арқылы анықталады. Қылмыстық әрекеттерге сараптама жасайтын болсақ, абайсызда жасалған кінә нысаны үшін жауапкершілік егер оның салдары ауыр болған жағдайда (өлімге, ауыр дене жарақатына және т.б.) ғана жауапқа тартылады. Абайсызда жасалған әрекеттер Францияның ҚК сай кез-келген жағдайда теріс-қылық болып табылады [7].

Кінә туралы түсінік герман қылмыстық құқықтық доктринасында кінә ретінде көрсетіледі. Кінәнің сипаты тұлғаның әрбір іс-әрекетінің қасақана немесе абайсызда жасағандығына байланысты анықталады. Кінәні сот кінәлінің іс-әрекетінің салдарының заңға қайшы екендігін сезінгендігіне сай шығарады. Герман қылмыстық құқықтық доктринасында және қылмыстық іс-жүргізу тәжірибесінде кінә түсінігі орындаушының кінәлілікті сипаттайтын өз іс-әрекетіне деген ішкі қарыс-қатынасына сай анықтайды. Кінәнің екі нысаны туралы айтылады: қасақана – құқыққа қайшы әрекетке бағытталған ерікті түрдегі іс-әрекет және абайсыздық – алдын-ала жасалған әрекеттің салдарын жеткілікті түрде болжамауы. Сондай-ақ қасақаналықтың да түрлерін бөліп көрсетеді: тікелей және жанама. Қылмыс субъектісі тікелей ниетпен белгілі бір мақсатқа жетуді көздеп әрекет жасады, бұл оның еркінің белгілі бір мақсатқа бағытталғандығын көрсетеді. Тікелей ниетке қарағанда жанама ниетте қылмыс субъектісі заңның бұзылуын тек болжайды, кейбір жағдайларда зиянды зардаптың болуын тілемейді, тек олардың орын алуымен келіседі. Осы орайда оның әрекеті ерікті түрде жүзеге асады.

Швейцарияның Қылмыстық Кодексінде кінә түсінігі қарастырылмаған, бірақ оның екі нысанын көрсетіп, анықтама береді. ҚК 18 бабында қылмысты немесе теріс қылықты қасақана жасаған адам жазаға тартылады. Бұл баптан қасақана қылмысты немесе теріс қылықты тек ерікті және саналы түрде жасағандығын білдіреді. Кінәнің екінші нысаны абайсыздық тұрасында бұл – заңға қайшы әрекет жасағанын толық түрде болжамауы немесе оны назарға алмауы ретінде көрсетілген.

1997 жылы қабылданған Польшаның Қылмыстық Кодексінде қасақаналық пен абайсыздық анықтамасы толық берілген. Қасақана жасалған әрекет бұл – егер тұлға «құқыққа қайшы әрекетті жасауды көздесе немесе оған келіссе» (1 б.

9 бап) танылады. Абайсыздық бұл – егер тұлға құқыққа қайшы әрекетті жасауды көздемей бірақ сондай әрекет «аталған жағдайда қауіпсіздік шараларын сақтамау салдарынан» орын алуы болып табылады (2 б. 9 бап). Егер құқыққа қайшы әрекетті жасаған сәтте оның салдарын алдын ала білген жағдайда Польша ҚК сай қатал жаза қолданылады.

Кінә түсінігі мен нысанының аныу ұғымы Швецияның Қылмыстық Кодексінде қамтылмайды. Бұл мәселелер қылмыстық-заңға сүйенген доктринамен қаралады. Сонымен қатар қылмыстық әрекеттерді саралау аталған ҚК-те кінә нысандарын есепке алу негізінде жүзеге асады: қасақаналық, абайсыздық және аса ұқыпсыздық. Және де 1 бөлімнің 2 бабында қасақана жасалған әрекет қана қылмыс болып табылады деп көрсетілген.

ҚХР Қылмыстық Кодексінде кінәнің екі нысанын атап көрсетеді: қасақаналық және абайсыздық. 14 бапқа сәйкес «қылмыс қасақана жасалады, егер тұлға өзінің іс-әреке-

тінің қоғамға қауіпті екендігін ұғынып оның салдарының саналы түрде болуын тілесе». Осы нормада сонымен қатар қасақана жасалған әрекет қылмыстық жауапкершілікке тартылады деп көрсетілген. Осылайша қытайдың қылмыстық құқығында қасақаналықтың ерікті және интелектуалды түрлері қамтылады, бірақ тікелей және жанама қасақаналық анықтамасы көрсетілмейді. 15 бапта абайсыздық анықтамасы көрсетілген. Қытай қылмыстық құқығында абайсыздықтың екі түрі берілген: ұқыпсыздық және немқұрайлық. Қылмыстық әрекет абайсызда жасалған болып танылады, егер тұлға әрекетті жасау барысында қоғамға қауіпті зардаптың болуын болжап немес оны ұқыпсыздық салдарынан болжамай, немқұрайлықтан оның алдын-аламын деп көздеп оның салдарының орын алуы деп заңнамада арнайы көрсетілген. Аталған нормада сонымен қатар абайсызда жасалған қылмыстық әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік ҚК негізінде жауапқа тартылады деп көрсетілген.

#### Әдебиеттер

- 1 Тарарухин С.А. Установление мотива и квалификация преступления. – Киев, 1977. – С. 61.
- 2 Памятки русского прав. – М., 1957. – Вып. 6. – С. 430.
- 3 Чезаре С. Курс римского частного права. – М.: БЕК, 2000. – с. 90.
- 4 Люцик В.В. Учение о вине по уголовному праву Республики Казахстан и зарубежных государств. Канд. дисс. – А., 2005. – С. 19.
- 5 Горегляд О. Опыт начертания Российского уголовного права. – Спб., 1815. – Ч. 1. – С. 10.
- 6 Сергеевский Н.Д. Русское уголовное право. Часть общая. – СПб., 1908. – С. 258-259.
- 7 Материалы по казахскому обычному праву. – А., 1998. – С. 78.

#### References

- 1 Tararuhin S.A. Ustanovlenie motiva i kvalifikacija prestuplenija. – Kiev. 1977. – S. 61.
- 2 Pamjatki russkogo prav. – M., 1957. – Vyp. 6. – S. 430.
- 3 Chezare S. Kurs rimskogo chastnogo prava. – M.: BEK, 2000. – s. 90.
- 4 Ljucik V.V. Uchenie o vine po ugovnomu pravu Respubliki Kazahstan i zarubezhnyh gosudarstv. Kand. diss. – A., 2005. – S. 19.
- 5 Goregljad O. Opyt nachertanija Rossijskogo ugovnogo prava. – Spb., – 1815. – Ch. 1. – S. 10.
- 6 Sergeevskij N.D. Russkoe ugovnoe pravo. Chast' obshhaja. – SPb., 1908. – S. 258-259.
- 7 Materialy po kazahskomu obychnomu pravu. A., 1998. – S. 78.



Жаксыбекова Ф.С.,  
Маликова Ш.Б.

**Экологиялық қылмыстық  
құқық бұзушылықтар үшін  
жауаптылық мәселелері**

Мақала қазіргі кездегі экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық мәселелеріне арналған. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың экономикаға, қоршаған ортаға келтіретін зияны талданылып, экологиялық қылмыстылықтың латентті сипатына шолу жасалған. Латенттік қылмыстылықтың қоғамға қауіптілігіне тоқтала отырып, авторлар экологиялық латенттік қылмыстылықтың жағымсыз салдарларын жіктеуге талпыныс жасаған.

Мақала 25/74МҚ4 «Жаһандану жағдайында экологиялық құқық бұзушылықтарға қарсы түрудің мәселелері (қылмыстық-құқықтық, процессуалдық, криминологиялық және криминалистік аспектілері)» зерттеуі аясында орындалған.

**Түйін сөздер:** экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар, қылмыс, экологиялық қылмыстылық, экологиялық контрабанда, қылмыскер, латенттік қылмыстылық.

Zhaksybekova F.S.,  
Malikova Sh.B.

**The problems of responsibility  
for ecological criminal offenses**

The article is devoted to modern problems of responsibility for ecological criminal offenses. Questions about causing by ecological criminal offenses a harm to economy, environment are investigated, the review of the latent characteristic of ecological crime is made. Authors, on the basis of the analysis of danger of latent crime to society, have tried to classify negative consequences of ecological latent crime.

Article is executed within the research 25/74GF4 «The problems of counteraction to ecological offenses in the conditions of globalization (criminal-legal, procedural, criminological and criminalistic aspects)».

**Key words:** ecological criminal offenses, crime, ecological crime, ecological smuggling, criminal, latent crime.

Жаксыбекова Ф.С.,  
Маликова Ш.Б.

**Проблемы ответственности  
за экологические уголовные  
правонарушения**

Статья посвящена современным проблемам ответственности за экологические уголовные правонарушения. Исследованы вопросы причинения экологическими уголовными правонарушениями вреда экономике, окружающей среде, сделан обзор латентной характеристики экологической преступности. Авторы на основе анализа опасности латентной преступности для общества попытались классифицировать негативные последствия экологической латентной преступности.

Статья выполнена в рамках исследования 25/74ГФ4 «Проблемы противодействия экологическим правонарушениям в условиях глобализации (уголовно-правовые, процессуальные, криминологические и криминалистические аспекты)».

**Ключевые слова:** экологические уголовные правонарушения, преступление, экологическая преступность, экологическая контрабанда, преступник, латентная преступность.



**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТАР  
ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар көбінесе экономикалық та (табиғи ресурстарды құқыққа қайшы пайдалану), күштеуші де (адам денсаулығына тікелей зиян келтіру) немесе пайдақорлық та (заңсыз аң аулау, балық аулау) сипатта болып келеді, бірақ олардың келеңсіз салдары әрдайым келтірілген зияннан асып кетеді. Интерполдың мәліметтері бойынша, контрабандалық тауар болып саналатын уылдырық әлемдік нарыққа жылына 200 тоннадан келіп түседі. Бұл рұқсат етілген нормадан 50 тоннаға артық. Оның ішінде Қазақстанның балықшы браконьерлерінің де үлесі бар, оған қара базарлардағы уылдырықтың бағасы да ықпал етеді (оның бір килограмы 335 мыңнан астам теңгемен бағаланады).

Ғылымдағы материалистік диалектиканың заңдары мен категорияларына сәйкес қоғамдағы құбылыстардың өзгергіштік сипатымен түсіндірілетін қоғамдық қатынастардың құбылып тұруымен қатар қылмыстылыққа деген көзқарастар да әрдайым өзгерістерге ұшырап отырады, ал экологиялық қылмыстылықтың бірыңғай заңдық анықтамасының болмауы тәжірибеде біршама қиындықтар тудыруда. Сондықтан да, қазіргі таңда экологиялық қылмыстылықтың заңдық анықтамасын беру қажеттігі туындап отыр.

Экологиялық қылмыстардың ерекшеліктерін зерттеп, ғылыми тұрғыда негіздеген жетекші мамандардың бірі, профессор Э.Н. Жевлаков төмендегідей экологиялық қылмыстылық түсінігін ұсынады: «Адамзаттың биологиялық негіздерін бұзатын, белгілі аумақта не нақты облыста немесе мемлекеттік тарихи дамудың анықталған бір сатысындағы экологиялық қылмыстардың жиынтығынан тұратын сипаты бойынша жағымсыз, әрі теріс те күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыс экологиялық қылмыстылық деп танылады» [1, 78 б.].

Жалпы алғанда, экологиялық қылмыстылық деп тұлғаның, халықтың, қоғамның экологиялық қауіпсіздігін және мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға байланысты қоғамдық қатынастарға қол сұғатын экологиялық қылмыстардың күрделі жиынтығынан тұратын күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылысты түсінеміз.

Экологиялық қылмыстылықты криминологиялық тұрғыда талдау оның адамдардың антиэкологиялық мінез-құлқына итермелеп жүрген детерминаттарды анықтап, оған профилактикалық ықпал жасаудың негізгі бағыттарын айқындауға жәрдемдеседі.

Экономика аралық қатынастардың дамуы, серіктес мемлекеттердің ағашқа сұранысының артуы, шығынды аз жұмсап ірі табыс табу мүмкіндігі ішінара заңсыз ағаш дайындаушылар ұйымдастыратын орман өрттерімен қатар, мемлекеттік орман қорын, атап айтқанда Ертіс маңындағы шұбыртпалы қарағай ормандарын рұқсатсыз жаппай кесіп алу жағдайларының көбеюіне әкеліп соқты. 2003 жылы өзінде 20 мың м<sup>3</sup> астам, оның ішінде Семей өңірі бойынша 19 мың м<sup>3</sup> астам ағаш заңсыз кесіп алынған. Келтірілген зиянның көлемі 250 млн. теңгені құрады.

Соңғы жылдары республиканың көптеген аймақтарында орман қорларына қылмыстық жолмен қол сұғу кеңінен таралған. Ағаштардың бағалы түрлерін кесіп алу мақсатында әртүрлі коммерциялық құрылымдар, оның ішінде шетел капиталының қатысуымен де құрылып жатыр.

Экологиялық контрабанда дүниежүзілік қауымдастық үшін ерекше әлеуметтік-экологиялық қауіп-қатер болып табылады. Оның негізгі түрлеріне заңсыз жолмен трансшекаралық қоныс аудару және жабайы флора мен фаунаның сирек кездесетін және жойылып жатқан түрлерін Қазақстаннан заңсыз шығару жатады.

Экономикалық реформалар басталғалы және шекаралар ашылғалы бері негізгі мақсаты аңшылық олжасы болып табылатын Қазақстанға келуші шетелдік туристердің ағымы көбейді. Нәтижесінде, маралдар популяциясы жойылғалы тұр. Олардың саны тек қана аңшылық олжа табудың себебінен ғана емес, Қытайда сұранысы зор бұғы мүйізін табу мақсатындағы браконьерліктің себебінен де азаюда.

Су жануарларын заңсыз аулау да ұйымдасқан қылмыстылықтың базалық элементі болып табылады. Қылмыскерлер балықтардың бағалы түрлерін бірлі-жарым рұқсатсыз аулаудан бастап заңсыз балық аулау кәсібімен айналысатын және әлеуметтік бақылаудан сыбайлас жемқорлықтың көмегімен қорғану жүйесін қалыптастыратын тұрақты, басқарылмалы қауымдастық құруға көшкен.

Көптеген зерттеушілер халықтың қылмыстылық деңгейі мен аймақты сипаттайтын үлес салмақ пен саны, халықтың еңбекке қабілеттілігі, белгілі бір аймақта тұратын ер адамдар саны, ересек адамдар құрылымындағы әйелдер саны-

ның басымдылығы, бұрын сотталғандардың көптігі сияқты көрсеткіштер арасындағы тұрақты тікелей корреляциялық байланысты айқындайды.

Көп жағдайда экологиялық құқық бұзушылыққа қылмыстық-құқықтық баға беруге тиісті адам жеткіліксіз бақылау немесе қате шешім қабылдау арқылы істердің жағдайы үшін жауапкершілікке ортақ болуы мүмкін [2, 68 б.].

Әлеуметтік реттеудің өзге шаралары, оған қоса заңды жауапкершілік дұрыс нәтиже бермеген немесе бере алмаған жағдайда ғана қолданады деген пікірді көпшілік мойындаған. Даулы мәселелерде әкімшілік ықпал жасау шараларының құқық қолдану презумпциясына негіздеде отырып әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті заңға сәйкес орынды шектеу ұтымды құқықтық саясатты жүргізу үшін міндетті болып табылады [2, 69 б.].

Қоршаған табиғи ортаны ластағаны және табиғи ресурстарды тиімді пайдаланбағаны үшін қозғалған қылмыстық істер санының мардымсыздығының себебі, сарапшылардың пікірі бойынша осы іс-әрекеттердің 95-99 %-ға жететін жоғары латенттілігі бар деп санайды. Сонымен бірге, шығарылатын қалдықтар мен лықсымалардың, табиғи ортаны ластайтын заттардың негізгі бөлігі табиғатты қорғау әрекеттері экономикалық жауапкершілік шараларын қабылдаумен реттелетін өндірістік және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындардың үлесінде болады. Бұл шараларға ластайтын заттардың қалдықтары мен лықсымалары, қатты қалдықтарды белгіленген лимиттер шегінде және одан асыра сақтау үшін төленетін төлемдер жатады. Апаттық және бір дүркін қалдықтарды (лықсымаларды) шығарған жағдайда іс сотқа дейін жетсе де, көптеген жағдайларда бұл істер азаматтық-құқықтық жауапкершілік нормаларына сәйкес шығынды өтеу туралы талаппен шектеледі. Аталған жағдайлар көптеген өндірістерге тән, соның ішінде бұл проблема мұнай-газ саласында өзекті болып тұр. Аталған өндірістің өзгешелігіне қарай, кен орындарын барлаудан бастап дайын өнімді тұтынуға дейінгі бүкіл процесс экологиялық апаттардың пайда болу қауіпімен байланысты. Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, криминологтардың зерттеу нысанына әкімшілік, тәртіптік және азаматтық-құқықтық экологиялық құқық бұзушылықтарды ең болмағанда экологиялық қылмыстардың жасалуына әсер ететін жағдайларды зерттеу шеңберіне енгізу мақсатқа сәйкес болар еді, себебі қоршаған орта – бұл қол сұғушылықтың ерекше нысаны және оны кешенді түрде қорғау қажет.

Экологиялық қылмыстардың көбісі экономикалық мүдделерге зиян келтірумен тығыз байланысты – бұл табиғи ресурстарды заңға қарсы пайдалану және жүдету, халық денсаулығына зиян келтіру, табиғи ортаға зиян тигізу, бірақ өздерінің келеңсіз салдары мен келтіретін зияны бойынша олардан әрдайым асып түседі. Әсіресе, бұл мемлекет экономикасында ерекше орын алатын мұнай-газ саласы сияқты ресурс шығарушы салада байқалады.

Қазіргі өндіріс кешендері табиғи ортаның барлық құрамдарына кері әсерін тигізеді: топыраққа, суға, ауаға, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне және т.б. Өндіріс саласының қоршаған табиғи ортаға тигізетін кері әсері келесі негізгі нысандарда білінеді:

1. Атмосфералық ауаның зиянды заттармен ластануы.

2. Ұңғымаларды бұрғылау кезінде, технологиясы бұзылған жағдайда бірнеше ондаған метр радиустағы жер топырағы пайдаланылған бұрғылау ерітіндісімен ласталады.

3. Қатпарлы флюидтің жанғыш құрамдарын жандырған кезде улағыш заттектер пайда болады (күкірт, азот, көміртек оксидтері, құрым және т.б.).

4. Мұнай-газ шығару, ұңғымаларды жөндеу және үрлеу процесінде жер бетіне тұзға байытылған қатпар сулары, ал атмосфераға – көмірсутектер, күкіртті сутектер және олардың жану өнімдері шығарылады.

5. Мұнайдың апаттың салдарынан төгілуінің нәтижесінде ластануы. Апаттардың салдарынан мұнай молынан төгіліп, көлемді жерлер мен су көздері ластанады. Су ресурстарын пайдалану, сонымен бірге ластайтын заттарды жер үсті және жер асты суларға, аймақ бедеріне шығарылады.

6. Мұнаймен қоса жер бетіне төгілген кезде топырақ пен су көздерін уландыратын жоғары минералданған ілеспе сулардың шығарылуы.

7. Ландшафттың өзгеруі – жер жұмыстары, жүк тасу, құрылыс жүргізу үшін жерлерді қолдану, құрылыс салу, ағаштарды кесіп алу, топырақты мұнай өнімдерімен, бұрғылау өнімдерімен және сулармен ластау.

8. Бұрғылау қалдықтарын және төгілген мұнайды көму. Жер үстінің мұнаймен ластанған жерлер топырақтың түріне және ластану дәрежесіне қарай 5-15 немесе тіпті 25 жылдан кейін де өзінен-өзі жойылады, ал ұқыпсыз кәсіпкерлер инспекциядан жасырып тереңірек көміп тастайтын мұнай қалдықтары жер астында жүздеген жылдар бойы сақталып жатады – ауа тимесе олардың мұнайды тотықтыратын мик-

роорганизмдер жұмыс істемегендіктен өз-өздерін тазартуы мүмкін емес. Төгілген мұнайды топырақ бетінде жандыруға тыйым салынады: бұл жағдайда микроорганизмдер жойылып, топырақ бетінде ауа мен судың өтуіне кедергі жасайтын қабыршақ пайда болады [3, 28 б.].

Осы мәселеге орай, Э.Н. Жевлаковтың: «1987 жылдан бастап экологиялық қылмыстармен күресудің жеткілікті деңгейде тиімді болмауы әлеуметтік-экономикалық себептер мен тұрақсыз саяси жағдай. Сол сияқты, елеулі жағымсыз ықпалды елдегі зорлық, мүлктік және экономикалық қылмыстардың өсуі және олармен күрес жүргізіп отырған мемлекеттің пәрменінің аздығынан экологиялық қылмыстылықты олардан кейінгі кезекке ысырды» деген пікірімен толық келісуге болады [4, 84 б.].

Қылмыстылықтың латенттілік деңгейіне тағы бір әсер ететін нәрсе – ол отандық қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасындағы арыз берушілердің, жәбірленушілердің, куәгерлердің өмірін, денсаулығын, мүлкін және өзге де заңды мүдделерін қорғайтын нормалардың болмауы, болса да мардымсыз болуы. Әрине, олардың құқықтық тұрғадан әлсіз қорғалуы міндетті түрде олардың қылмыстылықпен күрес жүргізудегі бәсеңдігін кейде керітартпалығын туындатады.

Куәгерлер мен қылмысқа қатысы бар тұлғалардың мінез-құлқымен байланысты латенттіліктің себебін тек заңдағы ақтаңдақтардан емес, олардың құқық қорғау органдарымен ықпалдаспауынан да іздеу ләзім. Ең негізгі себеп, біз өмір сүрген уақыттың экономикалық, әлеуметтік, адамгершілік-психологиялық, рухани және өзге де ерекшеліктерінде жатыр. Олардың ішінде өтпелі кезеңдегі жалақының уақытылы алынбауы мен аздығы және қазіргі кезеңдегі жалақының мардымсыздығы және жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы жатады. Осыған орай, профессор Р.М. Акутаев: «Халық ауыр қабылдайтын және кейде халықтың ресми билікке деген өшпенділігін, не жеккөрушілігін және сенімсіздігін туындататын экономикалық қиыншылықтар азаматтарды өзінің қоғамдық борышын орындаудан бас тартуға алып келеді. Олардың кейбірі құқық қорғау органдарымен тізе қосудан бас тартуды әлеуметтік наразылықтың нысаны, билік органдарына деген қарсылық деп қабылдайды», – деп атап өтеді [5, 80 б.]. Дәл осындай ахуалдың орын алғандығын орманды алқаптардан аңғаруға болады. Құқық бұзушылар тарапынан орын алған ағаштарды жаппай кесіп, қара нарық арқылы саудалау, ормандарды

пайдакүнемдік ниетте өртеу т.б. әрекеттер осының дәлелі бола алады.

Халықтың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға деген жағдайдың жоқтығы немесе жетіспеушілігі, сондай-ақ мемлекеттік институттардың жасалған қылмыстарға қатысты әрекет етпеу не жеткіліксіз әрекет етуі халықтың қылмыстылық проблемасына деген бейқамдығын туындататыны сөзсіз. Белсенді тұлғалар салғырттыққа бой алдырады, құқықтық ұстанымы әлсірейді, кейде тіпті өзгереді. Қоғамда өзінің жеке және мүліктік қауіпсіздігіне байланысты үрей, қорқыныш сезімдері және одан туындайтын өзге де саяси, экономикалық және әлеуметтік-психологиялық салдарымен бірге бой көтереді [5, 82 б.].

Экологиялық қылмыстылықтың латенттілігі ең алдымен табиғат ресурстарын аяусыз пайдаланумен байланысты экологиялық қылмыстылықтың, қылмыстық өндіріске тартылған қылмыскерлердің тобы мен оған қарсы тұратын күштің арасындағы қомақты сәйкессіздікпен түсіндіріледі, яғни экологиялық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар қаншалықты жаппай және пәрменді жүргізілсе, онымен күресетін күштің тым мардымсыз болуы көзге түседі. Мемлекет құқық қорғау органдары арқылы дайындалып жатқан немесе жасалып жатқан қылмыстар туралы барынша көп ақпарат жинауға мүдделі болуы керек. Ақпараттың толыққандылығы қылмыстардың алдын алу мен ашудың ықтималдығын арттырады, ал ол өз кезегінде азаматтардың мемлекетке, оның қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғай алатындығына деген сенімін ұялатады. «Бүгінгі Қазақстанда қылмыстылықтың алдын алудағы қоғам мүшелерінің қатысуының түрлі нысандары мен тәсілдері шын мәнінде бар, бірақ оларды заңды түрде рәсімдеу қажет. Қазіргі күнгі жағдайы эволюциялық қалыптасу жолында», – деп дұрыс айтып өтеді осы мәселемен арнайы айналысқан ғалым Б. Сыздық [6, 17 б.].

Халықты тек полициямен бірлесіп жұмыс істеуге шақыру тиімсіз, оларды тізе қосып жұмыс істеуге ынталандыратын нақты жағдайлар мен тетіктер болуы керек. Р.Т. Нұртаев атап өткендей: «Болып жатқан оқиғалар туралы шыншыл және адал әлеуметтік атмосфераның болуы жағымды кең көлемді легистикалық нәтижелер алуға итермелейді. Керісінше олардың өміріне қатысты мәліметтерді жасыру жолымен олардың өндірістік тұрғыдан да, саяси тұрғыдан да белсенділігін күтуге негіз жоқ» [7, 6 б.].

Латенттік қылмыстылықтың тағы бір қауіпті жері ол қылмыскерлердің санасына жазасыз қалу мүмкіндігі туралы ой қалдырады, құқық қорғау органдарының алдын алушылық рөлін әлсіретеді [8, 134 б.].

Жасырын қылмыстардың таралуына әсер ететін соттардың, прокуратура және полиция органдарының құқық қолдану қызметіндегі кемшіліктер. «Қоршаған ортаны қорғауға кешенді түрде келетін заңнама табиғат қорғау қызметі субъектілерінің міндеттері мен өкілеттіктерін нақты анықтау мен бөлуді қамтамасыз ету керек» [9, 33 б.]. Қылмыс құрамының немесе қылмыс оқиғасының болмауына орай немесе орын алған оқиғаның қоғамдық қауіптілігінің төмендігінен қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы шығарылатын қаулылардың негізсіздігі де қылмыстылықтың латенттілігіне ықпал етеді. А.Л. Сулеймановтың жүргізген зерттеуі бойынша экологиялық құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы шығарылған қаулылардың әрбір төртіншісі негізсіз шығарылған. Оның айтуынша, қылмыстарды тіркемеудің субъективтік себептері екінші кезекке шыққан. Алғашқы кезектегі объективтік себептердің қатарына жұмыстағы жалған жетістіктер (ашылмаған қылмыстарды жасыру арқылы ашылған қылмыстардың санын арттыру) жатады. Мұның астарында бұрынғы кезеңдерден қалған әдет жатыр, яғни бір кездері тіркелген қылмыстар мен ашылған қылмыстардың арақатынасы қылмыстылықпен күрес жүргізу тиімділігінің бірден бір көрсеткіші ретінде танылған болатын. Объективтік себептердің қатарына кейде авторлар құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық тұрғыдан жетімсіздігін, олардың қызметкерлерінің жалақысының аздығын және басқа да әлеуметтік-тұрмыстық құбылыстарды атап өтеді [10, 83 б.].

**Түйін сөздер:** қылмыс, құқықбұзушылық, криминалистика, криминалист, тергеу, тергеуші, прокурор, прокуратура, іс-жүргізу, кодекс.

Daubasova S.Sh.,  
Turashbekova D.A.

**About some problems of  
pre-judicial investigation of  
ecological criminal offenses**

In this article some questions of preliminary pre-judicial investigation of ecological crimes are considered. In the article essence of the Criminal and the Criminal Procedural Code, normative and legal base of ecological crimes and consideration process of ecological crimes are opened. And also, procedural stages of consideration of ecological crimes are studied. The author gives examples of ecological disasters, which are taking place in the majority of the regions of Kazakhstan, investigates them and opens procedure of preliminary pre-judicial investigation of these affairs for more careful studying of preliminary pre-judicial investigation of ecological crimes.

Article is executed within the research 25/74GF4 «The problems of counteraction to ecological offenses in the conditions of globalization (criminal-legal, procedural, criminological and criminalistic aspects)».

**Key words:** crime, offense, criminalistics, criminalist, consequence, investigator, prosecutor, prosecutor's office, process, code.

Даубасова С.Ш.,  
Турашбекова Д.А.

**О некоторых проблемах  
досудебного расследования  
экологических уголовных  
правонарушений**

В данной статье рассмотрены некоторые вопросы предварительного досудебного расследования экологических преступлений. В статье раскрыты сущность Уголовного и Уголовно-процессуального Кодексов, нормативно-правовая база экологических преступлений и процесса рассмотрения экологических преступлений. А также, изучены процессуальные стадии рассмотрения экологических преступлений. Для более тщательного изучения предварительного досудебного расследования экологических преступлений, авторы приводят примеры экологических бедствий, имеющих место в большинстве регионов Казахстана, исследует их, раскрывает процедуру предварительного досудебного расследования по этим делам.

Статья выполнена в рамках исследования 25/74ГФ4 «Проблемы противодействия экологическим правонарушениям в условиях глобализации (уголовно-правовые, процессуальные, криминологические и криминалистические аспекты)».

**Ключевые слова:** преступление, правонарушение, криминалистика, криминалист, следствие, следователь, прокурор, прокуратура, процесс, кодекс.

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ  
СОТҚА ДЕЙІНГІ  
ТЕРГЕУДІ БАСТАУДЫҢ  
КЕЙБІР МӘСЕЛелЕРІ  
ЖӨНІНДЕ**

Қылмысты анықтау, ашу және тергеуге, оның кезеңдер құрылысына (сатылары) қатысты өкілетті органдардың қызметі – криминалистика және қылмыстық іс жүргізу ғылымының өкілдерімен қарқынды жасалатын және күмәнсіз әдістемелік мәнге ие мәселе. Оны зерттеу нәтижелері қылмыстың жеке түрлерін (топтарын) зерттеу әдістерін жетілдіруде күдіксіз ақсайды; берілген кезеңдерді есепке ала отырып, сәйкес әдістемелер құрастырылады, олардың әрқайсысында тиімді нәтижеге жету мақсаттары мен құралдары нақтыланады. Мазмұндық жағынан және тергеуші шешетін тапсырма тарапынан дәлелдеудің тұтастай процесі кезең бойынша қарастырылады – арызды тіркеу кезеңі, Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіміне қылмыстық құқықбұзушылық туралы хабарлау, тергеудің алғашқы кезеңі, кезекі және қорытынды кезеңі. Аталған әрбір кезеңде сәйкесінше: арызды тіркеу кезеңінде, СТБР-ге қылмыстық құқықбұзушылық туралы хабарлау кезеңінде – қылмыс немесе қылмыстық әрекеттің сипаттарын анықтау; алғашқы кезеңде – күдіктіні анықтау; соңғы екі кезеңде – толық тергеу тапсырмасын шешу, сотқа тапсыру үшін күдіктінің қылмысын дәлелдеу.

Процессуалдық және криминалистикалық әдебиеттерде қылмысты анықтау мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Ең алдымен, жеке жұмыстар «қылмысты ашу» түсінігіне байланысты мәселенің процессуалдық тарапына қатысты болды [1]. Кейбір ғалымдардың пікірлері бойынша, қылмысты анықтау – нәтижесінде жасырын (беймәлім) қылмыстық әрекеттер құқық қорғау органдарына айқын болатын процесс, осы сәттен қылмыс сипаттарының бар болуы және қылмыстық іс қозғауға жеткілікті негіздің болуына байланысты материалдарды қарау заңды міндеті туындайды [2, 18 б.]. Осыған байланысты сұрақ туындайды: қылмысты анықтауды оны ашудың ажырамас бөлігі деп санауға болады ма? Криминалистикалық әдебиеттерде осыған қатысты екі негізгі көзқарас кездеседі. Бірінші жақ қылмысты анықтауды оны ашуге қатысты әрекетке қосады, өйткені осылайша тұтастық қамтамасыз етіледі және қылмысты ашудың ортақ процесінің тиімділігі артады деп санайды [3]. Өзге авторлар қылмысты анықтауды қылмыспен күрестің жеке, алғашқы кезеңі ретінде қарастырады, себебі қылмысты ашу қылмыстық-процессуалдық заң қарастырған құралдар арқылы

тек қылмыстық іс қозғалғаннан кейін ғана жүргізіледі деп санайды [4]. Бір қылмыстық әрекетті тергеу немесе соттық талқылау процессінде өзге де қылмыстардың жасалған туралы фактілер анықталуы мүмкін жағдай – бұл мәселе қарастырылмайды.

Егер бұрын қолданыста болған ҚР ҚПК-де анықтау және қылмыстық іс қозғауға дейінгі рұқсат етілетін тергеу әрекеттері қарастырылатын тарау болса, ҚР жаңа ҚПК қабылдануымен 1 тарау 179 бапқа сәйкес сотқа дейінгі тергеудің бастамасы арызды тіркеу, Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіміне қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлау немесе алғашқы кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттері болып табылады. 5 тарау 181 бапқа сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық сипаттарын көрсететін жеткілікті мәліметтер жоқ болса, арыз және қылмыстық құқық бұзушылық сипаттарын айқындау үшін өкілетті органның тексеруі мен бақылауын қажет ететін хабарлар, сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіміне тіркелместен үш тәулік көлемінде өкілетті мемлекеттік орган қарауына жіберіледі.

Осы арада экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықты анықтау мәселесі өте күрделі және сондықтан арнайы процессуалдық және криминалистикалық талқылауды қажет етеді. Ең басында айта кету керек, экологиялық қылмыстар арасында ірі мәселелер 1 және 2 топ қылмыстарына қатысты орын алады, себебі бұл құқықбұзушылықтар ластануға ұшыраған территория ондаған, жүздеген километрлерді аратын кеңістіктік факторларды ғана емес, сонымен бірге көптеген ірі өзгерістер енгізетін және өзгерістерді жоя алатын метеорологиялық факторлардың күрделі кешенінен құралады. Биологиялық объектілерде қылмыстың сипатын анықтау процесі күрделі жүреді, себебі оның иммундық жүйесі сыртқы теріс әрекеттерге қарсы әрекет етеді және уақытша фактор болады, ол созылмалы болуы мүмкін – болған экологиялық қылмыс салдарынан биологиялық түрдің өлуінен бұрын апталар, айлар, кейде жылдар өтуі мүмкін.

Барлық аталған ақпараттарды бағалау, білім кешенінің, ең алдымен экологиялық, криминалистикалық, техникалық, сосын барып қана құқықтық білімді қарастырады. Ақпараттарды тексеру бір уақытта бірнеше бағытты біріктіреді, оның ішінде: ластану іздерін анықтау және алу; жануарларды зерттеу, адамдарды зерттеу, кәсіпорындарды анықтау; осы кәсіпорындардағы қажетті құжаттар мен олардың көшірмелерін анықтау және алу; қатысты тұлғаларды анықтау; ластандырғыш заттардың әрекетін бақылау

және көптеген өзге бағыттар. Бұл тек бастапқы ақпарат қана [5].

Бастапқы ақпаратты тексеру барысында табиғатты қорғау прокуратурасы әртүрлі қызметтермен бірге, мысалы, ҚР Ауылшаруашылығы министрлігімен бірге әртүрлі шаралар жүргізеді: тексеріс жүргізуді ұйымдастыру, табиғатты қорғау қызметтерінен ресми анықтама алыс; азаматтардан сұхбат алу; жабайы жануарларды зерттеу; құжаттарды зерттеу мен салыстырмалы сараптамасын талап ету; ақпараттың құпия көздерін пайдалану; тазалау құралдарының бар болуы мен олардың жағдайын тексеру; оперативті бақылау; телефон әңгімелерін есту және байланыс каналарынан ақпараттарды түсіріп алу; құралдарды, ғимаратты, жер аймағын және т.с.с. жедел зерттеу.

Осылайша, экология саласындағы қылмысты тергеу ерекше орынға ие, себебі соңғысын анықтау ерекшеліктерімен анықталады және биологиялық, химиялық, физикалық, тіпті экономикалық және құқықтық шараларды қолдану және кешенін ұйымдастыруды қажет етеді.

Экологиялық қылмыстар туралы материалдарды қарастыруға қатысты әрекеттің криминалистикалық мәнінің екі аспектісі бар: процессуалдық және оперативті-іздеу. Берілген жағдайда әңгіме оперативті материалдарды оперативті-іздеу функциялары арқылы іс жүргізетін органдардың қарастыруы, және қолда бар процессуалды құралдарды пайдалану жолымен қылмыстық істі тіркеу туралы ҚР ҚПК 179-186 баптарына сәйкес жүргізілетін қылмыстық-процессуалдық әрекет туралы болып отыр. Мұндай әрекеттің криминалистикалық аспектісі «тексеру әрекеттері» деп аталады. ҚР жаңа ҚПК-ге «терсеріс әрекеттері» түсінігі жоқ. Өзге нормативті актілерде, заң әдебиеттерінде және тәжірибелік қызметкерлер арасында мұндай әрекеттер әртүрлі аталады: «тергеуге дейінгі терсеріс», «алғашқы тексеріс», «қылмыс туралы хабарды қарастыру» [3].

Қылмыстық сот жүргізудің ең таласты аспектілерінің бірі, тексеріс процессуалды құқық пен криминалистика түйіскен мәселелерге қатысты болады. Осы кезде ҚР ҚПК-де (ескісінде де, жаңасында да) бұл қызметтің реттелуінің, оны жүргізуге қатысты сәйкес криминалистикалық ұсыныстың жоқтығы байқалады.

Жеке криминалистер алғашқы материалдарды қарастыру және қылмыстық істі қозғау мәселелері қылмыстық процесс ғылымына қатысты болуы керек, тергеу әдістері мен криминалистикаға қатысты емес. Біз В.А.Образцовтың қылмыстық іс қозғау

үшін мәліметтердің жеткілікті болу мәселесін шешу, олардың терсеріс жүргізу қажеттілігі қылмыстық процеске қатысты деген пікіріне қосыламыз. Оған қоса, қылмыстық іс қозғалған алғашқы мәләмет тергеудің бастапқы кезеңінде туындаған тергеу ситуациясы мен нұсқасы тарапынан арнайы криминалистикалық бағалау объектісі болып табылады және іздеу-танысу тапсырмаларының осы кезеңдегі сипаты мен бағытын анықтайды [6, 351 б.].

Тексеріс жүргізудің тактикалық және әдістік ерекшеліктері қылмыстың түрлік (топтық) ерекшеліктерімен, тексеріс тапсырмасының ерекшелігімен, оның құралдары және өткізу уақытының шектелуімен; түскен ақпарат, сол ақпарат көздерінің ерекшеліктерімен (мысалы, оперативті-іздеу шаралары арқылы алынған ақпарат және азаматтардың арыздарынан, бақылаушы органдардың, т.с.с. тексеріс материалдарынан алынған ақпарат); тексеріс жүргізу субъектісінің салалық ерекшелігімен (табиғатты қорғау прокуратурасы); тексеріс кезінде туындайтын жағдай ерекшеліктерімен (қажетті құжатты алуда әртүрлі қақтығыстық жағдайлардың, қиындықтардың туындауы, мүдделі тұлғалардың қарсыласуы және т.б.) анықталады.

Тексеріс кезеңінде қылмыстық істі қозғауға себеп болатын қылмыс туралы ақпарат шешуші рөл ойнайды. Негіз процесс кезінде анықталатын болғандықтан, себептің туындауы, процесстің бастапқы сәті ретінде, осы негіздерді орнатуға алып келеді. Сәйкесінше, қылмыстық іс қозғауға негізді анықтауға қатысты процессуалды әпекет әрқашан себепті тексеру мен бағалаудан

басталады. Экологиялық қылмыс туралы материалдарды тексерудің мәні мамандар зерттеулерінде жазылған.

Істі сараптау қылмыстық істі қозғау, ары қарайғы тергеуге және соттық талқылауға негіз болатын қажетті алғашқы материалды құрайтын материалдар тізбегін анықтауға мүмкіндік береді:

1. Табиғатты қорғау прокуратурасы жүргізген арнайы тексеріс материалдары;

2. Қоршаған табиғи ортаның жағдайын мемлекеттік экологиялық бақылайтын органдардың жазбаша арыздары;

3. Қоғамдық экологиялық ұйым өкілдерінің жазбаша арыздары;

4. Оперативті бөлімше қызметкерінің рапорты (қылмысты анықтау және құжаттандыруға немесе қылмыстық жағдай және оған қатысты тұлғалар туралы мәліметтер нақты анықталатын оның жеке эпизодтарға қатысты жүргізілген жұмыстың жалпы жазбаша қорытындысы);

5. Бұқаралық ақпарат құралдарының басылымдары;

6. Жеке азаматтардың арыздары.

Экология саласындағы қылмыстық құқық құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық іс, тергеу тәжірибесі көрсеткендей, тексеріс кезеңінің өзінде көрінетін ерекше күрделілігімен ерекшеленеді. Экологиялық құқық бұзушылық туралы істің соттық жалғасын қамтамасыз ету үшін, ең алдымен азаматтардан, бұқаралық ақпарат құралдарынан, қоғамдық экологиялық ұйым өкілдерінен түскен материалдардың толықтығын және кемшіліктерді жою қажеттілігі мақсатында ірі тексеріс жұмыстарын жүргізу керек.

#### Әдебиеттер

- 1 Герасимов И. Ф. Некоторые проблемы раскрытия преступлений. – Свердловск: Средне-Уральское кн. изд-во, 1976. – 184 С.
- 2 Иванова Л.А. Криминалистическая характеристика и первоначальный этап расследования преступлений, связанных с загрязнением вод и атмосферы: Автореф. дис. канд. юрид. наук. – Урал. ГЮА РФ. -Екатеринбург, 2003.- 22 С.
- 3 Образцов В.А. и др. Расследование преступных загрязнений водных объектов и атмосферного воздуха. – М., 1981. – 64 с.
- 4 Зорин, Г.А. Теоретические основы криминалистики. – Минск: Амалфея, 2000.- 416 С.
- 5 <https://www.google.kz/m yvision.kz/post/132671>
- 6 Образцов В.А. Криминалистика: Курс лекций / Ассоциация работников правоохранительных органов РФ. – Г., 1996. – 448 С.

#### References

- 1 Gerasimov I. F. Some problems of disclosure of crimes. – Sverdlovsk: Sredne-Uralskoe book publishing house, 1976. – 184 P.
- 2 Ivanova L.A. The forensic characteristic and initial stage of investigation of the crimes connected with pollution of waters and the atmospheres: Avtoref. dis. cand. legal sciences / Ural. GUA Russian Federation. – Yekaterinburg, 2003. – 22 P.
- 3 Obratsov V.A., Investigation of criminal pollution of water objects and atmospheric air. M, 1981. – 64 P.
- 4 Zorin, G. A. Theoretical fundamentals of criminalistics Minsk: Amalfeya, 2000. – 416 P.
- 5 <https://www.google.kz/m yvision.kz/post/132671>
- 6 Obratsov V.A. Criminalistics: course of lectures / Association of employees of law enforcement agencies of the Russian Federation. – 1996. – 448 P.

Бисенғали Л.  
**К вопросу об уголовно-  
правовых мерах  
противодействия  
преступности мигрантов**

Уголовно-правовые меры противодействия преступности мигрантов занимают важное место в системе мер противодействия данному явлению. В данной статье автор рассматривает общие вопросы применения уголовно-правовых мер противодействия преступности мигрантов. Автором проведено комплексное исследование данного вопроса в целом.

Статья выполнена в рамках исследования 25/82ГФ4 «Уголовно-правовые и криминологические меры предупреждения криминальных последствий незаконной миграции».

**Ключевые слова:** противодействие, преступность, мигрант, миграция, преступление, уголовно-правовые меры.

---

Bisengaly L.  
**On the question of criminal-legal  
measures of counteraction of  
criminality of migrants**

Criminally-legal measures of counteraction of criminality of migrants play an important role in the system of countering the phenomenon of measures. In this article the author reviews general issues of the application of penal measures against migrants crime. The author conducted a comprehensive study of the issue in general.

Article is executed within the research 25/82GF4 «Criminal-legal and criminological measures of the prevention a criminal consequences of illegal migration».

**Key words:** fight against, crime, migrant, migration, crime, criminal law measures.

---

Бисенғали Л.  
**Мигранттардың қылмысты-  
лыққа қылмыстық-құқықтық  
қарсылық шаралары туралы**

Мигранттардың қылмыстылығына қарсы тұрудың қылмыстық-құқықтық шаралары осы құбылысқа қарсы тұру шараларының жүйесінде маңызды орынған ие. Аталған мақалада автор мигранттардың қылмыстылығына қарсы тұрудың қылмыстық құқықтық шараларын қолданудың жалпы сұрақтарын қарастырған. Автор арқылы аталған сұрақты кешенді зерттеу жүргізілген.

Мақала 25/82МҚ4 «Заңсыз көші-қонның криминалды салдарларынан сақтандырудың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық шаралары» зерттеуі аясында орындалған.

**Түйін сөздер:** қарсылық, қылмыстылық, мигрант, көші-қон, қылмыс, қылмыстық-құқықтық шаралар.



**К ВОПРОСУ ОБ УГО-  
ЛОВНО-ПРАВОВЫХ  
МЕРАХ  
ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ  
ПРЕСТУПНОСТИ  
МИГРАНТОВ**

Как известно, борьба с преступностью представляет собой совокупность мер экономического, политического (в том числе правового), психологического, организационного, технического характера, которые направлены на устранение (ослабление) факторов, способствующих совершению преступлений, на предупреждение, пресечение, регистрацию, раскрытие (розыск преступников) и расследование преступлений, на осуществление уголовного правосудия, исправление лиц, совершивших преступление, и контроль за их поведением после отбывания наказания, а также на возмещение отрицательных последствий преступлений [1, с. 697].

Уголовно-правовое воздействие, безусловно, включает в себя не только непосредственное применение норм уголовного законодательства к мигрантам, виновным в совершении преступления. Оно предполагает более широкий круг элементов, которыми признаются:

- уголовно-правовые меры предупреждения преступлений;
- уголовно-правовые меры пресечения преступлений (необходимая оборона, причинение вреда при задержании лица, совершившего преступление, привлечение к ответственности за приготовление или покушение на преступление, своевременное применение уголовно-правовых запретов с двойной превенцией);
- уголовно-правовые меры реализации ответственности.

Обращаясь к уголовно-правовым мерам предупреждения преступлений, совершаемых мигрантами, перечислим основные из них – это пропаганда уголовного законодательства, побуждение правонарушителей к добровольному отказу от завершения начатого преступления, побуждение правонарушителей к деятельному раскаянию. Также в эту группу включают содействие социальной адаптации лиц, совершивших преступления [2, с. 29].

Пропаганда уголовного законодательства в Республике Казахстан осуществляется различными способами: посредством проведения индивидуальной воспитательной и разъяснительной работы с гражданами, выступлений перед населением (на сходах граждан по месту жительства, в трудовых коллек-

тивах), с использованием прессы, радио, телевидения, компьютерных линий связи и т. д.

По нашему мнению, в настоящее время снизилась возможность применения в среде мигрантов уголовно-правовых мер предупреждения преступлений, в том числе, пропаганды уголовного законодательства, побуждения правонарушителей к добровольному отказу от завершения начатого преступления и к деятельному раскаянию.

Традиционно, до 90-х годов прошлого века, в нашей стране уголовно-правовые меры предупреждения преступлений реализовывались, прежде всего, по месту жительства граждан и по месту их работы, с помощью воздействия трудовых коллективов. Однако, для последнего десятилетия прошлого века и первых лет века нынешнего характерным стало расширение «анонимности» проживания мигрантов и распространение трудовой занятости мигрантов в теневой экономике.

Это, безусловно, затрудняет адресную работу с названной категорией населения в виду наличия сложности мигрантов в целом, в том числе и тех из их числа, применение уголовно-правовых мер предупреждения преступлений к которым является необходимым.

Мы согласны с позицией М.М. Бабаева и М.В. Королевой, что безличность и анонимность жизни «конечно, снижает эффективность различных форм социального контроля за поведением людей, затрудняет дело их повседневного воспитания и необходимой коррекции поведения, осложняет дело выявления тех случаев и ситуаций, которые требуют вмешательства общественности или государственных органов» [3, с. 15].

«Анонимность» прибывших к новому месту проживания мигрантов обусловлена, во-первых, тем, что ими еще не установлены устойчивые социальные связи, зачастую они не знают даже ближайших соседей, а соседи не знают их, значительное число приезжих проживает без регистрации по месту пребывания и жительства в установленном законом порядке.

В части, касающейся преступников-мигрантов, обращает на себя внимание их «злостное» уклонение от регистрации. Это, вероятно, можно объяснить нежеланием указанного контингента попасть в поле зрения правоохранительных органов.

Исследуя преступность мигрантов В.А. Берзин констатировал: «порядка 30 % преступлений, совершаемых за год в столице, приходится на долю не жителей города, большинство из

которых на момент совершения преступления не были зарегистрированы в паспортно-визовой службе города» [4, с. 3]. Значимость официальной регистрации граждан по месту пребывания в том, что она существенно облегчает выявление лиц, совершивших преступления.

Таким образом, чем больше зарегистрировано граждан, прибывших к новому месту проживания, тем выше возможность выявления лиц, в отношении которых требуется применение уголовно-правовых мер, и напротив, если нет информации о прибывающих, меньше вероятность выявления среди них криминогенного контингента.

Затруднения в своевременном выявлении мигрантов, в отношении которых требуется применение уголовно-правовых мер, обусловлены также особенностями сферы их трудовой деятельности. К сожалению, отмечаемое в литературе отрицательное влияние разрушения или ослабления связей с трудовыми коллективами на поведение личности [5, с. 45], актуально для исследуемой категории населения.

В связи с изложенным, полагаем, для повышения эффективности применения к мигрантам уголовно-правовых мер, необходимо обеспечить:

- укрепление связей правоохранительных органов с населением с целью привлечения его к содействию в деятельности по предупреждению, выявлению и пресечению преступлений, совершаемых мигрантами;
- проведение мероприятий по совершенствованию системы учета граждан;
- более активное противодействие незаконной миграции и нелегальной трудовой занятости мигрантов.

Для обеспечения применения уголовно-правовых мер в отношении мигрантов важное значение наряду с вышеуказанными условиями, имеет уровень специальной профессиональной подготовки должностных лиц, осуществляющих их.

При работе с мигрантами необходимо дополнительно знать очень большое количество законов, подзаконных актов, видов используемых документов, что также требует дополнительной специальной подготовки. Более тридцати законов и ста нормативно-правовых актов (заметим, некодифицированных) регулируют различные вопросы, связанные с мигрантами. Так, при пресечении преступлений и возбуждении уголовных дел в отношении мигрантов – иностранных граждан имеются особенности, обусловленные выяснением наличия или отсутствия у данных

лиц иммунитета от уголовной юрисдикции Республики Казахстан.

Третий аспект, влияющий на совершенствование уголовно-правовых мер борьбы с преступлениями мигрантов – правовое обеспечение. Мы считаем, что необходимо совершенствовать действующее законодательство, что будет выступать в качестве одной из наиболее эффективных мер в борьбе с преступностью мигрантов. Полагаем, эта необходимость является объективной, поскольку она обусловлена динамичностью процессов и явлений, связанных с противоправной деятельностью исследуемого контингента населения, что требует соответствующего отражения в правовых нормах.

Одной из основных гарантий законности реализации уголовной ответственности является правильная квалификация общественно опасных деяний. Она включает в себя точное установление признаков конкретного общественно-опасного деяния и соотнесение их с признаками конкретного состава преступления, предусмотренного в нормах Особенной части Уголовного кодекса. В связи с чем, особенно важно, чтобы выявляемые в практике борьбы с преступностью неточности, противоречия, пробелы в законах устранялись, и законодательство совершенствовалось.

Подводя итог рассмотрения проблемных аспектов применения уголовно-правовых мер, видится, что следующие предложения повысят эффективность применения уголовно-правовых мер в векторе противодействия преступности мигрантов: уровень эффективности осуществления уголовно-правовых мер зависит, прежде всего, от уровня выявления фактов, являющихся основанием применения указанных мер, а также лиц, в отношении которых они применяются. Для значительного контингента мигрантов, особенно правонарушителей, характерна «анонимность» пребывания в новом месте проживания (обусловленная слабостью социальных связей и контактов, отсутствием регистрации, трудовой занятостью в теневой экономике либо вне рамок трудовых коллективов), что затрудняет выявление тех лиц и ситуаций, которые требуют применения уголовно-правовых мер. В связи с чем, для повышения эффективности применения к мигрантам уголовно-правовых мер, необходимо: обеспечить укрепление связей правоохранительных органов с населением, с целью привлечения последнего к борьбе с преступностью мигрантов; провести мероприятия по совершенствованию системы учета граждан; активизировать противодействие незаконной миграции и нелегальной трудовой занятости мигрантов.

#### Литература

- 1 Криминология: Учебник / Под ред. В.Н. Кудрявцева и В.Е. Эминова. – М., 2004. – 800 с.
- 2 Гришанин П.Ф. Меры уголовно-правового воздействия на преступность и их реализация органами внутренних дел: Лекция. – М., 1996. – 53 с.
- 3 Бабаев М.М., Королева М.В. Преступность приезжих в столичном городе. – М., 1990. – 84 с.
- 4 Берзин В.А. Криминологическая характеристика и профилактика преступности мигрантов в условиях сверхкрупного города (на материалах города Москвы): Дис. ...канд. юрид. наук. – М., 1999. – 186 с.
- 5 Гладких В.И. Проблемы предупреждения органами внутренних дел преступности в сверхкрупном городе: Дис. ...д-ра юрид. наук. – М., 1997. – 196 с.

#### References

- 1 Criminology: Textbook / Ed. V.N. Kudryavtsev and V.E. Eminov. – M., 2004. – 800 p.
- 2 Grishanin P.F. Measures of criminal law on the crime and the implementation of the internal affairs bodies: Lecture. – M., 1996. – 53 p.
- 3 Babaev M.M., Koroleva M.V. Crime visitors to the capital city. – M., 1990. – 84 p.
- 4 Berzin V.A. Criminological characteristics and prevention of criminality of migrants in the conditions of a superlarge city (on materials of Moscow): Dis. ... Cand. jurid. Sciences. – M., 1999. – 186 p.
- 5 Gladkikh V.I. Problems of the prevention of crime by internal affairs bodies in the mega-city: Dis. ... Dr. jurid. Sciences. – M., 1997. – 196 p.

Избасова А.Б.  
**Компьютерлік қылмыстық  
құқық бұзушылықтардың  
субъектісі туралы**

Аталған мақалада автор арнайы субъектілер ұғымы, компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісінің ұғымы, аталған қылмыс субъектілерінің жіктелу мәселелерін, оларды бір-бірінен ажырату мәселелері қарастырылған. Компьютерлік қылмыстық құқық бұзушылықтар аясында шетелдік тәжірибе де қарастырылған.

Мақала 25/76МҚ4 «Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және компьютерлік қылмыстылыққа қарсы тұру аясындағы Қазақстан Республикасының қылмыстық саясаты» зерттеуі аясында орындалған.

**Түйін сөздер:** қылмыстық құқық бұзушылық, қылмыс субъектісі, арнаулы субъект, компьютерлік қылмыстар, компьютерлік ақпарат.

---

Izbasova A.B.  
**About subjects of computer  
criminal offenses**

In this article the author gives definition of the special subject, subjects in the sphere of computer information, considers questions of classification of subjects of computer crimes and questions of their limitation. Foreign experience in the sphere of computer criminal offenses is also considered.

Article is executed within the research 25/76GF4 «Criminal policy of the Republic of Kazakhstan in the sphere of ensuring information security and counteraction of computer crimes».

**Key words:** criminal offenses, subject of a crime, special subject, computer crimes, computer information.

---

Избасова А.Б.  
**О субъекте компьютерных  
уголовных правонарушений**

В данной статье автор дает определение специального субъекта, субъектов уголовных правонарушений в сфере компьютерной информации, рассматривает вопросы классификации субъектов компьютерных преступлений и вопросы их отграничения. Также рассмотрен зарубежный опыт в сфере компьютерных уголовных правонарушений.

Статья выполнена в рамках исследования 25/76ГФ4 «Уголовная политика Республики Казахстан в сфере обеспечения информационной безопасности и противодействия компьютерной преступности».

**Ключевые слова:** уголовные правонарушения, субъект преступления, специальный субъект, компьютерные преступления, компьютерная информация.

**КОМПЬЮТЕРЛІК  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ  
СУБЪЕКТИСІ ТУРАЛЫ**

Ақпараттандыру осы уақытта Қазақстан аумағында жаңа негативті (жағымсыз) құбылыстардың пайда болуына, соның ішінде осы саладағы қылмыстарға алып келді.

Ғылыми-техникалық прогресс қылмыстың мазмұның күрделі өзгертті, сол себепті қылмыспен күресудің механизмі құрамында да өзгерістерге алып келді. В.А. Мазуровтың айтуынша, компьютерлік технологияларды пайдалана жасалатын қылмыстар тек электронды болмыста ғана емес, сонымен қатар қандай да болсын электронды құрылғылар бар тәндік өмірде де жасалып жатады [1, 68 б.].

Кез келген мемлекеттің ұлттық инфрақұрылымы бүгінгі күні жаңа компьютерлік технологиялармен тығыз байланысты. Банктік және энергетикалық жүйелердің күнделікті қызметі, көлік жүйелері, әуе қозғалысы тіпті медициналық жәрдем мен адамға қажетті күнделікті мұқтаждық қызметтері мен сервисі автоматтандырылған электронды есептеу жүйелерінің дұрыс және қауіпсіз жұмысына толық тәуелді. Қазіргі таңда жалпы қылмыстардың басты бөлігін жаңа технологиялармен байланысты жасалатын қылмыстар саны қамтып келетінін сан алуан рет айттық. Оның тез дамып өсуіне тікелей қазіргі жаңа заманның негізгі бастамасы Интернет ғаламторымен тікелей байланысты және онымен тең дәрежеде күресуді жүзеге асыра алмай келе жатқан өкілетті органдармен және тиісті шаралардың жетіспеуімен байланысты десек те болады.

Әрекеттің белгілі бір қылмыс құрамын құрайтындығын және ол үшін қылмыстық жауаптылықтың мүмкіндігін анықтау үшін қылмыс жасаған нақты тұлғаны тауып, оның қылмыстық заңда белгіленген барлық белгілерге ие екендігін анықтау қажет. Кез-келген қылмыстың қылмыс құрамының міндетті элементтерінің қатарында қылмыс субъектісі кіреді, себебі қылмыс нақты жеке тұлғамен жасалады. Қылмыстық заң қылмыс субъектісі ретінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта қылмыстық жауаптылық жасына толған есі дұрыс жеке тұлғаны таниды (ҚР ҚК 15-бабаның 1-бөлігі). Бұған қоса заңмен қылмыстардың жекеленген түрлері үшін қылмыстық жауаптылық мүмкін болатын субъектілердің шектелген шеңберіне жауаптылық көзделеді. Бұл кейбір қылмыстар есі дұрыс және қылмыстық жауаптылық жасына толған кез-келген тұлғалармен емес, қылмыстық кодекстің сәйкесінше бабымен

қарастырылған жекеленген ерекшеліктерге ие тұлғалармен жасалады. Бұл арнаулы субъектілермен жасалатын қылмыс құрамдары, олардың қатарына компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстар да жатады. Қарастырылып отырған қылмыс құрамдары субъектілерінің анықтамасы бір жақты түсіндірілмеді. Кейбіреулері есептеу техникасын пайдалану саласындағы қылмыстар тек арнаулы субъектілермен жасалатын қылмыстар деп тұжырымдайды. Ал ғалымдардың екінші тобы қоғамның компьютерлендіру деңгейі жоғары болған сайын аталған қылмыстар жалпы субъектілермен жасалатындығы жиеліей түседі деген ойда.

Шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, компьютерлік қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектілері олардың кәсіби даярлығы мен әлеуметтік жағдайларының деңгейлеріне қарай ажыратылады. «Компьютелік» қылмыскерлерді бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топ – электрондық есептеуіш машиналарды пайдалану ережелерін бұзушылар. Олар өздерінің техникалық білімдерінің жеткіліксіздігі салдарынан оларды қызықтыратын ақпаратпен танысу немесе қандай да болмасын бағдарламаны ұрлап алу немесе электрондық есептеуіш машиналардың қызметін тегін пайдалану мақсатында қылмыстық құқық бұзушылықтар жасайтындар.

Екінші тоты компьютерлік техника мен бағдарлама жасау саласындағы кәсібилік пен өзіндік фанатизм және тапқырлықты үйлестірген тұлғалар құрайды. Оларды «хакерлер» немесе «бағдарлама жасауға құштар адамдар (одержимые)» деп атайды. Бұл субъектілер компьютерлік техника құралдарын өздерінің творчестволық және кәсіби білімдері, дағдылары мен біліктіліктеріне деген өзіндік сын-тегеурін ретінде қарастырады. Бұл топ субъектілеріне тән ерекшелік болып қылмыскерлерде материалдық пайда табу ниеттерінің болмауы табылады. Бұл субъектілер басым көпшілік қылмыстарды өздерінің қабілеттіліктерін дәлелдеу, көрсету және бекіту мақсатында жасайды.

Аталған топтағы қылмыскерлердің қызметі компьютерлік жүйелерге заңсыз кіру, ұрлық ақпаратты бұрмалау мен жоюдан көрініс табады. Ерекше назарды бұл ретте компьютерлік техника саласындағы кәсіби-мамандар аудартады. Компьютерлік жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралардың күшеюін олар психологиялық тұрғыда өздерінің кәсібилігін тексеруге деген шақыру ретінде қарастырады. Сондықтан олар өздерінің артықшылықтарын көрсетуге талпынып, нәтижесінде бұл әрекеттер қылмыс жасауға әкеп соқтырады.

Бұл топтағы компьютерлік қылмыскерлерді қылмыс жасауға деген арнайы дайындығы мен нақты мақсатының болмауы; қылмыс жасау әдісінің өзгешелігі; қылмыс жасау құралы ретінде тұрмыстық техника құралдары мен заттарын қолдануы сияқты белгілеріне байланысты ажыратуға болады.

«Хакер» термині ақылшын «hack» сөзінен шыққан – кесу, шабу мағынаны білдіреді. Бұл тұлғаларды сипаттайтын жариялымдардан хакер – әлсіреу жағдайына дейін дисплейде 12-16 сағат қатарынан жұмыс жасайтын, андасанда тамақтанып, сырт келбетіне қарамайтын, қоршаған ортаға көңіл аудармайтын және өзгелердің пікіріне құлақ аспайтын азамат. Дегенмен олар операциялық жүйенің қыр-сырын, ассемблер (операциялық жүйеде бағдарламаны автокодтан машина тіліне автоматты түрде аударуға арналған көмекші бағдарлама) тілін (assembly language), бағдарлама жасаудың жоғарғы деңгейдегі тілдерін және шалғай құрылғылардың ерекшеліктерін жетік білетін тұлғалар санатына жатады [2].

Біреулерінің негізгі өнімдері – құжаттарды құрамайтын ұсақ бағдарламалық жүйелер. Оларды құру барысында жиі біреудің бағдарламаларын «қиқымдау (кромсание)» бүлдіру пайдаланылады. Олардың қызметінің мақсаты болып өздерінің түсінулері бойынша – операциялық жүйенің мықты бағдарламаларын (ойындар, вирустар, бағдарлама тілдері және т.б.) құру табылады.

Ал кейбіреулері үшін басты міндет қандай да бір жүйеге кіру, бұл жүйенің қорғалуын бейтараптандыру болуы мүмкін. Бұларды кракерлер (crack – бұзу) деп атайды.

Үшінші біреулерін «ақпараттық саяхатшылар» деп атайды. Олар біреулердің компьютерлері мен жүйелеріне кірулерімен мамандандырылған. Ал төртіншілері – троян бағдарламалары мен компьютерлік вирустарды құраушылар. Алайда бұларды хакерлер деп атауға болмайды. Себебі хакерлердің ресми емес «кодекстерінде» өз білімдерін тұтынушыларға зиян келтіру үшін пайдалануға тыйым салынған.

Хакерлердің өз қағидалары бар. Олардың әдеби келесі көрсетілгендерге негізделген:

1) Компьютерлер – бұқара топқа арналған құрал. Олар тек ауқатты адамдардың ғана меншігінде болмауы керек;

2) Ақпарат барлығына бірдей тиесілі және еркін болуы тиіс. Хакерлер бағдарламаларды құрастырып, тарату қажет, оларды құпия ұстауға болмайды деген көзқарасты ұстанады;

3) Бағдарламалық код – көпшіліктің игілігі. Жақсы кодты барлығы пайдалануы керек, ал жаман код түзетілуі тиіс, бағдарламалар автор-

лық құқықпен қорғалмаған немесе көшіріп алудан қорғалған болмауы керек;

4) Бағдарлама жасау – бұл өнер;

5) Компьютер – тірі организм. Оны күтіп, бағалау қажет [3, 37 б.].

Америка криминалистері «хакерлерді» келе-сідей суреттейді: жасқаншақ, компьютермен бұркенетін, интроверт, өздерін жоғары бағалайтын, алайда басқа тұлғалар арасында беделді емес, ұйымдастырушылық қабілеттіліктері төмен, ақылды, интеллектуалдық көрсеткіштері жоғары, әдемі сойлейтін, сауатсыз жазатын, үлгерімдері төмен тұлғалар. Қызметтерінің шыңы – 16-17 жас.

Қарастырылып отырғандардың ішінде екінші және үшінші топтағы қылмыскерлер ұқсас келеді. Олардың құрамына психикалық аурудың жаңа түрі – ақпараттық аурулар немесе компьютерлік фобиялармен ауыратындар кіреді. Аурудың аталған санаты ақпараттық жүйенің жүйелі түрде бұзылуынан болады: ақпараттық ашығулар мен қайта жүктеулер, ақпараттық тартыстар т.б. Бұл топтағы қылмыскерлермен жасалатын компьютерлік құқық бұзушылықтар негізінен қылмыстық ниетсіз компьютерлік техника құралдарын жою немесе бүлдірумен байланысты.

Ал төртінші топты құқыққа қарсы әрекеттерді нақты пайдакүнемдік мақсатта жасайтын кәсіби «компьютерлік» қылмыскерлер құрайды. Бұл қылмыскерлер қылмысты жасыруға бағытталған әрекеттермен компьютерлік құқық бұзушылықтарды жасаудың көптігімен сипатталады. Көбінесе олар жоғары техникалық, заңдық немесе экономикалық білімдері бар білікті мамандар. Олардың басты мақсаттары қақсы тараптан экономикалық, техникалық және басқа да салалардағы маңызды ақпаратты алу болып табылады. Бұл қылмыскерлер үлесінде компьютерлік техника құралдарын пайдалану арқылы жасалған көптеген аса ауыр қол сұғушылықтар жатыр. Бұл топтың

ішінде «ақ жағалылар» деп аталатын байсалды қылмыскерлер – бухгалтерлер, қазынашылар, тәулі фирмалардың қаржыларын басқарушылар, адвокаттар, компаниялардың вице-президенттері және т.б. бар. Аталған қылмыскерлерге компьютерлерді жоспарланып отырған қылмыстарды үлгілеу, бәсекелестерді компьютерлік бопсалау, ақпаратты бұрмалау және т.б. әрекеттер тән. Мұндай қылмыстардың мақсаты болып негізінен материалдық пайда табу немесе басқа қылмыстық әрекеттерді жасыру табылады.

Нақты қылмыстық істердің аналитикалық деректерінің негізінде жасалған «компьютерлік» қылмыскердің жалпыланған сипаттамасы келесідей:

Қылмысты жасау барысындағы қылмыскерлердік 33%-ның жасы 20-дан аспаған, 13%-ы 40-тан асқан және 54% – ның жасы 20 мен 40 жас аралығындағылар. Қылмыскерлердің басым көпшілігі жыныстық қатыстылығына бойынша ер адамдарды (83% шамасында) құрады, дегенмен әйел адамдар тарапынан аталған қылмысты жасау жыл сайын қарқын алуда. Бұл ретте ер адамдармен жасалатын қылмыс зардабы әйел адамдардың жасаған қылмыстарының зардабына қарағанда 4 есе көп. Қылмыс жасау кезінде қылмыскерлердің 52%-ы ақпаратты автоматтандырылған өңдеу саласында арнайы дайындығы бар тұлғалар, 97%-ы өздерінің өндірістік процестерінде компьютерлік технологияларды пайдаланатын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері болып шықты [4, 28 б.].

Сонымен қатар, әрбір мың компьютерлік қылмыстардың ішінен тек жетегі ғана кәсіби программисттермен жасалатындығы қызықты. Аталған жағдайларды компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстық заңнаманы жетілдіру процессінде, сонымен қатар құқық қолдану тәжірибесінде тергеу мен аталған құқық бұзушылық түрінің алдын алуда ескеру қажет.

#### Әдебиеттер

- 1 В.А.Мазуров «Компьютерные преступления: классификация и способы противодействия». – М., 2002.
- 2 Биекенов Н.А. Некоторые проблемы обеспечения кибербезопасности в Республике Казахстан. – Алматы, 2014.
- 3 Борисов М. А., Романов О. А. Основы организационно-правовой защиты информации. (Гриф УМО по дополнительному профессиональному образованию). №2. Изд.3, перераб. и доп. – М.: Книжный дом «ЛЕНАНД», 2014. – 248 с.
- 4 Михеева Е.В. Информационные технологии в профессиональной деятельности: учеб.пособие. – М.: Проспект, 2010. – 448 с.

#### References

- 1 V.A.Mazurov «Kompyuternyye prestupleniya: klassifikatsiya i sposobyi protivodeystviya» // М., 2002.
- 2 Biekenov N.A. Nekotorye problemy obespecheniya kiberbezopasnosti v Respublike Kazahstan // Almaty, 2014.
- 3 Borisov M. A., Romanov O. A. Osnovyyi organizatsionno-pravovoy zaschityi informatsii. (Grif UMO po dopolnitelnomu professionalnomu obrazovaniyu). #2. Izd.3, pererab. i dop. М.: Knizhnyiy dom «LENAND», 2014. – 248 s.
- 4 Miheeva E.V. Informatsionnyie tehnologii v professionalnoy deyatel'nosti: ucheb.posobie. – М.: Prospekt, 2010. – 448 s.

Базилова А.А.  
**Компьютерлік қылмыстарды  
ашу және әшкерелеу  
тәжірибесі**

Автор мақалада компьютерлік қылмыстарды жасау, ашу және әшкерелеу тәжірибесі туралы мәселелерді қарастырған. Сонымен қатар осы қылмыстардың алдын алу жолдары қарастырылған.

Мақала 25/76МҚ4 «Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және компьютерлік қылмыстылыққа қарсы тұру аясындағы Қазақстан Республикасының қылмыстық саясаты» зерттеуі аясында орындалған.

**Түйін сөздер:** компьютер, антивирус, қылмыс, компьютерлік техника.

---

Bazilova A.A.  
**The practice of disclosure and  
investigation of computer crimes**

The author of this article examines the causes of committing computer crimes and measures to combat these crimes and disclosure. Also questions of prevention of these crimes are considered.

Article is executed within the research 25/76GF4 «Criminal policy of the Republic of Kazakhstan in the sphere of ensuring information security and counteraction of computer crimes».

**Key words:** computer antivirus, crime, computer equipment.

---

Базилова А.А.  
**Практика раскрытия и  
расследования компьютерных  
преступлений**

Автор в данной статье рассматривает причины совершения компьютерных преступлений и меры по борьбе и раскрытию этих преступлений. Также рассматриваются вопросы профилактики данных преступлений.

Статья выполнена в рамках исследования 25/76ГФ4 «Уголовная политика Республики Казахстан в сфере обеспечения информационной безопасности и противодействия компьютерной преступности».

**Ключевые слова:** компьютер, антивирус, преступления, компьютерная техника.



**КОМПЬЮТЕРЛІК  
ҚЫЛМЫСТАРДЫ АШУ  
ЖӘНЕ ӘШКЕРЕЛЕУ  
ТӘЖІРИБЕСІ**

Компьютерлік қылмыстарды ескертудің құқықтық және ұйымдастыру-техникалық шаралары жүйесін қолдану, сөзсіз, компьютерлік қылмыспен күрестегі бір жетекші бағыт болып табылады. Бірақ бір ескету шаралары үнемі қылмыстық әрекеттерді болдырмауға күші жетпейді. Бұл белгілі жайт. Оның үстіне компьютерлік жүйелер мен электрондық жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесімен айналысатын жетекші мамандар сөз пайдаланушыларына машиналық ақпараттағы, айналымдағы ақпараттардың толық жасырындығы мен сақталуына кепілдік беретін абсолютті сенімді электрондық жүйенің әлемде жоқ екендігіне бірауыздан пікірлес болып отыр. Осыған орай компьютерлік техника құралдарын қорғау мәселесімен ғана емес, сондай-ақ компьютерлік қылмыстарды әшкерелеу мәселесін де шешу керектігі туындайды. Көрсетілген қажеттілік егер де ескерту шаралары түгесілген жағдайда, сондай-ақ заңға қарсы шаралардың орын алуына толық дәрежеде мүмкіндік бермеген жағдайда туындайды.

Туындаған проблеманың жаңашылдығы, қоғамының компьютерлену процесінің өрлей өсуі, біздің ойымызша құқық-қорғау органдарын жаңа әлеуметтік көріністерге адекватты қарсы тұру және белсенді күрес жүргізу ісіне дайын болмауы жағынан қапы қалдырды деуге болады. Біз санаймыз, бұл тенденция менің жұмысымның бірінші тарауында егжей-тегжей қарастырған объективті және субъективті факторлардың болуы әсерімен де тереңдей түсті. Ол мамандар жүргізген зерттеулер арқылы да дәлелденеді. Мысалы, сұрақ қойылған респонденттердің 76%-ы, олар қалалық және аудандық басқарма бастықтарынан жинақталған зерттеу тобын құрушылар, өз бөлімдерінде әзірге компьютерлік қылмысты ашу мәселесімен айналысуға қабілетті қызметкер дәл қазір жоқ екенін айтады. Осындай көзқарасты ішкі істер органдары тергеу бөлімшелерінің бастықтарынан құралған топ респонденттері де ұстанады. Менің ойымша, осындай істерді сапалы тергеу үшін шетелдік әріптестер тәжірибесін ескере отырып құқыққорғау органдарының арнаулы бөлімшелерін жасақтау керек. Мысалы, АҚШ-та мұндай бөлімшелер 1982 жылдан бастап жұмыс істейді. Істің жалпы жағдайы төмендегідей, компьютерлік қылмысты тергеу ісі экономикалық қылмыспен күрес бөлімдері қызметкер-

лері жүргізеді, олардың компьютерлік техника саласындағы мамандығы жоқ, қажетті білімі жоқ.

Біз компьютерлік қылмыс категорияларына жатқызған заңға қайшылығы болмашы көрінетін әрекеттің астарында аса ірі көлемде ақша, қаржы қымқыру қылмысы жатады. Оны тануға маманның көзі қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, тергеушілер компьютерлік қылмыстардың осы бөлігін тергей келе сол сәтінде шеше алмайтын қиындықтарға кездесіп отырады, олардың арасынан төмендегілерді көрсеткім келеді:

– қылмыстық әрекеттерді квалификациясының күрделілігі;

– қылмыстық –процессуалдық заңның жетілмеген тұстарынан әртүрлі тергеу амалдарын жүргізудегі қиындықтар;

– компьютерлік техника құралдарына программалық-техникалық сараптама тағайындаудағы және эксперттік қарастыруына шығарылған сұрақтарды қалыптастырудағы қиындықтар;

– кейбір сұрақтар бойынша тергеу ісіне тартылатын сәйкес мамандардың болмауы;

– компьютерлік техника саласындағы қарапайым білімнің болмауы.

Компьютерлік қылмыстарды тергеу процесіне теріс әсер беретін факторларды ерекше анықтап көрсеттім, олар өз шешімін жуық арада талап етеді:

1) құқықтық-процессуалдық заңның жетілмегендігі

2) ақпараттық ресурстардың құқықтық статусымен спецификалық ерекшеліктерін реттеуге шақыратын нормативтік базаның барынша әлсіздігі

3) көрсетілген түрдегі қылмысты тергеу әдістерінің болмауы

4) тергеу және сот тәжірибелерінің қорытындыларының болмауы

5) компьютерлік техника құралдарына керекті сараптаманы жасау бойынша базалық сараптама-криминалистік орталықтың болмауы

6) КТҚ криминалистік сараптама жүргізудің әдістемесінің болмауы

7) Құқыққорғау органдарының қажеттілігі үшін сәйкес мамандарды дайындау үшін оның әдістемелік орталықтың болмауы

8) Құқыққорғау органдары бөлімшелерін компьютерлік құралдармен өте жұпыны жабдықтау және үйлеспеген әрекеттер туындайтын осындай мәселелерді шешу кезіндегі аймақтық қайшылықтар

Жоғарыдағы көрсетілген факторлардың өзара жинақталуы нәтижесінде тәжірибеде қылмысты дер кезінде ашу мүмкіндігін әжептәуір қиындататын және іс бойынша жұмыстың бастапқы кезеңіндегі айғақтарды толық жинауға қиындық келтіреді.

Компьютерлік қылмысты тергеу процесінде мәліметтерді өңдеу кезеңін орнықтыруда қайсыбір өзгерістер енгізілгендігін, ЭЕМ-ді қолданғандағы бухгалтерлік ЭЕМ-де құрастырылған алғашқы және бухгалтерлік құжаттардағы интеллектуалды түрде алмастыру белгілерін, жедел жадыны тасығыштарда зерттеу арқылы есептеу қызметкерлерінің компьютерлік қылмысты жасауға қатыстылығын әшкерелеу, сондай-ақ ЭЕМ-ге сәйкес мәліметтерді енгізген тұлғаларды да т.б. Менің ойымша, бұл мақсаттар үшін сот-бухгалтерлік сараптама өндіргісінің әдістемесін қолдануға болады, ол зерттеу бар.

Қорыта келе айтатынымыз, компьютерлік қылмысты жасау әдістері көп және барған сайын көбеюде. Бұл компьютерлік техника құралдарының жетілу шамасына қарай жүреді. Ал компьютерлендіру шет мемлекеттермен немесе көршілес мемлекетіміз Ресейге қарағанда әлі де төмен деңгейде, алайда даму барысында. Әсіресе, компьютерлік қылмыстан жапа шегушілер жоғарыда атап өткеніміздей: заңды тұлғалардың (мекеме, ұйымдар мен меншіктің барлық түрлеріндегі кәсіпорын т.б.) компьютерлік қызмет көрсетуі кең қолданылуда. Сондықтан бұл еімізде нағыз проблема болмай тұрғанда оны алдын алу керек және шешу керек.

#### Әдебиеттер

- 1 Деянин и др. «Теоритические основы компьютерной безопасности». – М.: Радио и связь, 2000
- 2 Битиев Ш.Б. «Защита информации и информационная безопасность». – Алматы: Асем-Систем, 2005
- 3 П.Б Хорев, «Методы и средства защиты информации в компьютерных системах». – М.: Академия, 2005
- 4 Партыка Т.Л, Папов И.И, «Информационная безопасность». – М.: Форум-Инфра, 2004
- 5 Рябко Б.Я, «Криптографические методы защиты информации». – М.: Горячая линия-телеком, 2005
- 6 Левин М, «Криптография без секретов. Руководство пользователя». – М.: Новый издательский дом, 2005

**References**

- 1 Devyanin F. and others. «Theoretically basics of computer security,» M: Radio and communication, 2000
- 2 Bitiev SH.B. «Data protection and information security», Almaty Asem-Systems 2005
- 3 P.B. Horev, «Methods and tools for the protection of information in computer systems», M: Academy 2005
- 4 Partyka T.L. Popev. I.I. «Information Security,» M: Infra-Forum 2004
- 5 B.YA. Ryabko, «Cryptographic methods of information protection,» M: Hotline Telecom 2005
- 6 Levin M. «Cryptography without secrets. User's Guide, «M: New Publishing House, 2005

Зулеева А.Ж.

**Медиаторларды жауаптылыққа тартудың әлемдік тәжірибесі**

Мақала медиатордың жауаптылығын заңмен бекітілген медиацияның тиімділігі мен көрсетілетін қызмет сапасының кепілдігі ретінде қарастырады. Жұмыста медиатор мен келісім-шарттың тараптары арасындағы туындайтын қатынастардың құқықтық табиғаты, осы құқықтық қатынастарды реттейтін қайнар көздері, делдалдың жауаптылығының нысандары талқыланады. Қазақстандағы медиатордың жауаптылығын белгілеу сұрақтарын қарастыру барысында бұл саладағы отандық және шет елдердің тәжірибесі салыстырылады.

**Түйін сөздер:** медиация, қатынастардың азаматтық-құқықтық табиғаты, құқықтық даулар, жауаптылықтың нысандары.

---

Zuleeva A.

**World experience of establishment of responsibility of mediators**

Article is devoted to a question of responsibility of a mediator as legislatively installed mechanism of ensuring efficiency of mediation and quality assurance of services. In work the legal nature of the relations arising between a mediator and the parties of negotiations, sources of legal regulation of these legal relationship, forms of responsibility of mediators is analyzed. By consideration of questions of fixing of responsibility of mediators in Kazakhstan the domestic and foreign experience in this sphere is compared.

**Key words:** mediation, civil nature of the relations, legal conflicts, responsibility forms.

---

Зулеева А.Ж.

**Мировой опыт установления ответственности медиаторов**

Статья посвящена вопросу ответственности медиатора как законодательно установленного механизма обеспечения эффективности медиации и гарантии качества услуг. В работе анализируется правовая природа отношений, возникающих между медиатором и сторонами переговоров, источники правового регулирования данных правоотношений, формы ответственности медиаторов. При рассмотрении вопросов закрепления ответственности медиаторов в Казахстане сравнивается казахстанский и зарубежный опыт в данной сфере.

**Ключевые слова:** медиация, гражданско-правовая природа отношений, правовые споры, формы ответственности.

## МЕДИАТОРЛАРДЫ ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТУДЫҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдарының, арнайы әдебиет беттерінен «медиация» сөзі түспейді. Алайда, «медиация» сөзінің мағынасын қарапайым халық толықтай түсіне бермейді. Себебі, бұл ұғым біздің қоғамға енді ғана еніп жатыр. Медиация құқықтық дау-жанжалды соттан тыс, альтернативті түрде шешудің формасы болып табылады. Демек, «медиация» термині дауды оған ешқандай да қатысы жоқ үшінші бір тұлғаның – медиатордың араласуы арқылы шешу мағынасын білдіреді. Осындай рәсімдер барысында мүдделері қайшылыққа түскен тараптар медиатордың тәжірибесіне, білімі мен іскерлігіне сүйене отырып өзара пайдалы шешімге келеді.

Медиацияны дамыту Қазақстанда қалыптасқан жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау, дауларды шешу мен тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету тетіктерін жетілдірудің ең тиімді бағыты болып табылады. Сондықтан құқық қолдану тәжірибесіндегі қалыптасқан дауларды альтернативті түрде шешу рәсімдерін білікті заң көмегін алуға конституциялық құқығының кепілі ретінде де қарастыруға болады.

Әрине, өмірде азаматтардың түсініспеушілігінен неше түрлі келіспеушіліктер, даулы мәселелер туындайды. Міне, сондай мәселелерді шешуде медиаторлардың қызметіне жүгіну өте тиімді. Өйткені медиация даулы мәселелерді шешуде әлемде өзін-өзі толық ақтаған процесс. Кәсіби медиатордың алдына қойған басты мақсаты – кез келген келіспеушілікті сотқа жүгінусіз-ақ, дауласушы тараптардың барлығына бірдей тиімді жағдайда шешу. Мұны даулы мәселені бейбіт жолмен шешу деуге де болады.

Медиация институтының артықшылары көп. Біріншіден, азаматтардың істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру барысында соттарға тиетін жұмыс жүктемесі тым үлкен болады. Екіншіден, бірнеше сатыдан тұратын сотта дауларды шешу бірталай уақыт пен күшті, соған байланысты қаржы шығындарын да талап етеді. Тағы да бір айта кететін жәйт, сот шешімдері көбінесе бір тарапты қанағаттандыратындықтан, екінші тарап өз құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында ұзақ уақытын шағымдануға (апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатылары) кетіреді. Сонымен қатар, әрбір сатыда істі қараудың бекітілген мерзімдері бар. Іс бойынша ше-

шім қабылдау созылып кетеді, кейде ол үшін бірнеше айлар, тіпті жылдар қажет болатын. Солайша шешімді орындаудың еріктілігіне бөгет жасалып, оларды мәжбүрлі түрде орындауға жол берілетін.

Медиация институтына байланысты екі жақты қанағаттанарлық шешімдер қабылданады. Осындай жолмен шешу қажетті шешімге қол жеткізуге күштемейді, сондықтан да сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына жол берілмейді. Таңқаларлық емес, бұл қағиданы Батыс мемлекеттерінде «win-win» – «жеңіс-жеңіс» деп атайды.

Медиация – ерікті процесс. Медиатор бір жақтың ғана мүддесін жақтайтын бітімші емес. Сонымен қатар медиатор туындаған мәселе бойынша өзінің көзқарасын тараптарға мәжбүрлеуге құқығы жоқ. Оның кеңесі жақтардың келісімге келуіне көмек көрсетуі тиіс. Шиеленістерді тегістеп, сұрақтар қоя отырып, медиатор тараптардың өзара тиімді шарттарға жету үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданып және нақты жүзеге асатын келісімшарт жасайды.

Медиация – құпиялы процесс. Тараптар медиацияның құпия процесс екендігін мойындайды және келіседі, және бұл құпиялылықты медиатор да сақтауы тиіс. Яғни медиатор медиация процесі кезінде айтылған, жазылған немесе басқаша түрде ұсынылған материалдарды ешкімге, ештеңе ашпайды. Осындай материалдар медиация процесі кезінде тек тараптарға қажетті адвокаттар мен кәсіби мамандарға, тараптардың келісімі бойынша басқа да тұлғаларға берілуі мүмкін. Ешбір тарап өз пайдасы үшін медиаторды куә ретінде қатыстыруға құқығы жоқ.

Медиатор медиация барысында алған мәліметтерді келесі жағдайларда ашуы мүмкін:

- заңмен қажет етілсе;
- сот билігінің бұйрығымен;
- болашақта қылмыс жасалу немесе адамның өміріне потенциалды қауіп-қатер әкелу жағдайында.

Қазіргі уақытта медиацияны қолдану 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданған «Медиация туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен құқықтық реттеледі.

Заңға сәйкес медиация мынадай қағидаттар негізінде жүргізіледі:

- 1) еріктілік;
- 2) медиация тараптарының тең құқылығы;
- 3) медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы;
- 4) медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік;
- 5) құпиялық [1].

«Медиация туралы» заңында медиация ұғымы, қолданылу аясы анықталып, медиация рәсімінің кепілдіктері, медиаторлардың қызметіне ақы төлеу және басқа да негізгі мәселелері қарастырылған. Аталған Заң бұқара халыққа өте қолайлы, әрі тиімді боларына күмәнсіз, әрі сот және құқық қорғау органдарының жұмыс барысына көп жеңілдіктер әкеледі. Бірақ, сонымен қатар кейбір маңызды сұрақтар бұл нормативтік актіде талқыланбай қалды.

Осындай шешуін таппаған сұрақтарға медиатордың жауаптылығы жөніндегі сұрақтар жатады. Медиатордың жауаптылығы медиация рәсімінің тиімділігі мен көрсетілетін қызмет сапасын кепіл етеді. Сондықтан әлемде, әсіресе англо-саксондық құқық жүйесінің елдерінде, медиатордың жауаптылығы өзекті мәселелерге жатады.

Шет елдерінде медиатордың жауаптылығының негіздері мен шаралары келісім-шартта нақтылап белгіленеді.

Мысалы, Германияда медиатордың жауаптылығы шартқа сәйкес және деликттік болып екі түрге бөлінеді. Бірінші жағдайда делдалдың жауаптылығы медиация туралы келісім-шартта бекітіледі (медиация рәсіміне нақтыланған уақытында келу және т.с.с.), ал екінші жағдайда медиатор Неміс Азаматтық кодексінің 823 бөліміне сәйкес жауапты болады. Азаматтық-құқықтық жауаптылықтың жалпы негізі ретінде медиация рәсімінің сәтсіздігі танылады. Және бір еске алатын жәйт, жауапкершілік қандай да бір белгілі шешімге жетпегені үшін емес, тек тәртіптің бұзылғаны үшін туындайды. Осындай сәтсіздік медиация рәсімі барысында делдалдың біліксіздігінен, кәсіби дайындық деңгейінің төмендігінен туындаған қателердің нәтижесі болып табылады. Медиатор істі негізсіз кешіктірген немесе құпиялық қағидатын бұзған болса, тараптарға материалдық және моральдік зиян келтіреледі [2, 37].

Көптеген ресейлік зерттеушілер медиатордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің негіздерін заңда бекіткенді әділ деп санайды.

Д. Самигуллиннің пікірінше, медиатор тараптар ешқандай келісімге келмесе, шарттың мазмұнына және орындалуына жауапты бола алмайды. Осы сұрақтар бойынша жауаптылық тараптардың өздеріне жүктеледі. Ал басқа жағдайларда медиатор азаматтық-құқықтық, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылу мүмкін [3, 70].

Медиатордың қызметіне байланысты талаптар Еуропалық Комиссияның қолдаумен

ынталы топпен әзірленген және 2004 жылы 2 маусымда Брюсселдегі конференцияда бекітілген Медиаторлар үшін жүріс-тұрыс ережелердің Еуропалық кодексінде көрініс тапқан.

Еуропалық кодексінде келесі маңызды ережелер көрсетілді:

1. Біліктілік. Делдалдар медиация саласында қажетті деңгейде білікті болуы тиіс. Медиаторлардың қызметіне қатысты стандарттар немесе талаптарды ескере отырып, оларды тиісті оқыту және медиация саласында теориялық және тәжірибелік дағдыларын үздіксіз жетілдіру, бағалау өте маңызды болып табылады.

2. Тәуелсіздік және бейтараптық. Медиатор рәсімді бейтарап өткізуге тиісті. Медиатордың іске мүдделі емес екендігін бүкіл медиация процесіне қатысты тұрақты сұраныс болып табылады. Мүдделі екенін білдіретін мән-жайларға жатады:

– тараптардың біреуімен анықталған кез келген жеке немесе іскерлік қарым-қатынас;

– тікелей немесе жанама түрде болсын, медиация қорытындысындағы қаржылық, басқа да материалдық қызығушылығы;

– медиатордың бір жақтың пайдасына жүзеге асырылған алдыңғы қызметі.

Медиатор тараптардан әлдеқандай қатынаста артықшылығы бар позициялар орналаспайды және аралық судьялар рөл ойнамайды, ол бейтарап позицияны сақтауға тиісті және барлық процесті бойына өз пікірге айтқан сөзге тараптар түрткі болу керек медиацияда, қамтамасыз етіп онымен өз көзқарас, позиция, мүдделер, себептер және тілектер айтқан сөз үшін тең мүмкіндік етеді.

3. Процестің әділдігі.

Делдал, оны қажетті деп санайтын болса, тараптарға хабарлап, медиация рәсімін тоқтатуға құқылы:

– медиатор дауды медиация арқылы шешу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайларды анықтаған жағдайда;

– істің мән-жағдайларына байланысты және өз құзырлығының негізінде болашақ шешімді заңсыз немесе орындауға мүмкін емес деп санаса [4].

Аталған талаптарды сақтамаған жағдайда медиатор жауапқа тартылу мүмкін.

Көптеген даудама жағдайлардың ерекшелігі – байланысу және қабылдау мәселенің бар болуында. Сондықтан медиация ретінде даудамаларды шешкен кезде аталған мәселелерге ерекше мән беретін мұндай тәртіп қана қолданыла алады. Егер де келіссөздерде үшінші

тәуелсіз тұлғаның қатысуымен қандай да бір мәміле жасасу үшін сөз қозғалып мұндай аспектілер мән бермесе, онда шарт жасасуға бағытталған медиация болады. Медиатордың да міндеттеріне сәйкес өзгерістер енгізіледі. Байланысу және қабылдаумен байланысты мәселені шешудің орнына, медиатор тиімді шешім қабылдауға негізгі күш жұмсауға бағыттайды.

Медиатордың қызметі белгіленген шеңберінен асып кетсе немесе тараптардың мүдделеріне сәйкес болмаса, медиатор толық дербес жауапқа тартылады. Бұл жағдайда медиаторлық өкілеттігін пайдалану жауаптылығын жеңілдетпейді, керісінше оны ерекшелендіреді, ауырлатады. Медиатор – жауаптылықтың арнайы субъектісі, өйткені ерекше құқықтық мәртебесі оның мінез-құлығының ерекше құқықтық бағалауын анықтайды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі медиаторлардың жауаптылығын «Коммерциялық және өзге ұйымдарға қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар туралы» тарауда қарастырады. Медиатор қылмыстық жауапта өкілеттіктерді асыра пайдаланғаны үшін бола алады.

Дамыған нарықтық экономикасы мен демократиялық режимімен сипатталатын көптеген шет елдердің қылмыстық заңнамасы ұзақ уақыт бойы жеке қызмет саласында жасалған құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті көздейтінін айтып кету керек. Мысалы, Испанияның Қылмыстық кодексіне «Бірлестіктердің мүдделеріне қарсы қылмыстар» деген арнайы тарау енгізілген [5, 125]. Осындай ережелер Германия, Ұлыбритания, Швейцария, Швеция, Дания және басқа да елдердің қылмыстық заңнамасында көрініс тапқан.

Бұл қылмыс құрамының қоғамға қауіптілігі – жекеше медиатор заң бойынша өздеріне берілген өкілеттіктерді өз қызметінің міндеттеріне қайшы және өздері немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда табу және артықшылық алу үшін немесе оларға зиян келтіру мақсатында пайдаланып, өздерінің заңсыз әрекеттері арқылы азаматтардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне немесе қоғамның, мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруінде болып табылады. Елеулі зиян бұл бағалау категориясы болып табылады. Келтірілген зиянның елеулі зиянға жату жағдайының арнайы құқық қорғау органдары нақты жағдайларға, келтірілген зиянның көлеміне, ерекшеліктеріне, зиян шеккен жәбірленушілердің санына, материалдық ерекшеліктеріне, зиян шеккен жәбірленушілер-

дің санына, материалдық жағдайына байланысты анықтайды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне сәйкес осындай қылмыстық құқық бұзушылық үшін медиатор 4 жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айырылу мүмкін. Медиатордың қылмыстық іс-әрекеттері көрінеу кәметке толмаған адамға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қатысты болса, бұл жауаптылықты ауырлатады.

Әрине, медиатордың өкілеттігі шектеулі. Ол судья сияқты нақты шешім қабылдай алмайды және тараптарды өз шешімін орындатуға міндеттей алмайды. Бірақ ол келіссөздердің тиімді жүргізілуіне барынша көмектеседі және оларды қажетті арнаға бұра алады. Делдалдың осындай іс-әрекеттері өкілеттіктерін асыра пайдалынған жағдайда материалдық немесе моральдік зиян келтіре алады.

Қазақстан Республикасында медиация институтын дамыту үшін кәсіпқой медиаторларды даярлау, медиаторлардың қызметіне мемлекеттік талдау және мониторинг жүргізу, шетелдік оң тәжірибені талдау және тарату қажет.

Қорыта айтқанда, медиация институтының дамуы мен жетілдіруі медиаторлардың жауаптылық мәселелердің нақты бекітілумен тығыз байланысты. Медиаторлардың кәсіптік этикасы кодексін әзірлеу және қабылдау қажет. Осындай этикалық кодекс медиаторлар не үшін, қандай жағдайда жауап береді және қандай деңгейде істеу керек екендігін анықтайды. Нақты өлшемдерді, адал ниеттік жұмыстың қағидаларын ұсына отырып, осындай Кодекс медиаторлардың беделін де, клиенттердің мүдделерін де қорғайды.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданған «Медиация туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. – 2011. – 8 ақпан. – № 39-40 (26442).
- 2 Аболонин В.О., Брановицкий К.Л., Загайнова С.К. Комментарий к Федеральному закону «Об альтернативной процедуре урегулирования споров с участием посредника (процедуре медиации)». – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 272 с.
- 3 Самигуллин Д.Д. О некоторых аспектах ответственности медиатора // Известия Академии управления. – 2012. – № 5. – С. 69-72.
- 4 Европейский кодекс поведения для медиаторов // <http://mosmediator.narod.ru/index/0-2309>
- 5 Солдатова Л.А. Злоупотребление полномочиями и превышение полномочий: дис. ...к.ю.н. – М., 2002. – 223 с.

#### References

- 1 Zakon Respubliki Kazahstan «O mediatsii». – 28.01.2011 // Egemem Kazakstan. – 08.02. 2011. – № 39-40 (26442).
- 2 Abolonin V.O., Branovitskiy K.L., Zagainova S.K. Kommentariy k Federalnomu zakonu «Ob alternativnoy protsedure uregulirovaniya sporov s uchastiem posrednika (protsedure mediatsii)». – М.: Infotropik Media, 2012. – 272 p.
- 3 Samigullin D.D. O nekotoryh aspektah otvetstvennosti mediatora // Izvestiya Akademii upravleniya. – 2012. – № 5. – 69-72 p.
- 4 Evropeyskiy kodeks povedeniya dlya mediatorov // <http://mosmediator.narod.ru/index/0-2309>
- 5 Soldatova L. Zloupotreblenie polnomochiyami i prevyshenie polnomochiy: dis. ...k.yu.n. – М., 2002. – 223 p.





Даубасова С.Ш.,  
Турашбекова Д.А.

**Экологиялық құқық  
бұзушылықтар бойынша оқиға  
болған жер мен құжаттарды  
қарап-тексерудің тактикалық  
ерекшеліктері**

Аталған мақалада экологиялық құқық бұзушылықтар бойынша оқиға болған жерді қарап-тексеру мен құжаттарды қарап-тексерудің ерекшеліктері қарастырылған. Мақалада автор, экологиялық құқық бұзушылықтар бойынша оқиға болған жердің анықтамасын, көлемін, оқиға болған жердегі қарап-тексеру объектілері мен оларды қарап-тексерудің процессуалдық тәртібін ашады. Сондай-ақ, мақалада экологиялық қылмыстарға қатысты құжаттардың анықтамасын, олардың мәнін және ең бастысы құжаттарды қарап-тексерудің құқықтық тәртібі мен барысы жан-жақты қарастырылып, зерттелген. Мақалада экологиялық қылмыстар бойынша оқиға болған жерді және құжаттарды қарап-тексерудің экологиялық қылмысты ашуға толық тоқталған.

Мақала 2574/МҚ4 «Жаһандану жағдайында экологиялық құқық бұзушылықтарға қарсы түрудің мәселелері (қылмыстық-құқықтық, процессуалдық, криминологиялық және криминалистік аспектілері)» зерттеуі аясында орындалған.

**Түйін сөздер:** экология, қылмыс, құқық бұзушылық, кодекс, процесс, оқиға, тергеуші, тергеу, құжат, қарау, хаттама, қаулы.

Daubasova S.Sh.,  
Turashbekova D.A.

**Tactical features of survey of the  
place of an incident and docu-  
ments on ecological criminal  
offenses**

In this article features of survey and check of a scene, also survey and verification of documents on ecological crimes are considered. In the article the author opens concept, volume of the scene, gives the list of objects of research at survey of meta incident, and also considers a procedural order of carrying out inspection of the scene at ecological crimes. Also in the article concepts and an essence of documents are given, and the most important the normative and legal procedural inspection routine and verifications of documents by consideration of ecological crimes is given. In the article author proves importance of survey and check of a scene, survey and verification of documents on ecological crimes, for disclosure ecological crimes, for attraction guilty to legal responsibility for the committed ecological crimes.

Article is executed within the research 25/74GF4 «The problems of counteraction to ecological offenses in the conditions of globalization (criminal-legal, procedural, criminological and criminalistic aspects)».

**Key words:** ecology, crime, offense, code, process, incident, investigator, consequence, document, survey, protocol, resolution.

Даубасова С.Ш.,  
Турашбекова Д.А.

**Тактические особенности  
осмотра места происшествия и  
документов по экологическим  
уголовным правонарушениям**

В данной статье рассмотрены особенности осмотра и проверки места происшествия и осмотра и проверки документов по экологическим преступлениям. Автор в статье раскрывает понятие, объем места происшествия, дает перечень объектов исследования при осмотре места происшествия, а также рассматривает процессуальный порядок проведения осмотра места происшествия при экологических преступлениях. Также в статье даны понятия и суть документов, а самое главное приведен нормативно-правовой процессуальный порядок осмотра и проверки документов при рассмотрении экологических преступлений. В статье автор обосновывает важность осмотра и проверки места происшествия, осмотра и проверки документов по экологическим преступлениям, для раскрытия экологических преступлений, для привлечения виновного к юридической ответственности за совершенные экологические преступления.

Статья выполнена в рамках исследования 25/74ГФ4 «Проблемы противодействия экологическим правонарушениям в условиях глобализации (уголовно-правовые, процессуальные, криминологические и криминалистические аспекты)».

**Ключевые слова:** экология, преступление, правонарушение, кодекс, процесс, происшествие, следователь, следствие, документ, осмотр, протокол, постановление.

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ  
ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫ-  
ЛЫҚТАР БОЙЫНША  
ОҚИҒА БОЛҒАН ЖЕР  
МЕН ҚҰЖАТТАРДЫ  
ҚАРАП-ТЕКСЕРУДІҢ  
ТАКТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕ-  
ЛІКТЕРІ**

Оқиға болған жерді қарап-тексеру – қылмыстың материалды іздерін тауып және бекітетіндіктен, сонымен қатар құқық бұзушылық жағдайын, оның механизмі мен көлемін анықтайтындықтан ең маңызды тергеу әрекеттерінің бірі. Бұл тергеу әрекеті әрдайым экологиялық құқық бұзушылықтардың барлық түрлері бойынша және барлық жағдайларда жүргізіледі. Қылмыстық – процесстік заңнама қарап-тексерудің келесідей объектілерін қарастырады [1]: оқиға болған жер (220 б. ҚР ҚПК), заттай дәлелдемелер (221б. ҚР ҚПК), мәйіт (222 б. ҚР ҚПК), куәнің, жәбірленушінің, айыптаушының және күдіктінің денесі (223 б. ҚР ҚПК). Тергеуші, ол болмаған жағдайда анықтаушы оқиға болған жерді қарап-тексеру, заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру, адамның мәйітін қарап-тексеру, куәландыруды жүргізеді. Экологиялық құқық бұзушылықтарды тергеу барысында қарап-тексеру объектілері ластану көзі, әсер ету іздері табылған жер, шығарылу жері болып табылады. Заттай дәлелдемелердің қарап-тексеру объектісі ретінде тізімі әралуан, олар жануарлар, құстар, балықтар өліктері, өліп қалған өсімдіктер, қылмыс құралдары мен қарулар, күдіктінің құжаттары және т.б. Бұл санаттағы істер бойынша оқиға болған жерді қарап-тексерудің ерекшеліктеріне қарап-тексеру объектілерінің көптігі, табиғи объектілерге зардап келтірген ластаушы заттардың түрлері, қарап-тексеру аумағының кеңдігі, жасалған қылмыстың жағымсыз салдарының әртүрлілігі жатады.

Бірнеше авторлардың ойынша, қылмыстық-процесстік құқықта оқиға болған жер болып тергеліп отырған оқиға болған жер немесе тергеу басында қылмыс болған жер болып саналған жер табылады. Оның жағымсыз салдар анықталған жер болуы міндетті емес. Сондықтан тергеушінің шынайы оқиға болған жерді анықтауы және қарап-тексеруы нақты қылмыстың тергелуі үшін айрықша мәнге ие. Уақытылы жүргізілген қарап-тексеру тергеушіге оқиға сипаттамасы, тұлғалардың қатыстылығы мен дәлелдеуге жататын өзге де жағдайлары жөнінде анық түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, балықты қорғау инспекциясының қызметкерлерімен суайдынында 960 дана өліп қалған балық табылды, балық денесінде ешқандай жарақат анықталмады, алайда желбезектері мен ауыздары ашық болған. Бұл белгілері бойынша балықтың оттегі жетіспеушілі-

генен өлгенін анықтауға болады. Тергеуші шұғыл коммуналдық тазартқыш ғимараттардың шығарындыларын ағызу құбырларының аймағы және өзен ағысынан 100 м жоғары, 500 м төмен аумағында қарап-тексеру жүргізді. Қарап-тексеру барысында, өзен ағысының жоғарғы жағында өлі балықтар табылмады, ал ағыстың төмен жағында болса 4800 м<sup>2</sup> аумақта өлі балықтар табылды. Сонымен қатар аудандық Коммуналдық-тазартқыш ғимараттар (ары қарай ҚТҒ) қолданыстағы технологиялық ережелерді бұза отырып жабдықталғаны және қызмет етіп отырғаны: екінші биофилтр зақымданған және құрғаған жағдайда болғаны, ағын суларды механикалық тазалайтын екі тұндырғыштың жоқтығы анықталды. Көріп отырғаныңыздай уақытылы жүргізілген қарап-тексеру тергеу әрекеті су объектісінің ластану көздерін анықтауға, сәйкесінше бұл қылмыс үшін жауапты тұлғаларды анықтауға септігін тигізді.

Экологиялық қылмыстарды тергеудің мәселелерімен айналысатын ғалымдар уақытылы жүргізілген қарап-тексеру барысында алынған мәліметтер оған дейін болған оқиғаның болуы мүмкін нұсқаларын тексеріп қана қоймай, жаңа нұсқалар қозғауға тірек болуы мүмкін екенін айтты [2 – 5]. Жоғарыда қарастырылған жағдайда тергеушінің экологиялық ластану көзі туралы қозғаған нұсқасы қарап-тексеру барысында расталды.

Қарап-тексерудің әр түрін жүргізудің ортақ технологиясы болғанмен, өзара тактикалық өзгешеліктерімен ерекшеленеді, ол ережелерді оқиға болған жерді қарап-тексеруға арналған көптеген әдебиеттерден табуға болады [6 – 8].

Кезектілігіне байланысты қарап-тексеру бастапқы (ҚР ҚПК 220-бабы 1-тармағы) және қайта (ҚР ҚПК 220-бабы 9 –тармағы). Қайта қарап-тексеру жүргізу үшін негіздер әр түрлі болуы мүмкін. Келесілері мейлінше көп кездеседі: бастапқы қарап-тексерудің қолайсыз жағдайларда жүргізілуі, бастапқы қарап-тексеру барысында қажетті техникалық құралдардың болмауы, бастапқы қарап-тексерудің толықтылығы, объективтілігі мен ұқыптылығына күмән туындауы, тергеу барысында қайта қарап-тексеру жүргізу қажеттілігін туындататын мәліметтер алу, сонымен қатар прокурордың қайта қарап-тексеру жүргізуге тікелей нұсқауы.

Көлеміне байланысты тергеу қарап-тексеруі негізгі (ҚР ҚПК 220-бабы 1-тармағы) және қосымша (ҚР ҚПК 220-бабы 18-тармағы) деп бөлінеді. Қосымша қарап-тексеруде тергеуші оның алдында зерттелмеген аумақтар мен объектінің

элементтерін қарап-тексереді. Экологиялық қылмыстарды тергеу ерекшелігі айтарлықтай көп жағдайда қайта және қосымша қарап-тексеру жүргізу қажеттілігінде. Келтірілген мысалда тергеушіге екі қосымша қарап-тексеру жүргізу қажет болды.

ҚР ҚПК 220-бабының 1-тармағына сәйкес қарап-тексеру бұған қажеттілік туындаған кезде, кейінге қалдырылмай жүргізіледі.

ҚР ҚПК 375, 378-баптарына сәйкес сот талқылауы барысында сот заттай дәлелдемелерді және жергілікті аумақты қарап-тексеру алады.

Қоршаған ортаны ластау фактісі анықталғаннан кейін бірден жасалған әрекеттің іздері сақталғанда оқиға болған жерді және өзге де объектілерді қарап-тексеруді жылдам жүргізу жөнді. Дәл соның нәтижесінде болған жағдай, іс-әрекеттер, ерекшеліктер туралы іс бойынша маңызды мағлұматтар жинауға мүмкіндік береді, егер де мәселе 1 және 2 топтағы қылмыстар жайында болса, ластану көлеміне және оның салдарына баға беруге болады. Криминалистикалық әдебиеттерде негізгі (жалпы) және жеке мәселелерді атап көрсетеді. Барлық оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында келесідей негізгі мәселелерді шешу мүмкін: экологиялық қылмыстың материалдық іздерін табу, бекіту, алу және зерттеу; жедел іздестіру шаралары мен тергеу әрекеттерін жүргізу үшін нұсқалар қозғау мақсатында ақпараттар анықтау; жедел-іздестіру шаралары үшін кідіріссіз іздер бойынша ақпарат алу; қылмыс оқиғасының немесе оның құрамдас бөліктерінің механизмін анықтау; іздердің пайда болу үрдісін анықтау; қылмыс жасауға септігін тигізуші жағдайларды анықтау; келтірілген залалға болжамды бағалау.

Жеке мәселелер сипаттамасы қылмыс түріне, нақты қылмыс жағдайларына, тергеу жағдайларына және т.б. жағдайларға байланысты. Жеке мәселелерді шешу объективтік және субъективтік факторларға тәуелді. Оқиға болған жерді қарап-тексеру нәтижесінде қылмыс ашылған кездер аз емес. Оқиға болған жерді қарап-тексеруге қатысушы тұлғалар тергеуші, криминалист-маман және өзге де мамандардың тұлғалық ерекшеліктерінің де маңызы мен мәні аз емес. Тергеушінің қарап-тексеру кезінде алдына қойған сұрақтарды шешуге талпынысы қаншалық көп болса, қарап-тексеру аяғында оның жұмысы оң нәтижелі болатындығын тәжірибе көрсетті. Мысалы, аққуларды жаппай өлу фактісі бойынша тергеуші бірден қай мекемеден шығарылған химиялық заттар салдарынан оқыс оқиға орын алғаны туралы ой түйіндеп,

күмәндәнді, сол мекеме аумағын қарап-тексеруге бригадалық топ жіберіліп, химиялық заттар шығарындыларының іздері табылды.

Осылайша, 1 және 2 топтағы қылмыстар бойынша қарап тексеруге келесідей объектілер жататынын атап өтуге болады:

– ластанған, бұзылған қоршаған орта аумақтары (суайдындары, өзендер, жағажайлар, ластанған атмосфера аумағындағы жерлер және т.б.),

– жарамсыз болып қалған объектілер (өлі балықтар, жануарлар, уланған ауылшаруашылығы өнімдері және т.б.)

– тазартқыш құрылғылар, тұндырғыштар, жинақтауыш көлшіктер, өзге де түрлі мекемелердің зиянды шығарындылары мен құбырлар жүйесін залалсыздандыру және тазалау құралдары;

– өндірістік аумақтар (вместе с помещением);

– қоқыс тастағыш жерлер, зиянды заттарды сақтау, шығарындыларды шығару жерлері;

– өндірістік қоқыстарды шығаруға арналған көлік құралдары, және т.б.

Бұл қылмыстың көлемділігін ескере отырып жалпы және деталды қарап-тексеруге сатыларға бөлген жөн. Бірінші сатыда тергеуші оқиға болған жерді :

А) оқиға мәніне баға беру, қылмыс белгілерін анықтау;

Б) қарап-тексеруге жататын аумақты, негізгі аумақтар мен қарап-тексеру объектісін анықтау;

В) қажеттілік туындаған жағдайда, оқиға болған жерді қорғау бойынша қосымша шаралар қолдану мақсаттарында қарап-тексереді.

Жалпы қарап-тексеру сатысында оның шегіне, оқиға болған жердің орталық және перифериялық аймақтардың болуына байланысты қарап тексеру тәсілдерін таңдайды. Орталық аймақ (орта) – бұл ең алдымен, ластанудың көзі немесе одан өзге зиянды әсер ету (тазартқыш құрылғылар, қоқыс тастайтын жерлер). Оның айналасында кейде айтарлықтай қашықтықта орталық себепті байланысқан перифериялық аймақтар орналасуы мүмкін. Оқиға болған жердің орталық аймағы жалпылама, ал перифериялық аймақтар таңдамалы қарап-тексеруге жатады. Егер ластанудың көзі белгілі болса, қарап-тексеруді сол жерден бастап, эксцентриялық әдіспен орталықтан периферияға қарай қозғалу тиімді. Егер де ластану көзін анықтау мүмкін болмаса, зардап шеккен аймақтан концентриялық әдіспен перифериядан орталық аймаққа қарай қарап-тексеру жөн. Осылай,

мал жайылым жерлерінің мұнай өнімдерімен ластану фактісі бойынша оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында жердің жоғарғы қабатын алу жұмыстары жүргізілді. Ластану көзі белгілі болғандықтан, тергеуші құбырдың көп көлемде мұнай аққан кесіндісін қарап-тексерді. Құбыр кесіндісінде 1 ден 5 ммге дейінгі тереңдікте зақым болған. Зақым құбырдың біртұтастығын бұзғандығы тікелей ластанудың көзі болып табылды.

Ластаушы заттардың төтенше шығарылатын жерлерді қарап-тексеруге, егер ластану көзі белгілі болса, объект өкілдерін (жекелей алғанда, техникалық директорды, қоршаған ортаны қорғау бойынша аға инженерді), ластануға тікелей немесе жанама түрде қатысы бар тұлғаларды шақырту қажет.

Одан ары қарай оқиға болған жерді қарап-тексеру жекеленген аумақтар бойынша жүргізіледі, олардың қатарына ластану орындары, құбырлар, ағын сулар, тазартқыш құрылғылар, тұндырғыштар және т.б. Ең дұрысы қарап-тексеруді ластану іздері табылған жерден бастап, қалыптасқан жағдайды, қарап-тексерудің белгіленген аймақтарының маңыздылығы мен өзара байланыстылығын есепке ала отырып жан-жаққа қарай кеңіте отырып жүргізген жөн. Ластану кеңістігіне қарай белгілі-бір ортадан (судан, жер қыртысынан, ауадан) үлгі-заттар жинау (маманның көмегімен) қарап-тексерудің осы түрінің ерекшелігі болп табылады.

Құжаттарды жинау және қарап-тексеру. Тергеуші қажетті барлық құжаттарды алу, тінту және өзге тергеу әрекеттері арқылы, соның ішінде мекемеден (ұйымнан) талап ету арқылы ала алады. Істерді тергеу үшін маңызды ақпарат бар негізгі құжаттарды келесідей топтастыруға болады:

1) экологиялық қорғау мәселелері бойынша тергеу үшін маңызды ақпараттары бар нормативтік актілер, осы саладағы өндіріске қолданылатын Заң негізінде құрастырылып жатқан нормативтік актілер;

2) суайдындары, өзендер, атмосфера мен жерді ластаушы заттардың шектелген зиянсыз концентрациясын және атмосфералық ауа, өзге де орталарға зиянды физикалық әсер етудің шекті деңгейін белгілейтін нормативтер;

3) нақты ұйым, мекемелердің қалыпты қызметін реттеп, өндірістік, соның ішінде табиғатты экологиялық қорғау саласындағы мәселелерді шешуді қамтамасыз ететін құжаттар (ереже, нұсқау, сілтеме, бұйрық, мемлекеттік есептілік материалдары және т.б.) құжаттар

4) нақты мекемедегі техникалық-ұйымдастырушылық режимдегі жұмысты, тазартқыш және онымен байланысты құрылғылардың техникалық жағдайын сипаттайтын құжаттар (жедел-өндірістік және санитарлық-лабораториялық журналдар, мекемені зерттеу актілері, тазартқыш құрылғылардың паспорттары, анықтамалар, қадағалау органдарының нұсқаулары, қоқыс тасымалын қамтамасыз етуші көлік мекемелерінің жол қағаздары, зиянды шығарындылар мен

улы шикізат шығару, сақтау, қайта өңдеу туралы ақпараты бар өзге де құжаттар);

5) тергеліп отырған оқиға себептері мен жағдайларын бекітуші ведомстволық құжаттар (экологиялық бақылау органдарының ластану жағдайларын тексеру материалдары, жәбірленушілердің сот-медициналық куәландыру актілері, өлген балықтың, ауылшаруашылық өнімдерінің көлемі мен құны туралы қорытынды, талап-арыздар, шығындар бойынша құжаттар және т.б.)

### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының қылмыстық процесуалдық кодексі 04 шілде 2015 ж
- 2 Северин В.А. Личность преступника, совершившего халатность в сфере промышленного производства // Вопросы борьбы с преступностью. 1986. Вып. 44. – С. 34-37.
- 3 Ратинов А.Р. Личность преступника проблема и ценности. // Вопросы борьбы с преступностью. 1978. Вып. 29. – С. 101-113.
- 4 Омаров А.М. Руководитель: размышления о стиле управления. // Вопросы борьбы с преступностью. 1986. Вып. 44.
- 5 Подголин Е.Е., Рохлин В.И. Методические рекомендации по расследованию преступных загрязнений водоемов и воздуха. – Л., 1979. – 85с.
- 6 Шаламов М.П. Осмотр места происшествия: Учеб. пособие по спецкурсу. – М.: 1966 – 60 с.
- 7 Порубов Н.И. Криминалистическая тактика и ее роль в раскрытии преступлений: Лекция. – Минск, 1983 – 87 с.
- 8 Бахин В.П., Когамов М. Ч., Карпов Н. С Допрос на предварительном следствии (уголовно-процессуальные и криминалистические вопросы) – 2-е изд. – Алматы: Жеті жарғы, 2004 – 208с.

### References

- 1 The criminal code of the Republic of Kazakhstan from June 04, 2015
- 2 Severin V.A. The personality of the criminal who made negligence in the sphere of industrial production//Questions of fight against crime. 1986. Rel. 44. Page 34-37.
- 3 Ratinov A.R. Identity of the criminal problem and values.//Questions of fight against crime. 1978. Rel. 29. Page 101-113.
- 4 Omarov A.M. Head: reflections about management style.//Questions of fight against crime. 1986. Rel. 44. Page.
- 5 Podgolin E.E., Rokhlin V. I. Methodical recommendations about investigation of criminal pollution of reservoirs and air. – L, 1979. – 85 p.
- 6 Shalamov M.P. Inspection of the scene: Manual on a special course / M.: 1966 – 60p.
- 7 Porubov N. I. Forensictacticsanditsroleintheopening of crime: Lecture. – Minsk, 1983 – 87p.
- 8 Bakhin V.P., Kogamov M. Ch., Karpov N. About interrogation on preliminary investigation (criminal procedural and criminological questions) – the 2nd prod. – Almaty: Zhetizhargy, 2004 – 208p.



Дузбаева С.Б.,  
Ақболатова М.Е., Таубаев Б.Р.

**Причины совершения  
преступлений  
несовершеннолетними**

В статье кратко характеризуются причины совершения преступлений несовершеннолетними, а также приводится решение задачи по пресечению и предупреждению преступности среди несовершеннолетних. Автор статьи проводит анализ факторов, приводящих к преступности несовершеннолетних и считает, что одной из самых актуальных и социально значимых задач, которые стоят перед нашим государством, является поиск снижения роста правонарушений среди несовершеннолетних.

**Ключевые слова:** уголовная ответственность, уголовное правонарушение, несовершеннолетние, уголовное законодательство.

---

Duzbayeva S.B.,  
Akbolatova M.E., Taubayev B.R.

**The reasons for committing the  
crime by minors**

This article briefly describes the reasons for the commission of crimes by minors, as well as the task of combating and prevention of juvenile delinquency. The author analyzes the factors that lead to juvenile crime, and considers it one of the most important and socially significant problems facing our country the search for reducing the growth of juvenile delinquency.

**Key words:** criminal liability, criminal offenses, juvenile criminal law.

---

Дузбаева С.Б.,  
Ақболатова М.Е., Таубаев Б.Р.

**Кәмелетке толмағандардың  
қылмыс жасаған себептері**

Бұл мақалада кәмелетке толмағандардың қылмыстары қысқаша сипатталады, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмысқа қарсы күрес және оның алдын алу шешімі талданады. Автор кәмелетке толмағандардың қылмысқа әкелуі факторларды талдайды, және ол біздің еліміздің алдында тұрған ең маңызды және әлеуметтік маңызды мәселелердің бірі деп санайды, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс өсуін азайтудың жолы болып табылады.

**Түйін сөздер:** қылмыстық жауаптылық, қылмыстық құқық, кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқығы.



## **ПРИЧИНЫ СОВЕРШЕНИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЙ НЕСО- ВЕРШЕННОЛЕТНИМИ**

В Республике Казахстан на сегодняшний день преступление среди несовершеннолетних является актуальной проблемой. Согласно Уголовному Кодексу Республики Казахстан несовершеннолетними признаются лица, которым во времени совершения преступления исполнилось четырнадцать, но которые не достигли восемнадцати лет. Преступность среди несовершеннолетних приводит к дестабилизации в обществе, так как чаще всего носит групповой характер. Согласно Конституции Республики Казахстан осуществление прав и свобод человека и гражданина не должно нарушать прав и свобод других лиц, посягать на конституционный строй и общественную нравственность [1]. Автор считает, что именно преступления среди несовершеннолетних является существенным нарушением общественной нравственности и дестабилизации в обществе. По данным Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан [2], ежегодно выявляются около восьми тысяч несовершеннолетних, совершивших преступления, из них почти половина привлекается к уголовной ответственности. За последние восемь лет по республике в Центры временной изоляции, адаптации и реабилитации несовершеннолетних помещены за безнадзорность и беспризорность более семидесяти тысяч несовершеннолетних. К тому же следует учесть, что участились случаи применения несовершеннолетними холодного и огнестрельного оружия, их жестокость и садизм при совершении преступлений против личности. Как показывает статистика, что, как правило, высокий процент преступников приходится на так называемые неблагополучные семьи.

Причиной преступного поведения несовершеннолетних является криминогенная мотивация типа преступного поведения, имеющая специфическую стремления к самоутверждению обществе, которая в последующем перерастает в наглость, грубую откровенность, пренебрежение нормами морали и нравственности, порождающее групповые изнасилования и хулиганство, стремление к завоеванию авторитета, не отличая преступные методы от непроступных, причем чаще таких, которые связаны с открытым пренебрежением опасностью, с риском, применением силы, а также причинение вреда здоровью и совершение

убийств из хулиганских побуждений. Также причиной являются внешние факторы, которые непосредственно способствуют совершению преступления. Такие как целенаправленное вовлечение подростков в преступную деятельность. Они, способствуют совершению разных типов преступного поведения, которые воздействуют не только на несовершеннолетних, но и на взрослых людей. На ребенка самое пагубное влияние оказывает снижение уровня жизни семьи, в которой он воспитывается. Именно несовершеннолетние – это самая уязвимая часть общества. Неблагополучные семьи являются источником преступности несовершеннолетних. В таких семьях процветает насилие, в особенности к детям. Увеличение числа случаев жестокого обращения с детьми в семьях приводит к вытеснению их на улицы, что и сподвигает их к совершению преступления. Одновременно, можно отметить, что преступность среди молодежи и несовершеннолетних обуславливается многими факторами, среди которых выделяются постоянно изменяющиеся условия социальной среды и субъективные свойства личности преступника: биологические, физиологические, генетические. Стоит подчеркнуть то, что среди несовершеннолетних преступников, преобладают лица мужского пола. Это объясняется, прежде всего в среде, в которой развивается личность, условий нравственного формирования в которой он вырос, в разнице в характере и соотношении типичных конфликтных ситуаций. Но в последние годы наблюдается расширение круга и количества преступлений, которые совершают несовершеннолетние представительницы женского пола, которые занимаются проституцией, чрезмерно употребляют алкоголь и ведут противоправный образ жизни, неизбежным следствием чего является преступное поведение. Исходя из этого, возрастает число заранее организованных, групповых преступлений, такие как: вымогательство, грабежи в целях наживы и завладения чужим имуществом. Часто несовершеннолетние участвуют в террористических актах, организациях массовых беспорядков, взрывов. В таком случае, если преступное поведение не будет своевременно пресечено, то потенциальная возможность совершения несовершеннолетними лицами в будущем еще более опасных преступлений будет неизбежно возрастать. Поскольку несовершеннолетние, достигшие четырнадцати лет в достаточной мере могут отдавать отчет своим действиям и осознавать их общественную опасность, но даже, несмотря на это всё же идут

на совершение различных преступлений, при этом сохраняя возможность поступить по-другому, то они вполне обоснованно могут и должны привлекаться к уголовной ответственности. Законодательством предусмотрены особые условия установления видов наказания для несовершеннолетних, назначения им наказания, освобождения их от уголовной ответственности. Согласно статье 83 Уголовного Кодекса Республики Казахстан [3]:

1. Несовершеннолетний, совершивший уголовный проступок или преступление небольшой тяжести либо впервые совершивший преступление средней тяжести, может быть освобожден судом от уголовной ответственности, если установлено, что его исправление возможно без привлечения к уголовной ответственности. При этом к нему могут быть применены принудительные меры воспитательного воздействия.

2. Несовершеннолетний, впервые осужденный за совершение уголовного проступка или преступления небольшой или средней тяжести, может быть освобожден судом от наказания, если будет признано, что его исправление может быть достигнуто путем применения принудительных мер воспитательного воздействия.

3. Несовершеннолетний, впервые совершивший тяжкое преступление, не связанное с причинением смерти, может быть освобожден судом от уголовной ответственности.

В соответствии со ст.80 Уголовного Кодекса РК за совершение уголовного правонарушения уголовная ответственность несовершеннолетних предусмотрена с 14 лет за такие преступления как: убийство, умышленное причинение тяжкого вреда здоровью, изнасилование, хулиганство, кража, грабеж, разбой, вымогательство, акт терроризма, заведомо ложное сообщение об акте терроризма, вандализм, надругательство над телами умерших и местами их захоронения [4].

Что касается предупреждений преступлений несовершеннолетних, с одной стороны – это защита прав и интересов несовершеннолетних, ослабление негативного влияния дисфункции институтов социализации, а с другой стороны – защита общества от правонарушений и преступных посягательств несовершеннолетних.

Таким образом, причины правонарушения среди несовершеннолетних связаны с социальными, психологическими и другими особенностями. В целях минимизации совершения преступления несовершеннолетними необходимо тщательное изучение их причин на совершение преступлений, определение основных

мер и мероприятий, опираясь на которые, на практике можно было бы добиться поставленных целей, выработка рациональных методов организации, контроля и определения эффекта индивидуального профилактического воздействия исправления и перевоспитания несовершеннолетнего либо изменение его криминогенной ориентации.

Подытоживая сказанное, хотелось бы отметить, что преступность несовершеннолетних при значительных масштабах распространения требует решительных, энергичных и целенаправленных мер по ее предупреждению. Для этого следует постоянно совершенствовать фор-

мы и методы работы органов внутренних дел, обеспечивать должным образом их приоритетное кадровое пополнение и материально-техническое снабжение. Задача состоит прежде всего в снижении уровня преступности несовершеннолетних, недопущении влияния несовершеннолетних преступников на других подростков и пополнения ими рядов взрослых преступников-рецидивистов. В решении этой и других задач важная роль принадлежит мерам общей и индивидуальной профилактики, применяемым органами внутренних дел в целях устранения причин и условий, способствующих преступлениям несовершеннолетних.

#### Литература

- 1 Конституция Республики Казахстан//30.08.95 // <http://www.constitution.kz>
- 2 Интернет-ресурс: <http://prokuror.gov.kz/rus>
- 3 Уголовный Кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.08.2015 г.)
- 4 Интернет-ресурс: <http://pravstat.prokuror.kz/rus/sub/news/>

#### References

- 1 Konstitucija Respubliki Kazahstan//30.08.95 // <http://www.constitution.kz>
- 2 Internet-resurs: <http://prokuror.gov.kz/rus>
- 3 Ugolovnyj Kodeks Respubliki Kazahstan ot 3 ijulja 2014 goda № 226-V (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 02.08.2015 g.)
- 4 Internet-resurs: <http://pravstat.prokuror.kz/rus/sub/news/>

Бисенғали А.  
**К вопросу о предупреждении  
преступности мигрантов**

Меры предупреждения преступности мигрантов занимают важное место в системе мер противодействия данному явлению. В данной статье автор рассматривает общие вопросы предупреждения преступности мигрантов. Автором проведено комплексное исследование данного вопроса в целом.

Статья выполнена в рамках исследования 25/82ГФ4 «Уголовно-правовые и криминологические меры предупреждения криминальных последствий незаконной миграции».

**Ключевые слова:** предупреждение, преступность, мигрант, миграция, преступление.

---

Bisengaly L.  
**On the issue of the prevention of  
criminality of migrants**

Precautions against the criminality of migrants play an important role in the system of countermeasures to this phenomenon. In this article the author reviews general issues of prevention of criminality of migrants. The author conducted a comprehensive study of the issue in general.

Article is executed within the research 25/82GF4 «Criminal-legal and criminological measures of the prevention a criminal consequences of illegal migration».

**Key words:** prevention, crime, migrant, migration, crime.

---

Бисенғали А.  
**Мигранттардың  
қылмыстылықты алдын алу  
туралы**

Мигранттардың қылмыстылығынан сақтандыру шаралары осы құбылысқа қарсы тұру шараларының жүйесінде маңызды орынға ие. Аталған мақалада автор мигранттардың қылмыстылығынан сақтандырудың жалпы сұрақтарын қарастырған. Автор арқылы осы сұрақты кешенді зерттеу жүргізілген.

Мақала 25/82МҚ4 «Заңсыз көші-қонның криминалды салдарларынан сақтандырудың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық шаралары» зерттеуі аясында орындалған.

**Түйін сөздер:** алдын алу, қылмыстылық, мигрант, көші-қон, қылмыс.

## К ВОПРОСУ О ПРЕДУПРЕЖДЕНИИ ПРЕСТУПНОСТИ МИГРАНТОВ

Важнейшее практическое значение в борьбе с преступлениями мигрантов имеет предупреждение этих преступлений, как разновидность деятельности, объектом которой является комплекс факторов, обуславливающих либо противодействующих совершению ими преступлений.

Предупреждение преступности – многоуровневая система мер. По уровню предупредительной деятельности профилактические меры подразделяются на меры общесоциального и специального (криминологического) характера. Известно, что общесоциальные меры не ставят своей непосредственной целью профилактику противоправного поведения, они предусматривают решение крупных социальных и экономических проблем жизнедеятельности общества, а в целом – совершенствование общественных отношений. Однако их воздействие «попутно» имеет и антикриминогенный характер, создавая базисные предпосылки ограничения, пресечения преступности.

Специальные меры направлены конкретно на устранение, ослабление, нейтрализацию причин и условий преступности. Применительно к общесоциальным и специальным мерам профилактики выделяется в качестве особого масштаба также индивидуальная профилактика [1, с. 391]. Под индивидуальной профилактикой понимается совокупность взаимосвязанных воспитательных и иных мер воздействия, применяемых к лицу в целях предупреждения совершения им преступлений.

Одной из важнейших задач предупреждения преступности признается выявление и анализ причин и условий, способствующих совершению преступлений.

